Жұмыссыздық – елдегі еңбекке қабілетті тұрғындардың бір бөлігі өзіне пайдалы еңбекпен айналысатын кәсіп таба алмай дағдаратын әлеуметтік-экономикалық құбылыс. Кез келген қоғамдағы экономикалық даму барысында тұтыну тауарларының сұранымы құрылымында және өндіріс технологиясында маңызды өзгерістер болады. Бұл өзгерістер өз кезегінде жұмыс күшіне жалпы сұранымның құрылымын да өзгертеді. Осындай өзгерістерге байланысты кәсіптердің кейбір түрлері азаяды не қысқарады, ал басқа бір түрлері көбейеді. Қоғамдағы жұмыссыздықтың пайда болу себебі жұмыс күшінің осы өзгерістерге баяу ыңғайланатындығына және оның құрылымының нақты жұмыс орнына сай келмейтіндігіне байланысты болады. Жұмыссыздық – барлық қоғамда болып тұратын құбылыс. Нарықтық экономикасы дамыған елдерде, мысалы, АҚШ-та, еңбекке қабілетті тұрғындардың жұмыспен толық қамтылуы жұмыссыздық мүлдем жоқ дегенді білдірмейді. Демек, елдегі тұрғындардың жұмыспен толық қамтылуы – ол елде циклдік жұмыссыздықтың жоқтығын білдіреді. Жұмыспен толық қамтылу кезіндегі жұмыссыздық деңгейі оның табиғи деңгейі болып саналады. Мұндай жағдай елдегі жұмыс күшінің рыноктары теңдестірілгенде, яғни жұмыс іздеушілердің саны бос жұмыс орындарының санына тең болғанда пайда болады. Жұмыссыздықтың табиғи деңгейі қоғамдағы оң құбылыс болып есептеледі. Егер жұмыс іздеушілердің саны бос жұмыс орнынан асып түссе, онда жұмыс күші рыногының тең болмағаны. Екінші жағынан, жиынтық сұраным молайған жағдайда жұмыс күшінің “жетіспеушілігі” сезіледі, яғни бос жұмыс орындарының саны жұмысқа мұқтаждардың санынан асып түседі. Қазақстанда нарықтық экономикаға өту кезеңінде бұрынғы тиімсіз кәсіпорындар мен ауыл шаруашылық мекемелерінің жұмысын уақытша тоқтатып, жабылуына, банкротқа ұшырауына, жекешелендіріліп, қайта құрылуына байланысты жұмыссыздық құбылысы байқалды. 2000 жылы елдегі жұмыссыздар саны 1997 жылғы деңгеймен салыстырғанда біршама (0,2%-ке) төмендеді. Елдегі түбегейлі әлеуметтік-экономикалық реформалар барысында жаңа жұмыс орындары ашылуына, ішкі, сыртқы инвестициялар көмегімен, бірқатар өндіріс ошақтары мен ауыл шаруашылығының жандануына орай, ауылды қайта өркендетудің 3 жылдық бағдарламасына байланысты жұмыссыздық деңгейі де біртіндеп табиғи деңгейге түсе бастады.[1]

Қазіргі таңда біздің елімізде жұмыссыздықты жою мақсатында көптеген мәселелер қарастырылып жатыр. Елімізде жұмыссыздық мәселесі көбінесе жастардың әлеуметтік әл-ауқатына ерекше әсер ететін мәселелердің бірі. Себебі, Қазақстанның болашағы – жастардың қолында! Жастар – ел болашағы. Ал, болашақ бағдарсыз болмайды. Осыны жете түсінген Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев Қазақстан Республикасының Үкіметіне келер жылдың бірінші жартысына дейін «Жастар саясаты» жөніндегі заңды қабылдауды тапсырған болатын. Ал, биылғы жылдың басынан ҚР мемлекеттік жастар саясатының 2020 жылға дейінгі Тұжырымдамасы қабылданды. Жалпы бұл тұжырымдамада жастар арасында мәселелер мен проблемалардың алдын алу және оларды шешудегі нақты басым бағыттар көрсетілген. Баршамызды толғандыратын сұрақ жастардың әлеуметтік сипаттағы мәселелері, яғни ол жұмыссыздық мәселесі, тұрғын үймен қамту, жас буын арасында салауатты өмір салтын қалыптастыру екендігі мәлім. Концепцияда басты назарға осы басымдықтар алынды. Нақтылап айтсам, «Дипломмен – ауылға», «Жастар тәжірибесі», «Қолжетімді баспана», «Жұмыспен қамту 2020 жол картасы» деген бағдарламалар.[2] Егер де жастар, яғни біз, осындай мемлекет тарапынан жасалып жатқан игі істерден қалыс қалмай, жалқауланбай, белсенділік танытсақ, әрине бізге берері өте көп. Мәселе мүлде жоқ деп айтуға келмейді, бірақ ол бірте-бірте шешілетін мәселе. Себебі, қазіргі таңда Қазақстанда жас мөлшері 15-тен 28-ға дейінгі адамдар жастар қатарына жатқызылады. Бүгінгі таңда жастар еліміздің халқының 30% құрап, қоғамның маңызды бөлігі болып табылады. 15-28 жас аралығындағы әрбір қазақстандық жас бала өмірінің маңызды бөлігін жұмыспен қамтылу мәселесі құрайды.

Кесте 1 – ҚР-ның жастары (15-28 жас) 2018 жылдың I-II тоқсанындағы мәлімет

	2018 жыл, I тоқсан	2018 жыл, II тоқсан
Жұмыс күші, мың адам	2 108,4	2 121,2
Жұмыспен қамтылған халық, мың адам	2 024,6	2 038,8
Жалдамалы қызметкерлер, мың адам	1 569,8	1 583,1
Өзін-өзі жұмыспен қамтыған қызметкерлер, мың адам	454,8	455,6
Жұмыссыздар, мың адам	83,8	82,4
Жастар жұмыссыздығының деңгейі, %	4,0	3,9
Ұзақ мерзімді жұмыссыздық деңгейі, %	2,0	1,9
Жұмыс күші құрамына кірмейтіндер, мың адам	1 394,7	1 363,9

*Мәлімет Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің ресми сайтынан алынған www.stat.gov.kz [3]

Қазақстанда 15-28 жастар арасындағы жұмыссыздық деңгейі 2018 жылдың II тоқсанында 3,9% құрады. 2018 жылғы II тоқсанда жұмыссыздар саны 82,4 мың адамды құрады және 2017 жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда 4,2 мың адамға немесе 0,1%-ға қысқарған.

Қазіргі кезде еліміздегі жастардың жұмыссыздық мәселесі біртіндеп шешіліп келеді. Жастарды қолдауға арналған бағдарламалардың барлығы жастардың тұрмысын түзеу үшін қолға алынып отыр. Қазір жастар саясаты саласында әлеуметтік маңызы бар 76 жоба жүзеге асырылып жатыр. Оның ішінде «Дипломмен ауылға», «Жастар отанға», «Жұмыспен қамту -2020» бағдарламалары. Мемлекет басшысының тапсырысымен әзірленген бағдарлама еліміздің еңбек нарығындағы қалыптасқан жағдайды оң шешуге, индустриялық саясатты жүзеге асыру үшін еңбек әлеуетін оңтайлы пайдалануға мүмкіндік береді. Бағдарламаның негізгі мақсаты – тұрақты және нәтижелі жұмыспен қамтуға жәрдемдесу арқылы халықтың табыс деңгейін арттыру болып отыр.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына “Нұрлы жол - болашаққа бастар жол” атты жолдауындағы басым бағыттардың бірі – халықты жұмыспен қамту. Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың жолдауындағы туындаған тапсырмалар мен міндеттерді орындау мақсатында елімізде “Жұмыспен қамту - 2020 жол картасы” бағдарламасы жұмыс істеп келеді. «Жұмыспен қамту – 2020» бағдарламасының басты мақсаттарының бірі – «Жастар тәжірибесі» бағдарламасы арқылы оларды қайта даярлау, білімі мен біліктілігін арттыру, әлеуметтік жұмыс орындарын ашу.[5]

Кесте 2 – Қарағанды қаласы бойынша жұмыспен қамтылған жастардың (15-28 жас) негізгі жұмысындағы экономикалық қызмет түрлері

	2018 жыл, I тоқсан	2018 жыл, II тоқсан
Экономикада жұмыспен қамтылған	131,6	139,2
Ауыл, орман және балық шаруашылығы	2,6	4,8
Өнеркәсіп	27,9	31,6
кен өндіру өнеркәсібі және карьерлерді қазу	11,0	9,9
өңдеу өнеркәсібі	13,1	16,9
электрмен жабдықтау, газ, бу беру және ауа баптау	3,0	2,6
сумен жабдықтау; кәріз жүйесі, қалдықтардың жиналуын және таратылуын бақылау	0,8	2,1
Құрылыс	8,5	10,1
Көтерме және бөлшек сауда; автомобильдерді және мотоциклдерді жөндеу	25,3	21,4
Көлік және қоймалау	7,4	7,0
Тұру және тамақтану бойынша қызметтер	3,2	2,6
Ақпарат және байланыс	3,0	1,6
Қаржы және сақтандыру қызметі	3,4	1,9
Жылжымайтын мүлікпен жасалатын операциялар	2,3	3,4
Кәсіби, ғылыми және техникалық қызмет	1,5	3,3
Әкімшілік және қосалқы қызмет көрсету саласындағы қызмет	3,0	5,1
Мемлекеттік басқару және қорғаныс; міндетті әлеуметтік қамтамасыз ету	16,0	14,1
Білім беру	14,5	15,5
Денсаулық сақтау және әлеуметтік қызметтер	5,6	9,6
Өнер, ойын-сауық және демалыс	4,3	3,9
Өзге де қызметтер түрлерін ұсыну	3,0	3,3
Үй қызметшісін жалдайтын және өзі тұтыну үшін тауарлар мен қызметтер өндіретін үй шаруашылықтары қызметі	-	-
Аумақтан тыс ұйымдардың және органдардың қызметі	-	-
Экономикада жұмыспен қамтылған	131,6	139,2
Ауыл, орман және балық шаруашылығы	2,6	4,8
Өнеркәсіп	27,9	31,6

*Мәлімет Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің ресми сайтынан алынған www.stat.gov.kz

Кестеде жұмыссыздыққа қарсы жүргізіліп отырған бағдарламалар шеңберінде 2015 жылы жұмыспен қамтылған халықтың саны көрсетілген. Берілген көрсеткіштерге сәйкес, жұмыспен қамтылған халықтың 15,5% үлесін 16-24 жастағы жастар құрайды. Соның ішінде әр сала бойынша қарайтын болсақ, ауыл, орман, балық шаруашылығы салаларында көп қамтылғаны байқалады. Сонымен қатар, өнеркәсіп саласында, көтерме және бөлшек саудада, білім беру саласында жұмыспен қамтылғанын көреміз.

Қазақстандағы жұмыссыздықпен күрес шараларының сәттілігі «Жұмыспен қамтудың жол картасы 2020» бағдарламасын жүзеге асырумен тікелей байланысты. Бағдарламада жұмыссыздық деңгейі - 5%-дан көп емес, әйелдер арасындағы жұмыссыздық 5,5%-дан артық емес, жастар арасындағы жұмыссыздық - 4,6%-дан көп болмауы туралы нақты мақсаттар айқындалған, сондай-ақ, жүзеге асырудың нақты бағыттары инфрақұрылымдар мен тұрғын үй-коммуналдық шаруашылықты дамыту арқылы жұмыспен қамту; кәсіпкерлік бастамаларды қолдау және тірек ауылдарын кешенді дамыту; жұмыс берушінің сұранысына сай жұмысқа орналастыру мен көші-кон мәселелері бойынша жәрдемдесу мен оқыту болып белгіленгенін хабарлаған болатын. Осылайша, 2015 жылы «Жұмыспен қамтудың жол картасы 2020» бағдарламасын жүзеге асыру шараларының аясында 167 мың адам жұмыспен қамтылды. Биылғы жылдың басынан бастап 118 мың адам, оның ішінде тұрақты жұмыс орындарына – 97,4 мың азамат, уақытша жұмысқа – 20,7 мың адам жұмысқа орналастырылды.

Қорыта келгенде, әлемде торлап тұрған экономикалық қаржылық дағдарысқа қарамастан, еліміздің күш қуатын, әлеуметтік әлеуетін арттыруға бағытталған елбасының оптимистік ірі жобалары халықтың ертеңгі күнге деген сенімін арттыра түседі, әсіресе, қазақстандықтарды жұмыспен қамту жөніндегі бірінші бағыты, әрбір отбасы үшін маңызды болып табылады. Жұмыспен лайықты қамтуды қамтамасыз ету – халықты әлеуметтік қорғаудың негізі, адам ресурстары әлеуетін дамыту және іске асырудың маңызды шарты, қоғамдық байлықтың артуы мен өмір сүру сапасын жақсартудың басты құралы.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Д. Каттебаев «Жұмыссыздық – нарықтық экономиканың бүгінгі таңдағы негізгі мәселелерінің бірі» // «Заманауи әлемдегі ғылым мен білім». Халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары.– Қарағанды: Болашақ-Баспа РББ. 2015.-2том

2. Л.Ж. Аширбекова, Б.Н. Жакыпбекова «Қазақстан Республикасында жұмыссыздық көлемін азайтудағы әлеуметтік жобалардың рөлі» // ҚазҰУ Хабаршысы. Экономика сериясы. №3 (109). 2015

3. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің [http:// stat.gov.kz](http://stat.gov.kz) сайты

4. Жұмыспен қамту жөніндегі ақпараттық-талдау орталығы <https://iac.enbek.kzs://www.mzsr.gov.kz/ps://www.Назарбаев Н.Ә.Қазақстан>

5. Жұмыспен қамту 2020 жол картасын бекіту туралы заңы. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 5 ақпандағы № 42 қаулысы. <http://adilet.zan.kz/kaz>

УДК 339.9

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ СЫРТҚЫ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ҚАТЫНАСТАРЫ

ТЕЗЕКБАЕВА НУРАЙЫМ.

Орындаған У-31к студенті

Ғылыми жетекші, Джолдаспаева С.Д.

Қазтұтынуодағы Қарағанды экономикалық университеті

Экономика, бизнес және құқық колледжі.

Қазақстан Республикасының сыртқы саясаты белсенділігімен, тепе-теңдік сақтауға ұмтылысымен, прагматизмдігімен, сындарлы сұхбат жүргізуге талпынысымен және көпжақты ынтымақтастыққа бағытталғандығымен ерекшеленеді. Халықаралық аренада мемлекетіміз өзінің тарихи, геосаясаттық және экономикалық факторларына байланысты көп ғасырлар бойы сыртқы саясатын халықаралық ынтымақтастық, көршілес мемлекеттер мен татуластық және олардың аймақтық біртұтастығын құрметтеу принципіне негіз деп жүргізіп келеді. Қазақстанның өзге мемлекеттер мен тең құқылы және екі жаққа да тиімді қарым-қатынас құруға дайындығы оның бүгінгі күні дипломатиялық байланыс орнатқан шет мемлекеттердің санының көптігімен дәлелденіп отыр. 1991 жылы тәуелсіздік алған сәттен бастап, біздің республика әлемнің 130 мемлекетімен дипломатиялық қарым-қатынас орнатты. Көптеген себептерге байланысты Орталық Азия мен Қазақстан аймағы әлем саясатында қазіргі кезде ерекше назарға ие. Қазақстан екпінді даму қарқынының арқасында ірі транснационалдық корпорациялардың, өзге мемлекеттердің үлкен қызығушылығына ие. Бұл түсінікті де, Қазақстан Орталық Азиядағы географиялық сипаты бойынша ең ірі мемлекет болып табылады, оған қоса экономикалық даму қарқыны бойынша біздің мемлекет аймақтағы көшбасшы. Осы ретте еліміздің болашақта даму мүмкіндіктерінің мол екендігін ескере кету керек. Бүгінгі күні қазақстандық сыртқы саясат басымдылығы ең алдымен Ресей, Қытай, АҚШ, ЕО, Орталық Азия аймағындағы көршілес мемлекеттермен, ислам әлемімен тең құқылы қарым-қатынас құруға бағытталып отыр. Бұл тұрғыда 2006 — 2007 жылдары аталмыш мемлекеттер мен және аймақтар мен екі жақты байланыс едәуір алға басты. Ел мүддесіне қатысты бірталай маңызды құжатқа қол қойылған мемлекет басшылығының Вашингтон, Мәскеу, Брюссель, Лондон, Бейжің, Каир, Тегеран, Ташкент, Бішкек және тағы да басқа мемлекеттердің астаналарына ресми сапарларының қорытындылары да осыны айғақтай түсуде. Осылайша мемлекетіміздің әлемнің жетекші державалары мен көршілес ТМД мемлекеттер іарасындағы стратегиялық серіктестігі жаңа деңгейге көтерілді

деуге болады.

Қазіргі кезде Қазақстанның көп ғасырлар бойы туысқандық, мәдени, саяси және экономикалық, қарым-қатынаста болып келген көршілес Орталық Азия мемлекеттерімен ынтымақтастығы ерекше серпін алып отыр. Аймақтың ең ірі мемлекеті ретінде ғана емес, экономикасы едәуір алға басқан Қазақстан аймақ бойынша көршілес елдермен тығыз қарым-қатынас орнатуға қызығушылық білдіруде. Біздің мемлекетіміздің ендігі жердегі қарқынды дамуы аталмыш республикалармен қалыптасатын қарым-қатынаспен де тығыз байланысты. Сол себепті Қазақстан Орта Азиялық Одақ құру идеясын алға тартып отыр. Бұл бірлестікке Қазақстаннан басқа аймақтың Өзбекстан, Қырғызстан, Тәжікстан және Түрікменстан сияқты мемлекеттері де кіруі мүмкін.

Қазақстанның сыртқы саясатының басты бағыттарының бірі Ресеймен қарым-қатынас болып табылады. Бұл мемлекетпен біздің ел көп жылдар бойы тығыз қарым-қатынаста болып келеді. Өзара бөлісіп жатқан мемлекеттік шекараның ұзындығының өзі 7591 шақырымға созылып жатыр. Мемлекетаралық достастық екі бірдей президенттің және екі ел халқының өзара тығыз байланысы арқасында дамып отыр. Қазақстан мен Ресей арасында отын-энергетикалық кешен, көлік және коммуникация, әскери-техникалық және қорғаныс өнеркәсібі салалары бойынша байланыс орныққан. Қазақстан-Ресей қарым-қатынасының біртұтас спектрі көптеген екі жақты құжаттар және келісімдермен реттелуде. Екі жақты қарым-қатынаспен қоса екі бірдей мемлекет аймақтағы әскери-саяси және экономикалық сипаттағы көптеген аймақтық ұйымдар шеңберінде өзара белсенді әрекеттесуде. Сөз тиегі болып отырған Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы, Еуразиялық Экономикалық Қауымдастығы, Шанхай Ынтымақтастық Ұйымы және Ұжымдық қауіпсіздік туралы келісім Ұйымдары. 2012 жылы Қазақстан мен Ресей өзара дипломатиялық қарым-қатынас құрғанының 20 жылдығын атап өтеді.[1, 4 б]

Біздің мемлекетіміздің тағы да бір көршілес елмен қарым-қатынасы серпінді даму үстінде. Бұл - Қытай Халық Республикасы. Жыл сайын екі ел арасындағы тауар айналымы өсіп, экономика, мәдени-гуманитарлық ынтымақтастық салаларында көптеген ірі жобалар жүзеге асырылып отыр. Ұдайы қарым-қатынас арқасында екі ел басшылығының арасындағы байланыс нығайып келеді.

Оған қоса Қазақстанның Америка Құрама Штаттарымен байланысы жылдан жылға нығая түсуде. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаевтың 2006 жылы АҚШ-қа ресми сапары қазақстандық-американдық ара-қатынастың дамуына және нығая түсуіне септік еткен маңызды шара болды. Сапар барысында екі ел арасында болған сындарлы сұхбаттар кезінде қауіпсіздік, терроризммен күрес, энергетикалық саладағы байланыстың дамуы және Қазақстан Республикасындағы жоғарғы технологиялық, инновациялық өндірістерді дамыту процесіне американдық компаниялардың ат салысуы талқыланды.

Қазақстанның ислам әлемімен қарым-қатынасының тереңдей түсуі турасында 2006-2007 жылдар аралығында бұл байланыстың қарқындылығы байқалғанын атап өтуге болады. 2007 жылы ҚР Президенті Н.Назарбаев Мысыр, Иордан, Катар, Сирия, Біріккен Араб Әмірліктерінде ресми сапармен болып қайты. Ал Қазақстанға Мысыр Президенті Х.Мубарак және Иордания королі Абдалла II келді. Бұның бәрі біздің еліміздің және ислам мен араб әлемі арасындағы қарым-қатынасының жаңа деңгейге көтерілгендігінің бірден-бір белгісі болып табылады. Мысалға 2007 жылдың қараша айында Елбасының Сирия Араб Республикасына ресми сапары елеулі оқиға болды. Бұл біздің ел Президентінің араб және мұсылман әлемінде ықпалы зор Сирия мемлекетіне деген алғашқы сапары болды. Бұл мемлекет территориясында Қазақстанның тарихына тікелей байланысы бар ұлы ғұламалар жерленген. Олар қазақ даласынан шыққан бүгінде Дамаскіде жерленген ұлы ғалым, ағартушы Әбу Насыр Әл-Фараби мен аты аңызға айналған қолбасшы, әмірші Сұлтан Бейбарыс. Осы ретте тарихи және мәдени мұраларды әрдайым сақтап, дәріптеген Қазақстанның Дамаскідегі Әл-Фараби кесенесін салуға және Сұлтан Бейбарыстың кесенесінде жөндеу жұмыстарын жүргізуге қаржы бөліп отырғандығы да кездейсоқтық емес. Бүгінгі күні республикамыз әлем ауқымындағы өзекті Батыстың жетекші мемлекеттері мен ислам әлемі арасындағы «Батыс — мұсылман әлемі» диалогын дамыту идеясын алға тартып отыр, әзірше бұл сыртқы істер министрлері деңгейінде жүзеге асуда. Қазақстан аталмыш идеяны әлем діндерін біріктірген және дінаралық сұхбат құруға мүмкіндік берген өзінің халықаралық тәжірибесіне сүйене ортаға салуда. Бұған мысал мемлекетімізде 2003, 2006 және 2009 жылдарда үш рет өткен және халықаралық деңгейде жоғары бағаға ие болған Әлем және дәстүрлі діндер басшыларының съезі. БҰҰ Бас Ассамблеясының 62-і сессиясында сөйлеген сөзінде ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаев болашақ съездің БҰҰ аясында өткізілуі туралы ұсыныс жасады. [2, с 25]

Соңғы жылдары Қазақстан Еуропа Одағына мүше елдер арасындағы қарым-қатынас едәуір алға басты. Бұл ретте мемлекетіміздің ЕО-мен «ЕО үштігі — Орталық Азия елдері» диалогы шеңберіндегі ара-қатынасын атап өту қажет. «ЕО үштігі — Орталық Азия елдері» аясындағы соңғы кездесу 2007 жылдың көктемінде Қазақстан Республикасының Елордасы Астана қаласында өтті, оның барысында ЕО-ның Орталық Азиядағы 2007-2013 жылдарға арналған стратегиясы талқыланды. Сол жылдың 30 маусымында Берлин қаласында Еуроодақтың Орталық Азияға қатысты Стратегиясының тұсаукесер рәсімі өтті. Демократиялық реформалар нәтижесінде қол жеткізілген Қазақстанның саяси, экономикалық жетістіктерін халықаралық қауымдастықтың мойындауы және әлемдегі энергетикалық қауіпсіздікті қамтамасыз етудегі біздің республиканың ықпалының өсуі мемлекет басшысы Н.Ә. Назарбаевтың ТМД Төрағасы ретінде 2006 жылы Санкт-Петербургте өткен G-8 саммитіне қатысуға мүмкіндік берді. Саммит аясында Н.Ә. Назарбаев әлемдік және аймақтық державалардың басшыларымен кездесіп, олармен болған сұхбат барысында екі жақты және көпсалалы ынтымақтастыққа байланысты көптеген мәселелерді талқылады.

Республиканың сыртқы саясаты стратегиясында бұрынғы кеңес кеңістігінде болып жатқан

интеграциялық процестер ерекше орынға ие. Біздің мемлекет бұрынғы КСРО республикаларының басым бөлігін бірлестірген Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығын сақтап, оны дамыту турасында біршама іс атқаруда. 2006 жылдың мамыр айынан бастап 2007 жылдың қазан айына дейін Қазақстан ТМД-да төрағалық етіп Достастықтағы интеграциялық процестердің дамуына жаңа серпініс берді. Төраға ретінде Қазақстан ТМД ұйымының жалпы тиімділігін арттыру мақсатында Достастықты реформалау бойынша Концепцияны жасап, ТМД мүше басқа елдердің талқылауына салды. 2007 жылдың қазан айында Душанбеде өткен ТМД саммиті барысында аталмыш Концепция қабылданды. 2007 жылдың маусым айында Санкт-Петербургте өткен Достастыққа мүше мемлекеттер басшыларының ресми емес саммитінде Қазақстан Президентінің ұсынысы республикамыздың ТМД ұйымының қажеттілік деңгейін арттырудағы тағы да бір айтарлық қадамы болды. Қазақстан басшысы ендігі жерде Достастық көшбасшылары жылына бір көкейкесті мәселені қарастыруды ұсынды. Бірінші болып ТМД мемлекеттерінің бәріне ортақ өзекті мәселе көші-қон тақырыбы қарастырылды. Ал 2008 жылы ТМД Төрағасы ретінде Қазақстан көлік және коммуникация мәселесін талқылауды ұсынды. Бұрынғы кеңес кеңістігінде экономикалық беделі жоғары Қазақстан мемлекеті Еуразиялық Экономикалық Қауымдастыққа мүше жетекші мемлекет болып табылады. Аталмыш Ұйымға Қазақстаннан басқа ТМД-ның бес мемлекеті мүше. Олар Ресей, Өзбекстан, Қырғызстан, Беларусь және Тәжікстан. Біздің республикамыздың экономикалық мүмкіндіктері мен белсенділігі бұл ұйымның даму қарқынына айтарлықтай септік етуде.

Халықаралық қоғамдастықтағы еліміздің позитивті образының қалыптасуы және оның халықаралық мәртебеге ие болуы сыртқы саясатты жүргізудегі республика басшылығының көрегендік шешімдерімен мүмкін болды. Бұл тұрғыда ядролық қаруды таратпау, діни экстремизмге қарсы тұру, әлем діндері арасында толерантты қарым-қатынас құру мәселелерін атап өтуге болады. Осының негізінде еліміз аймақтық және ғаламдық қауіпсіздік мүддесі турасында халықаралық аренаға өз бастамаларымен шығуға мүмкіндік алды. Мысал ретінде Қазақстанның Еуропадағы Қауіпсіздік және Ынтымақтастық Ұйымына (ЕҚЫҰ) бұрынғы кеңес кеңістігіндегі елдердің көшбасшысы ретінде төрағалық етуге 2003 жылы өз кандидатурасын ұсынуын атап өтуге болады. Соңғы жылдары Қазақстан осы мақсатқа қол жеткізуде тиянақтылық пен қажырлық танытты. Төрағалыққа ұсынылған біздің мемлекетіміздің кандидатурасын Қазақстанның халықаралық қауіпсіздік турасында сіңірген еңбегін бағалаған көптеген мемлекеттер қолдады. Қазақстанның ЕҚЫҰ-да төрағалық етуге өз кандидатурасын ұсынуының бір себебі біздің мемлекетіміздің аталмыш ұйымды қазіргі таңда оның кеңестігінде пайда болған әрі көбейіп келе жатқан түрлі қауіпке төтеп бере алатын күшті, әрі тиімді ұйым ету болып табылады. Қазақстанның ЕҚЫҰ төрағалық етуге ұмтылысының қортындысы 2007 жылдың қараша айында Мадрид қаласында өткен ЕҚЫҰ-на мүше мемлекеттердің Сыртқы істер министрлері Кеңесінің қабылдаған шешімі болды. Бұл шешімнің нәтижесінде Қазақстан 2010 жылы ЕҚЫҰ төраға болуда. Мадрид құрылтайының шешімі халықаралық қоғамдастықтың Қазақстанның тәуелсіз мемлекет ретінде соңғы 18 жылда қол жеткізген жетістіктерінің маңыздылығын мойындағанының бірден бір дәлелі болып табылады. Бұл ретте Қазақстанның аталмыш халықаралық ұйымның төрағасы ретінде халықаралық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге бағытталған өзекті мәселелерді шешу турасында бірталай ұсыныс жасай алатындығын айтып кету керек. Қауіпсіздікті қамтамасыз етудегі Қазақстанның салмақты тәжірибесі халықаралық деңгейде үлкен қызығушылыққа ие болып келеді және де ЕҚЫҰ дамуына жағымды серпіліс беретіндігі анық. Өйткені ЕҚЫҰ-на төрағалық ету - бұл Қазақстанның Еуропа қауіпсіздігі аймақтық жүйесіне интеграциялануының, ұйымның бас мүшелерімен жалпы еуропалық өзекті мәселелерді шешу турасындағы тең құқықты сұхбатты жалғастыру мүмкіндігі болып табылады. Қазақстан дипломатиясының ірі жетістіктерінің бірі Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Азиядағы Өзара Ықпалдастық және Сенім Шаралары жөніндегі Кеңесті (АӨСШК) жию идеясының жүзеге асқаны болып табылады. Аталмыш идеяның Қазақстан басшысы 1992 жылдың қазанында айтқан болатын. Бұл кезден бері Қазақстан АӨСШК мүше мемлекеттер басшыларының саммитін 2002 және 2006 жылдары екі мәрте өткізіп үлгерді. Бұл басқосулар халықаралық деңгейде үлкен бағаға ие болды. 2006 жылдың 17 маусымында Алматы қаласында өткен АӨСШК II саммитінде Азиядағы ынтымақтастық пен қауіпсіздік негізгі мәселелерін форум қатысушылары біріге шешетіндігі сипатталған декларация және де аталмыш ұйымның хатшылығы жайлы келісімге қол қойылды. Қазіргі кезде АӨСШК-не азиялық 20 мемлекет мүше, 7 мемлекет және 3 халықаралық ұйым бақылаушы дәрежесіне ие. Аталмыш форумның жұмысы Азиядағы тұрақтылық пен қауіпсіздікті нығайтуға бағытталған, бұл ұйым бейбіт сұхбат және Азия құрлығындағы күрделі геосаясаттық мәселелерді шешу алаңына айналды. ЭСКАТО-ға мүше 62 мемлекеттен 400-ден астам делегат қатысқан Алматы қаласында өткен Азия мен Тынық мұхиты мемлекеттерінің Экономикалық және әлеуметтік комиссиясының (БҰҰ ЭСКАТО) 63-і сессиясы Қазақстан мен бүкіл Орталық Азия үшін маңызды шараға айналды. Бұндай дәрежедегі шара Орталық Азияда тұңғыш рет өткенін атап өту қажет. Қалыптасып келе жатқан халықаралық жағдайда халықаралық және аймақтық ұйымдармен қарым-қатынасты орнату ерекше маңызды ие болып келеді. Олардың басты қызметі қауіпсіздік саласымен байланысты. Осындай ұйымдардың бірі Шанхай Ынтымақтастық Ұйымы болып табылады (ШЫҰ). 2001 жылдан бастап Қазақстан Республикасы Шанхай Ынтымақтастық Ұйымын (ШЫҰ) құру бастамасына ат салысты және де дәл осы ұйым аясындағы қызметі сыртқы саясаттағы негізгі бағыттардың біріне айналды. Қазіргі кезде ШЫҰ Қазақстан, Қырғызстан, ҚХР, Ресей, Тәжікстан және Өзбекстанның басын қосып отыр, ал бұл ұйымдағы бақылаушы мемлекеттерге Моңғолия, Иран, Үндістан және Пәкістан кіреді. ШЫҰ шеңберіндегі диалог арқасында Қазақстан саяси, сауда-экономикалық және гуманитарлық салалар бойынша көптеген мәселелерді шешуге бағытталған сындарлы сұхбат жүргізу мүмкіндігіне ие және де бұл ұйым аясында терроризм, экстремизм және сепаратизммен күресуде күш жұмылдыру мәселелері талқыланады.

ШЫҰ саяси тұрақтылық және қауіпсіздік қамтамасыз етудегі маңызды рөлі оны халықаралық деңгейдегі беделді ұйымға айналуына септік етті.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Жылқышиев Н. Бір партиялық жүйеге, және басқа табынушылыққа қарсымын // Жас қазақ. 2008. 29 шелде. Б.7.
2. Алмонд Г. Азаматтық мәдениет // Әлемдік саясаттану антологиясы. Т.7. - Алматы: «Қазақстан» баспа үйі, 2007.

ӘОЖ 332.012.33

ЖЕРГІЛІКТІ МЕМЛЕКЕТТІК БАСҚАРУ ОРГАНДАРЫНЫҢ ТИІМДІЛІГІН АРТТЫРУ ЖОЛДАРЫ

ТУЛЕУОВА АЙШЫРАҚ

У-31к топ студенті

Ғылыми жетекші, Джолдаспаева.С.Д

ҚҚЭУ экономика, бизнес және құқық колледжі

Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік құрылыс және басқару тәжірибесін рационализациялау мен дамыту теориясында методологиялық негізде жасалған, мемлекеттік басқарудың қазіргі концепциялары аса маңызды рөлдерін атқарады. Бұл жерде мәселе, республикадағы саяси және әлеуметтік-экономикалық құбылыстарды тездетуге арналған, мемлекеттік аппараттың тәжірибелік жұмысының принципіалды жаңа бағыттары туралы. Ел Президентінің Қазақстан халқына жіберген «Қазақстан-2030» бағдарламасында олар, республика дамуының бағыттары ретінде жазылған.

Мемлекеттік басқару органдары, ең алдымен, мемлекеттік басқару қызметін атқаратын күрделі механизмдер жүйесі. Бүгінде, мемлекеттік басқару дегеніміз – адамдардың әлеуметтік қызметі және соның негізінде қалыптасатын қоғамдық қарым-қатынастар деп түсіндіріледі. Ол әлеуметтік ортада жүзеге асырылып, әлеуметтік ортаның ықпалын, әсіресе, қоғамның әлеуметтік құрылымы тарапынан өзіне тигізетін ерекше мәнді ықпалын басынан өткізеді. Бұл орайда, мемлекеттік басқаруды ғылыми тұрғыдан танып-білуде әлеуметтану әдістерінің рөлі барынша түсінікті. Мемлекеттік басқару қоғамның қандай да бір жекелеген саласына ғана қатысты бола алмайды.

Көптеген мемлекеттер өз дамуының белгілі деңгейінде қоғам өміріндегі мемлекеттік және жеке институттардың рөлі туралы ойлана бастайды. Өйткені, мемлекеттік ұйымдар мен жеке құрылымдардың басқару және ұйымдастыру қызметінің арасында елеулі айырмашылықтар бар екеніне күмән жоқ. Мемлекеттік органдар мен оның құрамдас элементтерінің қызметіне ұйымдастыру тұрғысынан талдау жасаудың маңызды мәселелері қарастырылады.

Мемлекеттік органдар дамуының объективтік бағыттары байқалады: бюрократизация, дифференция, кәсібиліктің өсуі. Мемлекеттің әрбір саласына мемлекеттік органдардың ерекше түрлері сәйкес келеді. Осы орайда, мемлекеттік қызметтің маңызы айқындалады: мемлекеттің конституциялық негізде баянды етілетін азаматтардың мемлекеттік органдар мен оның аппаратындағы мемлекеттік басқаруды, басқа да мемлекеттік міндеттер мен қызметтерді атқаруды жүзеге асыратын кәсіптік қызметі.

ҚР-сы Конституциясының ҮІІІ-бөлімінің (85,87-б-дың) нормалары бойынша тиісті аумақтағы істің жай-күйіне жауапты жергілікті өкілді және атқарушы органдар жергілікті мемлекеттік басқаруды жүзеге асырады.

Жергілікті атқарушы органдар ҚР-ның атқарушы органдарының бірінші жүйесіне кіреді, тиісті аумақтың мүддесі мен даму қажеттілігін ұштастыра отырып, атқарушы биліктің жалпы мемлекеттік саясатын жүргізуді қамтамасыз етеді.

Жергілікті атқарушы органдардың қарауына мыналар жатады:

1. Аумақты дамыту жоспарларын, экономикалық және әлеуметтік бағдарламаларын, жергілікті бюджетті әзірлеу және олардың атқарылуын қамтамасыз ету;
2. Коммуналдық меншікті басқару;
3. Жергілікті атқарушы органдардың басшыларын қызметке тағайындау және қызметтен босату, жергілікті атқарушы органдардың жұмысын ұйымдастыруға байланысты өзге де мәселелерді шешу;
4. Жергілікті мемлекеттік басқару мүддесіне сай заңдармен жергілікті атқарушы органдарға жүктелетін өзге де өкілеттіктерді жүзеге асыру.

Қазақстанның бүгінгі әкімшілік реформаларының барысы биліктің, мемлекеттік саясаттың, қоғамдық ой-пікірлердің бірден-бір зейін қояр нысаны болып отырғанын көрсетеді. Тәуелсіздік жариялаған алғашқы кезеңнен бастап, бүгінгі таңға дейін атқарылып келе жатқан оң істер түбегейлі саяси, экономикалық, әлеуметтік, идеологиялық өзгерістер мен реформалар кезеңі деп айтсақ артық етпейді. Мемлекеттік органдар жүйесінің қалыптасуы мен дамуы, мемлекеттік басқару ісіндегі жалпы ілгерілеушіліктер, сондай-ақ, Қазақстанның тәуелсіздігінің негізгі тетігі болып табылады.

Қазақстан Республикасында бірнеше жыл қатарымен мемлекеттік басқару құрылымын оңтайландыру

мен жетілдіру процестері үздіксіз жүргізіліп келеді. Аталған процестердің негізгі мақсаты Қазақстан дамуының ағымдағы және жоспардағы мәселелерін нәтижелі де тиімді шешетін кәсіби үкімет құру болып табылады. Жоғары нәтижелі қызмет атқаратын қазіргі заманға сай мемлекеттік басқару жүйесі мен мемлекеттік қызмет жұмысын қалыптастыру – бүгінде алдыңғы қатарға шығып отырған негізгі мәселелердің бірі деп саналады. Сонымен қатар, Қазақстандағы экономикалық, әлеуметтік және басқа да реформалардың орындалу барысы, қоғамды демократиялық жолмен дамуы, құқықтық мемлекет ретінде қалыптасуы, жалпы елдің тұрақтылығы мен дамуы мемлекетті басқару тетіктерінің жағдайы мен қызметшілердің кәсібилігіне, олардың еңбек нәтижелігі мен бастамашылдығына, ел таңдаған саяси бағыт бойынша қызмет атқаруына байланысты болады.

Мемлекеттік басқару тарихына көз жүгіртер болсақ, XIX ғасырдың соңында көптеген индустриалды дамыған мемлекеттер тиімділік пен өнімділікті анықтауға тырысқан болатын. АҚШ алғашқылардың бірі болып, тиімділікті арттыру мәселелерін қарастырып, оны шешуді қолға ала бастады. Итермелеуші факторлардың негізгісі қоғам мемлекеттік қызметінің, әсіресе, жергілікті деңгейде тиімділік төмендігіне алаңдағаны болды. Көптеген қалаларда жергілікті деңгейде өнімділікті, еңбек нәтижелігін арттыруға бағытталған қозғалыстар жүріп жатты. Кейіннен бұл процесс жоғары мемлекеттік органдар дәрежесіне дейін көтерілді. Осылайша, АҚШ-та жалпыұлттық тиімділік бюросы құрылды.

Стратегиялық мақсаттарға табысты қол жеткізу мен бәсекеге қабілетті дүниежүзінің 50 елдерінің қатарына ену бойынша, басымдықтарды жүзеге асыру үшін, Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевпен 2006 жылдың қыркүйек айында мемлекеттік басқару жүйесін жетілдіруге бағытталған әкімшілік реформалары бастама алды. Елбасы Қазақстан Республикасы Парламенті сессиясының ашылуында «Корпоративті басқару, ашықтық және қоғам алдында есеп беру қағидаттарын шетелдің озық үлгілерін, тәжірибелерін қолдана отырып, мемлекеттік басқаруды жаңғыртуымыз керек» деп атап көрсеткен болатын.

Бүгінде, жылдам өзгеріп келе жатқан әлеуметтік-экономикалық жағдай мемлекеттік органдар алдына XX немесе XIX ғасырмен ауқымы, күрделілігі, кешенділігі жағынан салыстыруға келмейтін жаңа мақсаттар мен міндеттер қояды. Сондықтан, уақыт талабына сай болу үшін мемлекеттік басқару субъектілері басқарудың әдеттегі, дәстүрлі әдістерін қайта құруларды қарастырумен қатар, қызмет тиімділігін, нәтижелігін ұдайы көтеруі тиіс.

Атқарушы билік органдарының қызмет тиімділігін, еңбек нәтижелігі мен олардың жүзеге асыратын мемлекеттік функцияларының сапасын арттыру және мемлекеттік қызметтер көрсету саласы соңғы 10 жыл ішінде елімізде қолға алынған реформалардың басты себебіне айналды. Мемлекеттік қызметтің лайықты деңгейде қызмет етуінде мемлекеттік органдар қызметінің тиімділігі аса маңызды орын алары сөзсіз. Еңбек нәтижелігі мен қызмет тиімділігі арттырылмаған жағдайда ел өміріндегі кез келген саланың, соның ішінде экономикалық жаңарулар, стратегиялық бағдарламалардың жүзеге асырылмайтыны белгілі.

Қазіргі таңда, мемлекеттік органдар мен мемлекеттік қызметшілердің қызмет тиімділігін арттыру бойынша талдаулар мен зерттеулер саны көптеп кездеседі. Тиімділік теориясының дамуына экономика, басқару және мемлекеттік басқару теориялары зор үлес қосады. Алайда, бағалау көп жағдайда көрсеткіштер және аттестациялау түрінде жүргізіліп келеді. Бағалаудың мұндай түрлері мемлекеттік қызметшілер тарапынан ресмилік деп, олардың еңбегіне сай жалақы алуына еш әсерін тигізбейді деп қабылданады. Осылайша, мемлекеттік органдар жұмыс нәтижелігін тиімділігін арттыру, мемлекеттік қызметтің кадрлық әлеуетін қалыптастыру, қолдану мен дамытудың маңызы арта түсті.

Дүниежүзілік тәжірибе мемлекетті басқарудың мінсіз құрылымы ешбір елде қалыптаспағанын көрсетеді. Дегенмен, мемлекеттік билік органдарының қызметін жетілдіру әрбір елдің негізгі мақсаттарының бірі болып табылады. Қазақстанда алдағы кезеңде мемлекеттік органдардың тиімділігі мен еңбек нәтижелігін арттыру бағытында нақты жұмыстар атқарылып келеді. Мемлекеттік органдар қызметін нақты бағалайтын жүйе қажеттігі туындап, оның нәтижесінде Қазақстан Республикасы Президентінің бастамасымен 2010 жылғы 19 наурыздағы №954 Жарлығымен «Орталық мемлекеттік органдар мен облыстардың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органдары қызметінің тиімділігін жыл сайынғы бағалау жүйесі» бекітілді [2, с. 25].

Қазақстанда жүйені әзірлеуге бірқатар алғышарттар әсер етті:

- мемлекеттік органдардың бюджеттік бағдарламаларды іске асыру тиімділігін бағалау мен олар көрсететін мемлекеттік қызмет сапасы арасында өзара байланыс жоқтығы;
- көрсетілетін мемлекеттік қызмет сапасын бағалау мен бақылау жүйесінің болмауы;
- мемлекеттік қызметшілердің қолданыстағы еңбекке ақы төлеу жүйесінің олар көрсететін қызмет сапасын ынталандыру деңгейінің төмендігі. Осыған орай, бағалау жүйесіне сәйкес, мемлекеттік қызметті реформалаудың негізгі мақсаты болып азаматтық қоғам дамуы мүддесін көздей отырып, мемлекеттілікті нығайту таңдалды.

Мемлекеттік органдардың қызмет тиімділігін бағалайтын аталған жүйе орталық мемлекеттік органдар (министрліктер, комитеттер, агенттіктер және т.б.) мен жергілікті атқарушы органдар қызметінің тиімділігін жетілдіру мен жұмысының нәтижелігін арттыру мақсатында әзірленген құжат болып табылады. Жүйені әзірлеу барысында туындаған мақсаттар:

- мемлекеттік органдар қызметі тиімділігін бағалау кезінде отандық және шетелдік үздік тәжірибелерді қолдана отырып, неғұрлым дәл нысандарды, бағалау тәсілдері мен әдістерін таңдау;
- тиімділікті бағалауға қажетті институционалды және нормативті базаны құру арқылы Қазақстан

Республикасының мемлекеттік органдар жұмысының, қызметінің, еңбегінің тиімділігін бағалаудың жалпы кешенді жүйесін қалыптастыру.

Қызметті бағалау жүйесінің басты мақсаты кез келген деңгейдегі мемлекеттік органдар қызметінің тиімділігін бағалау мен міндеттер мен қызметтердің жүзеге асырылуындағы тиімділік көрсеткіштерін анықтау. Елбасының барлық деңгейдегі мемлекеттік органдардың қызметтері тиімділігіне әр жыл сайын бағалау жүргізу жүйесін бекіту арқылы Қазақстан мемлекеттік басқару саласында сапалы жаңа кезеңге аяқ басты. Қазіргі кезеңдегі мемлекеттік органдарды жетілдірудің стратегиялық міндеттеріне келетін болсақ:

– бүгінгі таңда нарықтық бастама мемлекеттің белсенді де жедел араласуын қажет етеді;

– экономикалық және әлеуметтік салалардағы белсенді саясат мемлекеттің рөлін көтеруді білдіреді. Нәтижесінде – бұл қоғамның қажеттілігіне сәйкес, тиімді заңдар мен нормативті-құқықтық актілерді дайындау және орындау;

– мемлекеттік органдар қызметінің тиімділігін арттыру – Қазақстанның болашағын анықтайтын негізгі фактор. Яғни, бұл – маңызды стратегиялық міндет. Сондықтан, бүгін мемлекеттік қызметшілердің және мемлекеттік органның жалпы жұмысының тиімділігін арттыру керек және тиісінше, мемлекеттік ресурстарды ұтымды қолданған жөн;

– мемлекеттік аппараттың жалпы және оның жекелеген буындарының жұмысының тиімділігін арттыру алдыңғы қатарлы ақпараттық және телекоммуникациялық технологияларды ендіруге жағдай жасауы керек [3.с 45].

Мемлекеттік органдар жұмыс нәтижелігін арттырудың халықаралық тәжірибеге жаңадан еніп келе жатқан әдістерінің бірі – АҚШ ғалымдарымен жасалған теңдестірілген көрсеткіш жүйесі. Теңдестірілген көрсеткіштер жүйесін мемлекеттік органдар қызметіне ендіру бір қарағанда жеңіл әрі қарапайым болып көрінгенімен, шын мәнінде үлкен күрделі әрекеттерді талап ететін іс. Әрине, теңдестірілген көрсеткіштер жүйесі мемлекеттік органдардың жұмыс нәтижесін көтеруде, жалпы мемлекеттік басқаруда маңызы жоғары.

Теңдестірілген көрсеткіштер жүйесін мемлекеттік органдарда қолдану стратегиялық менеджмент мен ұйым құндылықтарын басқару жаңалықтарына сай келу емес, жоғары нәтижелерге қол жеткізу үшін ойластырылып жасалған таңдау. Теңдестірілген көрсеткіштер жүйесі, бірінші кезекте стратегиялық жоспарлар мен алға қойылған міндеттерді жүзеге асырудың тиімді құралы.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстанның 2030 жылға дейінгі Даму стратегиясын одан әрі іске асыру жөніндегі шаралар туралы» (2006 жылдың 30 наурызы № 80) Жарлығына сәйкес, нәтижелікке бағытталған стратегиялық жоспарлаудың жаңа жүйесін әзірлеу туралы шешім қабылданды. Жарлыққа сай, әр мемлекеттік орган 2009 жылға дейін өз дамуының 5 жылға арналған стратегиялық жоспарын әзірлеуі тиіс болатын. Мемлекеттік жоспарлаудың жаңа жүйесін енгізудің алғашқы жобасы Қазақстан Республикасының Салық комитетінде жүргізілді. Шараның басты құралы ретінде Қаржы Министрлігі теңдестірілген көрсеткіштер жүйесін қолдануды шешті. Салық комитетінің қызметкерлеріне теңдестірілген көрсеткіштер жүйесі туралы оқытулар жүргізілді. Осылайша, Салық комитеті басқа мемлекеттік органдар ішінде алғашқылардың бірі болып, комитетінің жұмысына стратегиялық жоспарлау жүйесін, ТКЖ картасын, қызметтің негізгі көрсеткіштері мен процесті басқару жүйесін әзірлеуге кірісті.

Теңдестірілген көрсеткіштер жүйесін мемлекеттік органдар қызметіне ендіру мүмкіндіктерін қарастырып көрейік. Қазіргі таңда, Қазақстанда орталықсыздандыру қарқынды жүріп келеді. Орталық мемлекеттік органдардың функциялары жергілікті органдарға берілуде. Жергілікті атқарушы органдар үшін инвесторлар тартуда жаңа мүмкіндіктер пайда болып, олар халықаралық экономикалық, сауда-қаржылық, гуманитарлық байланыстарда дәнекерге айналууда.

Осылайша, көп жағдайда, жергілікті органдар өздері шешім шығарып, оларды іске асыруда қаржы көздерін өздігінше іздестіреді. Әлеуетін экономикалық даму арқылы арттыра алатын қабілеті бар. Теңдестірілген көрсеткіштер жүйесі арқылы мемлекеттік орган басшылығы қызметтің көрсеткіштері жүйесін қалыптастыруға мүмкіндік алады. Олардың жетістігін бақылай алады. Сондай-ақ, мемлекеттік орган өз иелігінде табысын басқаруға тиімді құралды меңгереді.

Қорыта келе, мемлекеттік орган немесе кез келген ұйымда болсын жұмыс нәтижелігін арттырудың қолданыстағы әдіс-тәсілдерімен қоса, доктор Ицхак Калдерон Адизес аталған мәселе бойынша өзінің пікірін білдіреді: «кез келген ұйымда жұмыс нәтижелігін, қызметтің тиімділігін арттырудың басты алғышарты – қызметшілердің өз ісіне деген құрметі мен сүйіспеншілігі болып табылады». Яғни, әр адам өз ісінің маманы болмаса, қызметте де жақсы нәтиже көрсете алмайды деген сөзбен қорытындылағым келеді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. «ҚР Конституциясы» Конституция 1995 жылы 30 тамызда республикалық референдумда қабылданды
2. Махмутова М. «Системы местного самоуправления в Казахстане» -с.507-588. – Библиогр.
3. Арбатов А. «Механизм регулирования развития регионов» - Караганда: Санат-Полиграфия,2008.-446

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ӨЗІН-ӨЗІ БАСҚАРУ МЕХАНИЗМІН ЖЕТІЛДІРУ**ШАЙКЕНОВА З.Ғ.,**ГМУ-31к тобының студенті
Ғылыми жетекші, Ертай Х.Е.,
магистр, оқытушы

Қазтұтынуодағы Қарағанды экономикалық университеті

Біздің қоғамымыздағы экономикалық реформалардың қазіргі құраушы бөлігі болып жергілікті өзін-өзі басқару сферасы табылады.

Экономикалық тұрғыдан қарастырғанда, жергілікті өзін-өзі басқару сферасындағы қайта құрулар ең алдымен, демократия принциптеріне сәйкес келетін, әлемде территориялды қоғамдастықтарды дамытудың бірден-бір жолы ретінде мойындалған, адамдардың жақсы өмір сүру деңгейін қамтамасыз ететін тиімді аймақтық экономика құру қажеттілігіне бағытталған.

Жергілікті басқару – жергілікті өзін-өзі басқару органдарының мемлекеттік істердің маңызды бөліктерін регламенттеу мүмкіндігі және олардың заң шегінде өз жауапкершілігі мен халық мүддесі үшін басқару.

Өзін-өзі басқару – бұл қандай да бір қоғамдық ұйымның автономдық қызмет етуі, бұл берілген ұйымның мүшелері қабылдаған нормлары мен шешімдерімен қамтамасыз етіледі.

Жергілікті өзін-өзі басқару мемлекетте 3 негізгі мақсатты орындау үшін қызмет етеді: мемлекеттік басқаруда орталықсыздандыруды қамтамасыз ету; жергілікті мәнге ие мәселелерді шешудегі демократиялық бағдарларын дамыту және жергілікті істерді жүргізуде тиімділігін жоғарылату. Осыған сәйкес жергілікті басқаруды елдің конституциялық құрылымының негізі, халықтың жергілікті мәнге ие сұрақтарды шешуге қатысу хұқы және халық билігінің формасы деп анықтауға болады.

Бүгінде Республикамызда жергілікті өзін-өзі басқару жүйесін жетілдіру біздің саяси бағытымыздың өзекті тұғырнамасына айналып, бұл орайда оны қайта құрудың әлемдік үлгілері мен үрдістерін саралау мен сараптау жұмыстары дәйектілікпен жүргізіліп отырғаны да тегін емес.

Көптеген дамушы елдердің тәжірибелері көрсетіп отырғандай, жергілікті өзін-өзі басқарудың тұғырнамасын іске асыру кез келген құқықтық мемлекеттегі демократиялық режимнің қажетті құрылымы болып табылады.

Қазіргі уақытта Қазақстан жергілікті өзін-өзі басқару жүйесін құру сатысына қадам басты, сондықтан шетелдік тәжірибелерді талдау мен жинақтауға және солардың негізінде өз еліміздің жергілікті өзін-өзі басқару жүйесін қалыптастыру негізгі мәселелердің бірі болып табылады.

Бітіру жұмысының негізгі мақсаты болып Қазақстан Республикасындағы жергілікті өзін-өзі басқару жүйесінің дамуы және мемлекеттік басқаруды орталықсыздандырудың ғылыми-практикалық және теориялық-методологиялық аспектілерін зерттеу болып табылады.

Қазақстан Республикасындағы экономикалық реформалардың басым бағыттарының бірі мемлекеттік басқаруды орталықсыздандырылу және жергілікті өзін-өзі басқару жүйесін қалыптастыру болып табылады. Мемлекеттік басқарудың орталықсыздандырылуы мен жергілікті өзін-өзі басқару жүйесінің дамуымен барлық экономикалық жүйенің қызмет етуі, елдің экономикалық жағдайы байланысты. Осыған байланысты Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев өзінің жыл сайынғы «Қазақстан-2030» жолдауында: «Министерства ішіндегі орталықсыздандыру, орталықтан аймақтарға және мемлекеттен жеке секторларға орталықсыздандыру» қажеттігі жайында атап өткен. [2]

1. Қазақстан Республикасының тәуелсіздік алған жылдары орын алған мемлекеттік басқаруды айрықша орталықсыздандыру өз міндетін атқарды деуге болады. Бірақ экономикалық тұрақтылыққа жетуге байланысты қазіргі кезде мемлекеттік басқаруды орталықсыздандыру және жергілікті өзін-өзі басқаруды дамыту мәселелері белсенді қарастырылуда.

2. Республика кең аумаққа ие, осыған байланысты ел аймақтары әртүрлі экономикалық потенциалға ие, бұл олардағы табиғи байлықтардың орналасуымен, климат жағдайымен, тағы басқа да жағдайларға байланысты. Сонымен қатар, аймақтардың демографиялық, этикалық және тарихи ерекшеліктері бойынша бөлінеді. Жоғарыда аталған мемлекеттік факторларды ескере отырып, орталықтандырылған стандарттар арқылы әсер ету механизмімен басқарыла отырып, барлық аймақтардың қажеттіліктерін қанағаттандыра алмайды. Мемлекеттік басқару деңгейлерінің арасындағы өкілеттілікті бөліп көрсету қажеттілігі осыған байланысты.

3. Бүгінгі күні жүргізіліп отырған мемлекеттік жергілікті басқару ауыл деңгейіндегі, әкімдер институты – жеткілікті тиімді емес, себебі олар жоғары тұрған әкімдер мен үкіметке тәуелділігі жоғары. Берілген басқару органдары дербес бюджетке ие емес, сондықтан экономикалық дербестікке ие болып табылмайды. Олардың басқарушыларын тағайындау жүйесі әкімдерінің «уақытшалық» психологиясын қалыптастырды, осыған байланысты олардың қызметтері негізінен экономикалық мақсаттылық пен халық қажеттіліктерін қанағаттандыру емес, жоғарғы тұрған органдардың тапсырмаларын орындауға бағытталған. Бұндай жағдайдан шығудың бір жолы болып жергілікті өзін-өзі басқару жүйесін енгізу болып табылады.

4. Мемлекеттік басқарудың тиімді жүйесіне деген жаңа талаптар мемлекеттің басқару жағдайын зерттеу және сонымен қатар Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік басқару жүйесінің, сонымен қатар жергілікті өзін-өзі басқару жүйесінің ғылыми негізделген моделін жасау қажеттілігімен байланысты.

5. Мемлекеттік басқару жүйесінің дамуы және жергілікті өзін-өзі басқару мәселелері бірқатар ТМД елдерінің ғалымдарының еңбектерінде көрініс тапқан. Атап өтсек, А.С.Автономов, Г.Алимурзаев, Е.Г.Анимица, И.А.Василенко, Т.Г.Морозова, А.Н.Швецов, т.б.

6. Сонымен қатар, мемлекеттік басқару және жергілікті өзін-өзі басқару мәселелері Қазақстандық ғалым-экономистердің де зерттеу объектілеріне айналған. Олардың қатарына Я.А.Аубакиров, Ш.С.Ахметова, У.Б.Баймуратов, М.Б.Кенжегузин, К.Е.Кубаев, Н.К.Мамыров, К.С.Мухтарова, К.К.Шарипбаев және тағы басқаларын атап өтуге болады.

Жергілікті өзін-өзі басқару органдарының қаржылық-шаруашылық қызмет сферасындағы дербестігі мен материалдық негізін бекіту үшін және муниципалдық құрылымдардың халқының негізгі тіршілік қажеттіліктерін қанағаттандыру мақсатында мемлекеттің тікелей қатысуы қажет, және ол мыналардан көрінеді:

а) бюджетаралық қатынастарды жетілдіру, муниципалдық шаруашылықты қалыптастыру мен дамыту үшін жағдай жасау;

ә) жергілікті бюджеттердің қалыптасуы мен орындалуы, муниципальдық меншік пен муниципальдық шаруашылықты басқару, кіші және орта кәсіпкерлікті қолдауға бағытталған муниципальдық инвестициялық саясаттың қалыптасуы, сондай-ақ муниципальдық құрылымдар шегінде халыққа қызмет көрсету сферасында бәсекелестік ортаны құру мәселелерін шешуде әдістемелік көмек көрсету;

б) жергілікті өзін-өзі басқару үшін кадрларды даярлау, қайта даярлау және біліктілігін көтеруді қамтамасыз ету.

Соңғы жылдары мемлекеттік құрылымының либерализациясы мен демократизациясы шараларының нәтижесінде жергілікті өзін-өзі басқару институтын қайта жандандыру қажеттілігі туралы пікірлер орын алды. Қоғамдастықтың өзіндік ұйымдастырылуынсыз жоғарғы стандарттар, азаматтық қоғамдастықты қалыптастыру және Қазақстанның бүтіндігін нығайтуды қамтамасыз ету мүмкін емес.

Бүгінгі күндегі Қазақстандағы жергілікті өзін-өзі басқарудың даму этапы күрделі әлеуметтік-экономикалық және саяси мәселелерден хабардар етеді. өтпелі кезеңнің екіжақтылығы мен анықсыздығын, республикадағы көптеген процестердің анықсыздығын білдіреді.

Қазақстандағы демократиялық бастамаларды дамыту үшін халықтың территориялды біртектілігі үлкен орын алады. Жергілікті өзін-өзі басқарудағы зерртеулердің нәтижесінде жергілікті өзін-өзі басқарудың дамыған және ТМД елдеріндегі дамуын қарастыруының да мәні зор.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Конституция РК. 30 августа 1995г.
2. Закон РК о местном государственном управлении.
3. Закон об административно-территориальной структуре Казахстана.
4. Проект закона «О местном самоуправлении».
5. Кубаев К.Е., Местное самоуправление
6. М.Б.Кенжегузин, С.А.Абдуллаев, «Децентрализация государственного управления»
7. Нургалиев К.Р. Экономика Казахстана, Алматы.
8. Децентрализация власти – глобальный шаг в развитии страны//Юридическая газета.
9. Танкиева А. Жергілікті басқару//Қаржы-Қаражат,№3.

УДК 316.485.6

ЦИФРОВИЗАЦИЯ МЕРОПРИЯТИЙ ПО СНИЖЕНИЮ УРОВНЯ КОНФЛИКТОВ НА ПРЕДПРИЯТИИ

ЮРКИВ Е.П.,

студент группы МН-22

Карагандинский экономический университет Казпотребсоюза

Научный руководитель, Курмангалиева Л.А.,

магистр, ст.преподаватель

Карагандинский экономический университет Казпотребсоюза

Текущую деятельность на предприятиях невозможно представить без возникающих время от времени различного рода конфликтов, на разрешение которых тратятся драгоценные человеческие и иные ресурсы, которые могли бы были намного лучше использованы в других направлениях, включая непосредственное выполнение трудовых функций. Поэтому, управление конфликтом от руководителей требует высокой компетентности не только в юридических и организационно-экономических вопросах управления, но и в специальных разделах психологических знаний, которые бы обеспечивали решение задач самоорганизации и

организации рационального взаимодействия людей в условиях, провоцирующих психологическую напряженность и противодействие. [1]

Анализ работы по управлению конфликтами является первым этапом по определению вида конфликта в трудовом коллективе ресторана. В первую очередь было выяснено, ведется ли фиксация конфликтов на предприятии в каких-либо документах. На предприятии не ведется мониторинг и фиксация конфликтов по видам, причинам и последствиям в каких-либо документах.

Директор ресторана, а также сотрудники ресторана стараются следовать определенным условиям по предотвращению развития конфликтов. Самое главное – это создание условий, препятствующих образованию и развитию конфликтных ситуаций. Директор осуществляет наблюдение за работой всех работников и, в случае, когда выясняется, что работник не имеет желания эффективно и качественно работать, ему делают предупреждение либо увольняют.

Отношения в ресторане складываются с помощью уступок, происходит учет не только собственных интересов, но и учет интересов других работников. Готовность пойти на уступки немного сглаживает напряженную обстановку. В случае, когда на оппонента используется давление – это все время вызывает с его стороны сопротивление. Применяется также принцип доброжелательности и ясности. Данное позволяет избежать приписывания своему противнику позиции вражды и смягчить либо нейтрализовать обстановку.

Работники ресторана учатся сдерживать негативные эмоции, управлять собственными реакциями при возникающих разногласиях, но такое не каждый раз получается. С целью достижения нужно проводить как можно чаще корпоративные тренинги.

Система менеджмента качества работает на предприятии по следующим основным направлениям:

Во-первых, описываются и постоянно корректируются процессы, их входы и выходы, риски, которые могут привести к сбоям в процессах, и другие элементы системы. При этом фокус при описании делается на функции, влияющие на желательные выходы процессов и, как следствие, удовлетворенность потребителя. Безусловно, необходимо анализировать и возможные нежелательные выходы процессов и их влияние на конечный результат в системе;

Во-вторых, в работу по улучшению системы менеджмента качества вовлекается весь персонал, каждый на своем уровне;

В-третьих, разрабатывается понятная и прозрачная система управления, которая должна быть связана со стратегией развития компании;

В-четвертых, для улучшения качества менеджмента и продукции, все процессы постоянно совершенствуются;

В-пятых, к решению задач, корректирующим действиям, внедрению улучшений применяют подход, основанный на фактах;

В-шестых, происходит регулярная самооценка и внутренний аудит.

С 01 января 2017 года на территории Республики Казахстан действует новая версия национального стандарта СТ РК ISO 9001 – 2016 «Системы менеджмента качества. Требования» взамен старой версии стандарта СТ РК ИСО 9001-2009 [4].

Для перехода на новую версию стандарта установлены смягчающие условия, то есть, определен переходный период для старой версии стандарта.

Одним из главных вопросов для перехода на новую версию стандарта является обучение персонала.

Что даст сертификация системы менеджмента качества?

- ресурсы предприятия сконцентрированы на удовлетворении потребностей и ожиданий потребителей;
- происходит оптимизация в системе управления;
- получив сертификат по стандарту ISO 9001, у предприятия больше шансов стать предпочтительным поставщиком для крупных компаний международного уровня;
- при правильном внедрении СМК растет конкурентоспособность на рынке.

Сертификация по стандарту ISO 9001 упрочит репутацию торговой марки Вашей компании и может стать эффективным средством продвижения. Она четко демонстрирует всем заинтересованным сторонам, что компания придерживается высоких стандартов и принципов постоянного улучшения.

Для перехода на новую версию стандарта установлены смягчающие условия, то есть, определен переходный период для старой версии стандарта. Одним из главных вопросов для перехода на новую версию стандарта является обучение персонала. Можно сказать, что новая задача в отношении персонала – это превращение наёмных работников в сотрудников. Это один из ключевых вопросов. Наёмный труд существовал на протяжении многих веков. Почему же теперь он перестал нас устраивать? Ответ заключается в том, что изменение природы рынков заставляет нас менять отношения между людьми в процессе производства, в бизнесе.

Таким образом, для совершенствования СМК, повышения ее результативности и эффективности, на предприятиях необходимо комплексное развитие мотивации и в частности экономических стимулов совершенствования СМК, а также методов вовлечения сотрудников в процесс постоянного выявления и решения проблем, стоящих перед предприятием для создания культуры высокого качества. Предлагаются меры по усилению мотивации (заинтересованности) работников предприятия в совершенствовании системы менеджмента качества: на основе методов управления позитивным подкреплением и технологии импринтинга, как механизма развития безусловной мотивации. Мотивационный процесс в системе

менеджмента качества должен выступать как многосторонний процесс, включающий: а) премирование работников за качественный и добросовестный труд; б) социальное стимулирование, основанное на морально-нравственных и социально-психологических ценностях; в) административное мотивирование, связанное с дисциплинарными санкциями и поощрениями.

Список литературы:

1 Послание Президента Республики Казахстан Н. Назарбаева народу Казахстана «Новые возможности развития в условиях четвертой промышленной революции» от 10 января 2018 г.

2. Стекольников П.А. О необходимости внедрения системы менеджмента качества // Стандарты и качество, 2014, №3, с.64

3. Исатаев Н.К. Управление качеством на основе стандартов СТ РК ИСО 9000: Методическое пособие. – Костанай: Консалтинг ПРЭКО, 2011.

4 СТ РК ISO 9001-2016 Системы менеджмента качества Требования.

ӘОЖ 331.108.2

МЕМЛЕКЕТТІК БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІНДЕГІ КАДРЛЫҚ САЯСАТ

БАҚЫТ А.С.,

ГМУ-31К тобының студенті

Ғылыми жетекші, магистр, оқытушы Ертай Х.

Қазтұтынуодағы Қарағанды экономикалық университеті

Егемен ел атанған Қазақстан Республикасы құқықтық мемлекет құру үшін мемлекеттік органдарда кәсібилік, демократиялық қағидаларын ұстану керек. Кәсібилік қағидасына сәйкес мемлекеттік қызметкер кәсіби даярланған маман болуы тиіс. Мемлекеттік қызметкерлердің кәсібилігі және этика мәселесі мемлекет құрылған сәттен бастап әрдайым күн тәртібінде тұратын мәселелердің бірі.

Қазақстан Республикасының Президентінің Жолдауында көрсетілгендей жаңа кадр саясатын жүргізу, [жаңа басқару тобын құру](#), мемлекеттік органдарды еліміздің бүгінгі мен болашағына қызмет жасайтын кадрлар мен қамтамасыз етуді талап етеді.

Кез-келген мемлекеттің даму тарихын зерделеу арқылы оның бәсекеге барынша қабілетті болып қалыптасуы мен жалпы әлеуметтік-экономикалық әлеуетінің артуын қамтамасыз ету тікелей кәсіби білікті мамандарға және оңтайлы жүргізілген кадрлық саясатқа байланысты екенін көруге болады. Осы ретте, біздің елімізде де мемлекеттік кадр саясатының мән-маңызы жоғары, өзектілігі өте ерекше.

Әрбір елдің өзін-өзі басқаруы ұлттық мүддеге қызмет ететін мемлекеттік құрылыс арқылы іске аспак. Біз бүгінде өтпелі кезеңде тұрмыз. Тек елдік бірлік, негізгі тағдырлық мәселелерде өзара түсінушілік қана бізді үдемелік даму жолына алып шығады.

Соңғы жылдарға дейін белгілі себептермен Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік кадр саясаты мәселесі арнайы тақырып ретінде қарастырылмады. Осы себепті кадр саясатының проблемалары мен жетілдіру жолдарына байланысты еңбектердегі тақырыпқа қатысты айтылған қандай да болмасын ғылыми ой-пікірлер мен тұжырымдарды саралап, жаңа деректер негізінде кешенді түрде талдап қарастыру қажеттігі туады [1, 12б.].

Тәуелсіздік жылдары жүріп жатқан әлеуметтік-мәдени процестер және өткен тарихымызды теориялық және методологиялық талдау жасау жағдайында өте өзекті тақырыптардың бірі.

Бүгінгі қоғамдық өмірде жастарға білім мен тәрбие беретін, кәсіби мамандануына жағдай жасайтын мемлекеттік кадр саясатын жүзеге асырудың негізгі механизмдері және оның Қазақстан халықтарының әлеуметтік-экономикалық, рухани-мәдени өмірін деректік материалдар негізінде талдап, олардың теориялық және практикалық тәжірибелерін зерттеудің маңыздылығы тақырыптың барынша өзекті екенін танытады.

Мемлекеттік кадр саясаты – еліміздің еңбек әлеуетін қалыптастыру, дамыту және ұтымды пайдалану жөніндегі жалпы мемлекеттік стратегия. Кадрлардың шағын жүйесі – бір-бірімен күрделі қарым-қатынасқа түсетін адамдар жиынтығы; бұл шағын жүйенің негізін персоналмен жүргізілетін мынадай жұмыстар құрайды: мемлекеттік кадр саясаты, кадрларды жоспарлау, іріктеу, оқыту, негіздеу, дамыту, сапалы жұмыс істеу үшін тиісті жағдайлармен қамтамасыз ету және т.б. Кез-келген қоғамның немесе мемлекеттің ілгері дамуының аса маңызды стратегиялық міндеті адам факторын белсенді ету негізінде қоғамның кадрлық әлеуетін қалыптастыру және оны тиімді пайдалану болып табылады. Аталған міндеттің өзектілігі ең алдымен, оның қоғамдық дамуының тек құралы ғана емес, сонымен бірге түпкілікті мәні екендігімен де тығыз байланысты.

Мемлекеттік кадр саясаты еңбекті, түрлі басқару деңгейлеріндегі персоналды басқару органдары, яғни өз деңгейінде кадр саясатын әзірлейтін ұйымның персоналды басқару қызметтері арқылы жүзеге асырылуы тиіс.

Кадрлық саясаттың негізгі мазмұны мыналар болып табылады: біріншіден, кадрларды жоспарлау, іріктеу және құрылымды жоғары [сапалы кадрлармен жасақтау](#), оларды қызметтен босату (зейнет жасына келу,

жұмыстан шығару), кадрлық ағымды талдау мен тағы басқалар; екіншіден, қызметшілердің кәсіби біліктілігін арттыру мен қайта даярлау, аттестациядан өткізу, кәсіби деңгейін анықтау, қызметте жоғарылауды ұйымдастыру; үшіншіден, кадрлардың еңбекке ынталылығын дамыту, әлеуметтік төлемдер төлеу [2, 14б.].

Мемлекет қоғамның кадр әлеуетін кәсіби дамыту саласында негізгі қағидаттар мен басымдықтар әзірлеуді қамтамасыз ете отырып, кадр саясаты арқылы өзінің мүмкіндіктерін қоғамды топтастыруға, бірыңғай әлеуметтік-мәдени кеңістікті сақтауға, әрбір азаматтың әл-ауқатының өсуіне; қоғамның кадр әлеуетінің қажеттілігін басқаратын субъектілерді экономикалық тұрғыдан ынталандыратын қағидаттар мен тетіктерді әзірлеуге; қоғамды бейкәсібиліктен, білімсіздіктен қорғау үшін құқықтық және ұйымдастырушылық негіздер қалыптастыруға; кәсіби қызмет түрлерімен айналысатын азаматтардың мүдделерін қорғау, оларға кепілдік және өтемақы беру жүйесін құруға; адамға тұруға лайық баспана жағдайларын, олардың қабілеттерін дамыту мен қолдануды қамтамасыз ететін әлеуметтік-мәдени кеңістік құру ету үшін Қазақстан аймақтарына кадр әлеуетін бөлу жөніндегі экономикалық тетіктерді қалыптастыруға арнайды.

Біздің елімізде мемлекеттік кадр саясатының басым бағыты – білім беру саясаты, қазіргі заманғы білім сапасына қол жеткізу, білім сапасының адам, қоғам және мемлекеттің өзекті және келешегі бар қажеттіліктеріне сәйкестігі. Ол ұлттық қауіпсіздігімізді, азаматтар мен еліміздің әл-ауқатының артуын қамтамасыз ететін аса маңызды факторға айналуға.

Қазақстанның саяси және экономикалық жүйесінің өзгеруі азаматтардың кәсіби еңбекке қабілеттілігін ұтымды пайдалану мен өндіргіштігін басқаруда мемлекет рөлінің де өзгеруіне, түрленуіне себепші болды. Алайда, бұл мемлекеттің осы үдерістерді реттейтін қызметтерінің толық жойылуына алып келмейді. Қоғам дамуын кадрлармен қамтамасыз ету міндеттерінің сапасы – мемлекеттің маңызды және ажыратылмас қызметі, ол мемлекеттік кадр саясатынан нақтылы көрінеді.

Кадрларды жоспарлау қанша қызметкер бар, олардың біліктілік деңгейі қандай, персоналды жоспарлауда қашан және қай жерде қажет болады, қажетті персоналды қалай тартуға болады және артық персоналды қалай қысқартуға болады, әлеуметтік аспектілерді ескере отырып, штат қысқартуды немесе штатқа тартуды қалай пайдалануға болады (кадрларды пайдалануды жоспарлау), кадрлардың біліктілігін арттыруға қалайша мақсатты түрде жәрдемдесуге болады және олардың білімдерін өзгертіп отыратын талаптарға сәйкес (кадрларды дамытуды жоспарлау) бейімдеуге болады, жоспарланған кадрлық іс-шаралар қандай шығындарды талап етеді (персоналды ұстауға жұмсалатын шығындар) деген сияқты сұрақтарға жауап беруге тиіс.

Халықаралық тәжірибеде мемлекеттік қызметтің екі үлгілік моделін бөліп қарастыруға болады – сатылы және позициялық.

Мемлекеттік қызметке кіру мен оны атқару тәртібіне қатысты осы модельдердегі айырмашылықтарға қарамастан, оларға мемлекеттік қызмет тиімділігін қамтамасыз ететін бірқатар жалпы шарттар тән.

Біріншісі – мемлекеттік қызметшілерді саяси «тағайындалатындар» және кәсіби «орындаушылар» деп бөлу. Екіншісі – мемлекеттік қызметке конкурстық негізде қабылдау, бұл мемлекеттік қызметке білікті әрі құзыретті мамандарды іріктеп алуға мүмкіндік береді және кадрларды іріктеу мен жоғарылатудың патронаждық жүйесі үшін мүмкіндіктерді азайтады.

Мемлекеттік қызметтің жоғары беделі мен мәртебесі шетелдердегі мемлекеттік қызмет жүйесінің маңызды ерекшелігі болып табылады.

Қазіргі кезде, көптеген елдер мемлекеттік басқарудың ұлттық жүйесінің ерекшеліктерін ескеретін мемлекеттік қызметтің аралас моделін құруды жөн көреді.

Екіншіден, жоғарғы шенеуніктердің кәсіби карьерасын және мобильді болу типін анықтайтын мемлекеттік қызметшілердің мінез-құлқы: континенталдық Европа елдерінде қызметтік құқыққа бағынатын кәсіби кадрлық мемлекеттік қызмет жүйесі құрылды, ал англосаксондық мемлекеттерде мемлекеттік қызмет қарапайым еңбек заңнамасы негізінде қалыптасады және анағұрлым ашық болады.

Үшіншіден, кәсібилік дәстүр: мысалыға АҚШ-та жеке бағыттағы жұмыста негізгі күшті тар ауқымды маманға жүктейді, ал Ұлыбританияда жалпы характердегі білімі бар дженералисттерге береді. Бірақ соңғы кезде мемлекеттік қызметте сонымен қоса жоғарғы шенеуніктермен жұмыс істеу аясында жақындастық пайда болуда, ол мемлекеттік басқарудың ұлтаралық тануымен байланысты.

Елбасының саяси еркінің және уәкілетті органның арқасында, біршама аз уақыт ішінде мемлекеттік қызмет байланысын регламенттейтін жаңа «Мемлекеттік қызмет туралы» Заң және 20 заңдық актілер қабылданды. Жаңа Заңды қабылдау мемлекеттік қызметтің шетелдік жүйесін алдын ала мұқият зерделеуді қажет етеді. Халықаралық тәжірибе сараптамасы көрсетіп отырғандай, демократиялық мемлекеттің негізгі мемлекеттік қызметі болып меритократия болып табылады.

Көп жағдайда бұл фактордан басқару тиімділігі, билік мәртебесі, жалпы қоғамның мемлекетке сенімі тәуелді. Сондықтан да стратегиялық басымдықпен кәсіби мемлекеттік құру қаралып, Елбасымен Қазақстандық мемлекеттік қызметтің заман талабына сай корпусын құруға бағытталған, ел ықыласына тиімді басқару шешімін жүзеге асыратын мемлекеттік қызмет Академиясы құрылды.

Қазіргі кезде мемлекеттік қызмет жүйесінде Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясын, мемлекеттік қызметшілерді қайта даярлаудың және олардың біліктілігін арттырудың өңірлік орталықтарын және басқа да білім беру ұйымдарын қамтитын оқыту инфрақұрылымы қалыптастырылған.

Мемлекеттік қызметті сапалы кадрлық жаңарту мен кәсібилендіруді жүйелі түрде қамтамасыз ету үшін оның ұйымдастырушылық құрылымы және нормативтік құқықтық базасы жаңғыртылатын болады [3, 226.].

Жаңа модельді қалыптастырудың нәтижесі нақты нәтижеге және мемлекеттік қызметтерді сапалы түрде көрсетуге бағдарланған, сондай-ақ мемлекеттік әлеуметтік-экономикалық дамудың өзекті қажеттіктеріне сай келетін кәсіби мемлекеттік қызмет болмақ.

Мемлекеттік органдардың есептері, статистикалық деректер, осы Әдістеменің өлшемдеріне сәйкес келетін бағыттар бойынша уәкілетті органдар жүргізген тексерістердің барысында алынған мәліметтер персоналды басқару тиімділігін бағалау үшін ақпарат көзі болып табылады.

Персоналды басқару тиімділігін бағалау Агенттікке Әдістемеге сәйкес мемлекеттік органдар жолдаған ақпаратты талдау, мемлекеттік қызметшілердің арасында сауалнама жүргізу арқылы жүргізіледі.

«Мемлекеттік басқару жүйесіндегі кадрлық саясат (Қазақстан Республикасы материалдары негізі бойынша)» тақырыбында жүргізілген талдаулар бойынша төмендегідей қорытынды жасалды:

1. Мемлекеттік қызмет – мемлекеттік қызметшілердің мемлекеттік органдардағы мемлекеттік биліктің міндеттері мен функцияларын іске асыруға бағытталған лауазымдық өкілеттігін атқару жөніндегі қызметі.

Кадрлармен жұмыс істеудің бірыңғай жүйесі, ең алдымен, қызметкерлерді іскерлік және жеке басының қасиеттеріне сәйкес кәсіби және қызмет бабында өсіру, олардың қабілеттері мен бейімділіктерін ғылыми негізде зерттеу, сондай-ақ әкімшілік мемлекеттік қызметшілерді зерттеудің іс жүзіндегі тетіктері жоқ.

Заңда саяси мемлекеттік қызметшілердің ауысуы әкімшілік мемлекеттік қызметшілерді босатуға негіз болмайды деп жазылғанымен, іс жүзінде министрге немесе әкімге жақпаған мемлекеттік қызметші «өз еркімен» босатылатын жағдайлар өмірде баршылық. Кадрларды жаңарту дұрыс жүргізілген жағдайда мемлекеттік қызметшілердің құрамын жасартуға, оларды көлденең шкала бойынша ауыстыру тәжірибесін кеңейтуге ықпал етеді. Мемлекеттік қызметтегі кадрлар құрамын жаңартуға мынадай міндеттерді шешу арқылы қол жеткізуге болады:

- мемлекеттік қызметшілерді ауыстыру процесін реттеу;

- персоналды басқару; кадрларды қабілеттері мен кәсіби шеберліктеріне қарап іріктеу.

2. Мемлекеттік қызметтің жаңа моделінде мемлекеттік қызметтің оң имиджін қалыптастыру, оның ішінде уақтылы ақпарат беру мен азаматтардың өтініштерін қарау және қол жеткізілген нәтижелері негізінде мемлекеттік органдардың қызметі туралы оң пікірді қалыптастыру басты бағыт болуға тиіс.

Мемлекеттік қызметтің оң имиджін қалыптастыруда мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын арттыру және жұртшылықпен байланыстар орнату тиісінше негізгі бағыттар болып табылады.

3. Мемлекеттік басқару жүйесінің тиімділігін арттыру мақсатында 1990-шы жылдарының аяғынан бастап Қазақстан тиімді әкімшілік реформаларды жүргізуге кірісті. Осы жылдардың ішінде мемлекеттік басқару құрылымын оңтайландыру жүргізілді, Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі агенттік құрылды, «Мемлекеттік қызмет туралы», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы», «Әкімшілік рәсімдер туралы» заңдар, Мемлекеттік қызметшілердің ар-намыс кодексі қабылданды. Мемлекеттік қызметке қабылдаудың конкурстық жүйесі енгізілді. Мемлекеттік органдардың басқару тәжірибесіне жауапты хатшылар институты енгізілді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. «Қазақстан қоғамының даму тенденциялары: әлеуметтік-саяси, инновациялық аспектілері» Республикалық ғылыми тәжірибелік конференция материалдары. Қызылорда қаласы, 2015 ж

2. Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің 75 жылдығына арналған жас ғалымдардың еңбектерінің жинақтары. Қызылорда қаласы, 2016 ж

3. Жаңа кадр саясатын іске асыру және мемлекеттік қызмет персоналын басқарудың тиімді жүйесін қалыптастыру // «Тиімді мемлекеттік басқару-III» Халықаралық симпозиумы, ҚР, Астана қ. [ҚР Президенті жанындағы МБА](#), 25.11.2015.

ӘОЖ 347214.2(574)

ХАЛЫҚТЫ БАСПАНАМЕН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ СЯСАТЫНЫҢ МӘСЕЛЕЛЕРІ

МАҚСАТҚЫЗЫ Н.,

ГМУ-31к тобының студенті

Ғылыми жетекші, магистр, оқытушы Ертай Х.,

Қазтұтынуодағы Қарағанды экономикалық университеті

ҚР президенті Нұрсұлтан Назарбаев "Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері" атты жолдауында 2030 жылы баспанамен қамту көрсеткішін қазіргі 21,6 шаршы метрден 30 шаршы метрге дейін жеткізуді тапсырды. Бұл міндетті орындау үшін құрылысқа заманауи технологиялар енгізу өте маңызды. Құрылыс салудың жаңа әдістерін, заманауи материалдарды, сондай-ақ ғимараттардың жобасы мен қала құрылысының жоспарын жасағанда мүлде басқа тәсілдерді қолдану керек,[1] - деген болатын.

Қазақстан секілді дамушы, әрі халық саны ұдайы өсіп отыратын елде тұрғын үй мәселесі өзекті. Баспанаға мұқтаж азаматтарды тұрғын үймен қамтамасыз ету алғаш рет 2005 жылы «2008-2010 жылдарға арналған тұрғын үй құрылысының мемлекеттік бағдарламасы» бойынша басталған. Одан бері азаматтарға түрлі санаттар бойынша баспана беру жүйелерімен бірге, үй алуға үміткер бола алатындардың тізімі де өзгерді. Салынатын үйлердің санымен қатар баспанаға мұқтаж азаматтардың да кезегі ұзарып келеді.

Елде тұрғын үймен қамтамасыз ету мәселесі ең өзекті мәселелердің бірі. Тіпті орта табысы бар болса да, кей қазақстандықтар өздеріне баспана сатып алуға жағдайлары жете бермейді. Халықтың нақты табыстарының құлдырауы жағдайды қиындатады. Көптеген адамдар үшін жоғары бағалар қол жетімді емес. «Баға - Кірістер - Сапа - Сыбайлас жемқорлық» - бұл маңызды мәселелер, олар шешілмейінше тұрғын үй бағдарламаларын табысты іске асыру туралы мәселе болмайды.

Қазіргі таңда баспанаға жылжымайтын мүлікке ие қазақстан азаматы да қол жеткізе алады. ҚР Президентінің тапсырмасымен 2016 жылдың соңында Үкімет «Нұрлы жер» бірыңғай тұрғын үй құрылысы бағдарламасын әзірледі. 2017-2031 жылдарға арналған «Нұрлы жер» мемлекеттік бағдарламасы ипотекалық несиелеуді қолдауға бағытталған. Жалпы «Нұрлы жер» бағдарламасы бойынша 2031 жылға дейін 1,5 млн адам жеке баспанаға ие болады. Олардың 500 мыңнан астамы таяу бес жылдың ішінде (2017-2021 жж.) алады деп жоспарланған. Аталған бағдарлама аясында ЖТҚ-на 10 сотық бойынша 664 000 жер телімі беріледі, қазақстандықтар Қазақстандық ипотекалық компания мен Қазақстанның Тұрғынүйқұрылысжинақбанкі арқылы 35 000 арендалы баспана, 280 000 несиелік үй алады, 521 000 коммерциялық тұрғын үй ипотека бойынша беріледі. [2]

ҚР президенті Нұрсұлтан Назарбаев барлық жұмыс істейтін қазақстандыққа баспана алуға мүмкіндік беретін "7-20-25" деп аталатын бағдарламасын іске қосуды ұсынды. "7-20-25" бағдарламасы бойынша үй алу үшін міндетті түрде өз баспанасы жоқ Қазақстан азаматы болу керек. Оған қоса, алғашқы салым алынғалы тұрған қарыздың 20%-ын құрауы керек. Жылдық төлем қосымша шығынсыз әрі комиссиясыз 7%-ды құрамақ.

Жаңа тұрғын үй бағдарламасының операторы «Баспана»компаниясы. Аталмыш оператор қазіргі уақытта бағдарлама арқылы ипотека беретін 6 банкпен келісімшартқа қол қойған. Олар: Центркредит, Евразия банкі, АТФ банк, Халық банк, Цесна банк, Форте банкі. Ал баспаналы болуға ниетті қауым үшін бағдарлама туралы толыққанды ақпарат тарату өзекті.

"Біз әлеуметтік жаңғыру бойынша жаңа қадам жасауға дайынбыз. Осы орайда мен бес президенттік әлеуметтік бастаманы ұсынамын. Бірінші бастама – әр отбасыға баспана алудың жаңа мүмкіндіктері. Соңғы жылдары біз азаматтардың баспана алу мүмкіндіктерін кеңейту бағытында біраз іс тындырдық. Өткен жылы 11,2 миллион шаршы метр тұрғын үй пайдалануға берілді. Бұл біз бұған дейін қол жеткізбеген рекордтық көрсеткіш. Алайда бұл жеткілікті емес. Әлі де көп отбасы баспанасыз жүр. Оны шешу үшін барлық жағдайды жасау керек", — деген болатын президент. [3]

Үй алудың тағы бір жолы ретінде «Самұрық-Қазына» жылжымайтын мүлік қорының бағдарламасын ерекеше атап өтуге болады. Бұл бағдарлама бойынша тұрғын үйлер кейіннен сатып алу мақсатында жалға беріледі немесе бірден сатылады. Жалға алу мерзімі 15 жылды құрайды. Осы мерзім аяқталған соң пәтер жалға алушының меншігіне өтеді. Сан жылдар бойы жалдамалы пәтердің әлегін тартып, өз үйіне жете алмай жүрген жұрт үшін бұл бағыт – таптырмас мүмкіндік. Бұл бағдарламада ең бастысы, «Тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» төлемге қабілетті екендігіңізді растап берсе, болғаны.

Жеке пәтерге ие болудың тағы бір жолы ретінде ғимарат құрылысына үлескер болып қатысуды атап өтуге болады. Дегенмен бұл әдіс қомақты қаражаты бар жандарға арналған.

Қазақстанның тұрғын үй нарығында 2016-2017 жылдары біршама тоқырау байқалды. Сәйкесінше, аталған нарықтағы сатып алу және жалға алу құны төмендеген болатын. Бір жыл ішінде тұрғын үйді жалға алу құны ең көп арзандаған қала – Астана, 2017 жылы наурыз айында 1 шаршы шақырым 2358 теңгені құраса, Алматы қаласында 1 шаршы шақырымға 2328 теңгені құраған. Ал Тараз, Петропавл қалаларында керісінше қымбаттаған. 2017 жылдаң наурыз айы бойынша абатандырылған тұрғын үйлерді сатып алу 2016 жылдың наурыз айымен салыстырғанда 3,1 пайызға арзандаған.

2017 жылдан бастап, жыл сайын 3000 жуық пәтер салуға республикалық бюджеттен жалға берілетін тұрғын үй қорын құру үшін өңірлерге 25 млрд. теңге бөлу көзделді. 2019 жылдан бастап жыл сайынғы қаржыландыруды 10 млрд. теңгеге арттыру жоспарланып отыр, бұл жыл сайын тағы 1000 тұрғын үйді пайдалануға қосымша тапсыруға мүмкіндік береді. 2016 жылы Ұлттық қордан кредиттік тұрғын үй құрылысы үшін мемлекеттік бағалы қағаздарды шығару есебінен 67 млрд. теңге бөлінген болатын. 2016-2017 жылдар кезеңінде алаңы 592,7 мың ш. метрді құрайтын 9278 пәтер салынды, ал 2018 жылы тағы шамамен 560,8 мың ш. метр (немесе 9428 пәтер) тапсыру жоспарланды, оның ішінде 2018 жылдың 5 айында 448 пәтер (35 мың ш. м.) пайдалануға берілді.

2018 жылдың мамыр айында сәуірмен салыстырғанда, республикадағы жаңа тұрғын үйдің шаршы метріне орташа сату бағасы 0,3% -ға өсті. Осындай тұрғын үйдің бір шаршы метрі 263,9 мың теңгені құрайды. Жақсы жабдықталған баспананы қайта сату құны 186,6 мың теңгені құрады (айына 0,2% өсті).

Банктердің азаматтарға берген ипотекалық несиелерінің көлемі бір айда 1,3% -ға, бір жылда - 13% -ға 1,14 трлн. теңгеге дейін өсті. Жоғары көрсеткішті БҚО (30,3% -ға, 39,4 млрд. теңгеге), Қостанай (26,8% -ға, 35 млрд. теңгеге) және Ақмола (22,1% -ға 28,8 млрд.) облыстары көрсетуде.

ұрғын үйге мұқтаж азаматтарды баспанамен қамтамасыз ету. [4]

Тұрғын үйге мұқтаж азаматтарды баспанамен қамтамасыз ету мәселелерін шешу бойынша белгілі саясаттанушылар мен сарапшылар өз ұсыныстарын ұсынды. Белгілі саясаттанушы Руслан Жанғазы, еліміздің Астана мен Алматы қалаларында, сонымен қатар барлық облыстарда баспана кезегінде тұрған азаматтардың санының көп болуы аталмыш мәселе ұлттық деңгейдегі проблемаға айналғанын көрсетіп отыр деп санайды. Саясаттанушының ұсынысы бойынша – құрылыс нарығына әлемдік танымалдылыққа ие шетелдік компанияларды енгізу, құрылыс техникасына, құрылыс материалдарына баж салығын алып тастау, оларға жұмыс күшін, жоғары білікті инженерлік және техникалық мамандарды шетелден әкелуге құқық беру. Және де шетелдік компанияларға отандық құрылыс компанияларының пайдасына шетелдік қазіргі заманғы құрылыс технологияларының трансфертін жүзеге асыруды міндеттеу қажет.

Л. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық Университетінің Қазіргі заман зерттеу институтының директоры Мұхит-Ардагер Сыдықназаров жермен және баспанамен қамтамасыз етудің еуропалық тәжірибесін енгізуді ұсынды. Ол үш мәселені бірден шешуге ықпал етеді – жеке тұрғын үй құрылысына арналған жерлерді жедел әрі тиімді игеру, жер ресурстарын басқару жүйесінің бюрократиялығын жою, халықты көлікпен қамтамасыз ету, құрылыс саласымен жанасатын жеңіл өнеркәсіп салаларының дамуы. Оның сөзінше, әрбір отбасыға 10 сотық жерден бөліп, бір жыл ішінде сол жерде құрылыс бастаулары қажет. Сонымен қатар аталмыш ұлттық бағдарлама аясында аз пайызды несиелік бағдарламаны іске қосу керек. «Қазақстандықтар несие алар еді, себебі баспаналы болу – Қазақстан азаматтарының шешілмеген басты әлеуметтік мәселелерінің бірі. [5]

Экономикалық саясат, инновациялық даму және кәсіпкерлік комитет төрағасы Асқар Бейсенбаев бұл саланың жұмысын алға жылжытуға жол ашатын мынандай мәселелерге көңіл аудартты:

Бірінші, жұмыс істейтін әрбір адам несиеге пәтер сатып алып, оны отбасылық бюджетінің мүмкіндіктері аясында төлей алатындай болуы үшін арзан ресурстар ұсынатын тетіктер қажет;

Екінші, халықтың әлеуметтік әлсіз топтарына бағытталған сатып алу құқығынсыз берілетін арендалық тұрғын үй салуға бөлінетін қаражаттың жеткіліксіздігін жою қажет;

Үшінші, жергілікті атқарушы органдардың объектілерді уақытылы іске қоса алмауының алдын алуы тиіс;

Төртінші, екінші дәрежедегі банктердің келісу рәсімдерін оңайлату керек;

Бесінші, «7 – 20 – 25» бағдарламасын жүзеге асыру барысында, «Нұрлы жер» бағдарламасына әзірленіп, енгізілетін өзгерістер өкілетті орган Ұлттық Банкімен бірлесе отырып айқындалуы тиіс;

Алтыншы, өзгерістерді енгізу барысында қолданыстағы «Нұрлы жер» бағдарламасының барлық проблемалық мәселелерін айқындап, мұқият сараптаудан өткізу қажет;

Жетінші, «Нұрлы жер» мен «7 – 20 – 25» бағдарламаларының жүзеге асыру жөніндегі түсінікті схема халыққа ұсынылуы тиіс; сегізінші, әртүрлі қолдан жасалған жасанды кедергілерді және артық құжаттар мен келісулерді барынша жою қажет.

«Нұрлы жер» бағдарламасына енгізілетін өзгерістер қазақстандықтардың қолжетімді баспана алу мүмкіндіктерін жүзеге асыруға кері әсерін тигізуге негіз болмауы керек», – деді А.Бейсенбаев.[6]

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың «Президенттің бес әлеуметтік бастамасы» атты халыққа үндеуі. 2018
2. "Нұрлы жер" мемлекеттік тұрғын үй құрылысы бағдарламасы.2018
3. [«7-20-25. Әрбір отбасына баспана алудың жаңа мүмкіндіктерін беру» ипотекалық тұрғын үй кредиттеу бағдарламасы.](#)2018
4. Қазақстанның тұрғын үй нарығы//7kun. 2017. URL: <https://7kun.kz/69392-2/>
5. Қолжетімді баспана бағдарламасы қандай болуы керек//aikyn. 2017. URL: <https://aikyn.kz/2017/03/14/6888.html>
6. БАСПАНАСЫЗ ЖҮРГЕН ОТБАСЫ КӨП// aikyn. 2018 URL: <https://aikyn.kz/2018/05/19/53137.html>

ӘОЖ346.7(574)

ЭКОНОМИКАНЫ МЕМЛЕКЕТТІК РЕТТЕУ: ӘДІСТЕРІ МЕН ҚАЖЕТТІЛІГІ

МІРӘСІЛ Д.Е.,

ГМУ-31 тобының студенті

Ғылыми жетекші, магистр, оқытушы Ертай Х.,

Қазтұтынуодағы Қарағанды Экономикалық университеті

Қоғамның әл-ауқатын жоғары деңгейге жеткізу үшін экономиканың аса тиімді жолмен даму жағдайларын қалыптастыру – экономика дамуын мемлекеттік реттеудің ғаламдық мақсаты десек қателеспейміз.

Экономиканы мемлекеттік реттеудің нарықтық шаруашылық жағдайындағы мазмұны, қолданып жүрген әлеуметтік-экономикалық жүйені өзгерген жағдайға бейімдеу және тұрақтандыру мақсатында құқығы бар мемлекеттік мекемелер мен қоғамдық ұйымдарда жүзеге асырылатын заңдық, атқарушы және бақылау

сипатындағы типтік шаралар жүйесі болып табылады.

Экономиканы мемлекеттік реттеу мәселесінің салыстырмалы түрде жаңа болуына және оның көптеген жағдайларының зерттелмегендігіне қарамастан, экономикалық әдебиеттерде «экономиканы мемлекеттік реттеу» ұғымына бірқатар анықтамалар берілген. Қазақстандық экономистер Н. Мамыров және Ж. Ихданов келесідей анықтама береді: «Экономиканы мемлекеттік реттеу – экономикалық тұрақтылық пен рационалды орнықтылықты қолдау мақсатында мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық процестерге әкімшілік-экономикалық және ұйымдастырушылық- құқықтық араласуының негізгі нысанын сипаттайды» [1, 8].

Келесі бір анықтамада: «экономиканы мемлекеттік реттеу – экономикалық өсуді ынталандыру, дағдарыстық, инфляциялық процестерді жеңілдету, халықты әлеуметтік қорғау мақсатымен салық, несие және басқа да тетіктер арқылы басқару құрылымдарының ұлттық шаруашылыққа макроэкономикалық әсер етуі» деп көрсетілген [2, 23].

Ресей экономисі В.П. Орешин өзінің анықтамасын берген: «Экономиканы мемлекеттік реттеу экономиканы дамыту мен тұрақтандыру және әлеуметтік-экономикалық жүйені өзгермелі жағдайларға бейімдеу мақсатындағы мемлекеттің өкілетті мекемелері мен қоғамдық ұйымдардың жүзеге асыратын заң шығарушы, атқарушы, бақылаушы сипаттағы мемлекеттік іс шараларының жүйесі» [3, 26].

Келтірілген анықтамаларды талдау негізінде бұл процестің аса елеулі сипаттарын рационалды көрсетуге деген ұмтылысты байқауға болады. Мұнда оның объектілері, субъектілері, мақсаттары, әдістері және құралдары қамтылған. Бірақ бұл анықтамалардағы басты сөз “араласуды” көптеген авторлар сынға алады. «Мемлекеттік меншікті басқару» оқулығының авторлары жазғандай: «Араласу» сөзі адамның ағзасына хирургиялық араласу секілді дербес жүйенің (мемлекеттің) басқа жүйеге араласуы туралы ойды қалыптастырады». Оған қоса, олардың пікірінше, мемлекет сыртқы жүйе емес, қазіргі экономиканың элементі, құрамдас бөлігі болып табылады [4].

Әрине, кез келген ұғымның мәнін анықтауда оның көп түрлі жақтарын, жүзеге асыру мен қызмет ету нысандарын толық ашып көрсету мүмкін емес.

Экономиканы мемлекеттік реттеудің қажеттілігі. Нарық экономикасына мемлекеттік араласу қатынасы оның дамуы мен қалыптасуының әр түрлі сатысында түрліше болды. XVII-XVIII ғасырлардағы нарықтық қатынастардың қалыптасу кезеңінде үстем болған экономикалық доктрина-меркантилизм – елдегі сауда мен өндірістің дамуы үшін, мемлекеттік реттеудің сөзсіз қажеттілігін тануға негізделген [3, 56].

Нарықтық өатынастардың дамуымен күш жинаған кәсіпкерлер табы мемлекеттік араласуды және осымен байланысты шектеуді өз қызметтеріне кедергі ретінде қарастыра бастады. А. Смит өзінің «Табиғат және халықтың баюының себептері туралы зерттеу» еңбегінде, экономикалық либерализм идеяларының пайда болуын алғаш рет толық негізделген және оның көптеген жақтаушылары болды.

А. Смит көзқарасы бойынша, пайда алуға ұмтылуға байланысты, жеке мүлде көздеген нарық жүйесі өзін-өзі реттеуге қаблетті екенін байқатты. Бұл мүлде экономикалық дамудың ең басты қозғаушы ретінде көрінеді.

А.Смиттің іліміндегі идеяларының бірі, экономикадан мемлекеттік реттеуді алып тастаса, онда экономика тиімді қызмет етеді деген идея болатын. А. Смит: рынок басты реттеуші болатындықтан, рынокқа толық еркіндік беру қажет, – деп есептеді [2, 28].

Рыноктық үйлестіру ресурстардың тиімді пайдалануды қамтамасыз етпегенде, нарық сәтсіздігі деп аталатын жағдай болатынын экономикалық тәжірибе растады. Рыноктағы нарық сәтсіздігі қоғамның игілігі мен сыртқы әсерлерге ғана емес, басқа жағдайларға да байланысты пайда болады. Оның ең маңызды себебі – рынокқа тән монополияланған беталыс. Бұл жағдайда бәсекелесті қамтамасыз ету үшін, рынок қызметін реттейтін жағдайды толық анықтау – монополияға қарсы заңды әзірлеу және оны мемлекеттің қолдануы өмірлік қажеттілік болды.

Нарық экономикасында мемлекеттің рөлін теориялық танудың маңызды сатысы көрнекті ағылшын экономисі Дж.М. Кейнстің есімімен байланысты. «Кейнсиан революциясы » барысында алға қойылған идеялар, экономикалық құлдыраудан өз бетімен сауығудың мүмкін емес екенін, мемлекеттік саясат экономиканы дағдарыстық жағдайдан шығару үшін, жиынтықты сұраныс пен жиынтықты ұсынысты теңдестіруге және әрі қарай тұрақтандыруға көмектесетін қабілетті құрал ретінде қажет екенін дәлелдеді. Дж.М. Кейнс идеяларын екінші дүниежүзілік соғыстан кейін әлемнің көптеген елдері қабылдады. Сұраныс жиынтығын реттеуде кредиттік-ақшалы және қаржылық саясатты пайдалану, бұл елдердегі экономиканың кезеңдік ауытқуларын жұмсартуға көрсетеді деп есептеледі.

Сөйтіп, экономиканы мемлекеттік реттеудің объективті мүмкіндігі экономикалық дамудың белгілі бір деңгейіне жетумен, өндіріс пен капиталдың үйлесуінде, өндірістің шоғырлануында, өндіріс күші мен өндіріс қатынастарының дамуында пайда болды. Экономика дамуын мемлекеттік реттеу қазіргі замандағы жағдайда ұдайы өндіріс үдерісінің құрамды бөлігі болып табылады. Олар экономикалық өсуді ынталандыру, жұмыспен қамтамасыз етуді реттеу, салалық және аймақтық құрылымдағы ілгерілеушілікті көтермелеу, экспортты қолдау сияқты әр түрлі тапсырмаларды шешеді. Экономика дамуын мемлекеттік реттеудің көлемінің нақты нысаны қоғам дамуындағы әр сатыдағы сипатпен, экономикалық және әлеуметтік мәселелердің өткірлігімен анықталады.

Мемлекеттік реттеудің объективті қажеттілігі белгілі шарттылықпен алғанда өзара байланысты экономикалық көрсеткіштер жүйесін ескере отырып бұл жүйенің негізін-микроэкономикалық, ал жоғарғы деңгейін макроэкономикалық көрсеткіштер құрайтын пирамида түрінде елестетуге болар еді. Макро және

микроэкономикалық көрсеткіштердің бірқалыпты түйісуі пирамиданың орталық бөлігінде жүзеге асады, бұл тұста халық шаруашылығын басқарудың аймақтық-салалық органдарының шаруашылық қызметінің көрсеткіштері басым болып келеді [5,152].

Экономиканы реттеу – мемлекеттің макроэкономикалық тұрғыда қолданатын іс-әрекеті екендігін атап өту керек. Бұл – үкіметтің болжамы емес, оның объективті қажеттілігі, өйткені ерікті кәсіпкерлік жүйесі мен нарықтық қатынастар тиімді теңгермешілік жағдайындағы тұрақтылықты қамтамасыз ету мәселесін мемлекетке қалдырады. Келесі жағдайларға байланысты тиімділік бұл жерде барынша күрделі мазмұнға ие болады:

- өндірістік немесе әлеуметтік сипаттағы нақтылы мәселелердің тиімді шешімі оны макроэкономикалық деңгейден қарастырғанда, яғни, тек жиынтық табыстарды жиынтық шығындармен салыстыру жағынан келгенде тиімсіз болып шығуы әбден мүмкін. Егер жиынтық шығындардың абсолюттік көрсеткіштері жиынтық табыс бойынша көрсеткіштер деңгейінен жоғары болса-бұл шешімнің тиімділігі күмәнді болады:

- халық шаруашылығының тиімді аймақтық-салалық құрылымын құру жөніндегі мемлекеттік шаралар жекелеген шаруашылық жүргізуші субъектілердің салалар мен аймақтардың тұрғысынан тіпті де тиімді болмай шығуы мүмкін, өйткені соңғылардың деңгейінде мемлекеттің макроэкономикалық мүдделері әрдайым қарастырыла бермейді:

- егер экономиканы өсіңкілі ұдайы өндіретін жүйе ретінде қарастыратын болсақ, онда макроэкономикалық теңгермешіліктің өзі осы жүйенің болашақтағы даму тиімділігінің факторы ретінде алынады [5,153].

Осылай ескеретін болсақ, мемлекеттік реттеу барысы өз кеңінде нақтылы бір мерзімге есептелген мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық саясатының туындысы болып табылатын тұтастай экономикалық жүйе дамуының бағдарламалы –мақсатты нұсқауларына бағындырылуы қажет екендігі туындайды.

Зерттеу жұмысының тақырыбын ашу үшін мысал ретінде 2016-2018 жылға айлық есептік көрсеткіш пен жалақының ең төмен мөлшері қандай деген мәселені қозғаймыз. Жалпы ҚР жалақы мәселесі өте өзекті. Жалақы мөлшері жылдан-жылға көтеріліп келеді. Дегенмен, соңғы екі жылдағы жалақы мөлшері төмендегідей:

2016 жылғы 1 қаңтардан бастап:

- 1) жалақының ең төмен мөлшері – 22 859 теңге;
- 2) мемлекеттік базалық зейнетақы төлемінің мөлшері – 11 965 теңге;
- 3) зейнетақының ең төмен мөлшері – 25 824 теңге;
- 4) айлық есептік көрсеткіш – 2 121 теңге;
- 5) ең төмен күнкөріс деңгейінің шамасы 22 859 теңге болып белгіленді.

Бұл базалық мөлшерлер Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 30 қарашадағы «2016 – 2018 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» Заңының 11-бабымен бекітілді.

Айлық есептік көрсеткіш (АЕК) бюджетті жоспарлау барысында алдағы жылғы болжамды инфляцияның шамасына қарай есептеледі.

АЕК кәсіпкерлердің қызметі үшін өте маңызды. Өйткені айлық есептік көрсеткіш:

- әкімшілік құқық бұзушылық істері бойынша төленетін айыппұл мөлшерін;
- кейбір салық түрлерін (мысалы, мүлік, жер, автокөлік салықтары);
- мемлекеттік баж, тіркеу алымдарын, лицензиялық алымдарды;
- заңды тұлғалардың жарғылық капиталының минималдық мөлшерін;
- жәрдемақыны және өзге де әлеуметтік төлемдерді;
- шағын, орта және ірі кәсіпкерлік субъектілері мәртебесін анықтауды есептеу үшін қолданылады.

2017 жылы 1 қаңтардан бастап.

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жәрдемақыларды және өзге де әлеуметтік төлемдерді есептеу үшін, сондай-ақ айыппұл санкцияларын, салықтар мен басқа да төлемдерді қолдану үшін айлық есептік көрсеткіш (АЕК) – 2 269 теңге.

Жалақының ең төменгі мөлшері (ЖТМ) – 24 459 теңге.

Мемлекеттік базалық зейнетақы төлемінің мөлшері (МБЗ) – 12 802 теңге.

Зейнетақының ең төменгі мөлшері – 28 148 теңге.

Базалық әлеуметтік төлемдердің мөлшерін есептеу үшін ең төменгі күнкөріс деңгейінің шамасы – 24 459 теңге.

ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаев 2017 жылдың 30 қарашасында № 113-VI ҚР «2018-2020 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» Заңына қол қойған.

Осы Заңының 8-бабына сәйкес 2018 жылдың 1-нші қаңтарынан бастап ең төменгі жалақы, зейнетақы, айлық есептік көрсеткіш мөлшері бекітілді. 2018 жыл бойынша:

- айлық есептік көрсеткіш (АЕК) - 2 405 теңге;
- жалақының ең төменгі мөлшері (ЖТМ) - 28 284 теңге;
- мемлекеттік базалық зейнетақы төлемінің ең төменгі мөлшері (МБЗТМ) - 15 274 теңге;
- зейнетақының ең төменгі мөлшері (ЗТМ) - 33 745 теңге;
- базалық әлеуметтік төлем үшін ең төменгі күнкөріс минимумы (БӘТТКМ) - 28 284 теңге.

Қазақстан Республикасындағы ең төменгі жалақы мен айлық есептік көрсеткіші төмендегі кестеден көруге болады:

2016		2017		2018	
жалақы	айлық есеп	жалақы	айлық есеп	жалақы	айлық есеп
22 859 тг	2 121 тг	24 459 тг	2 269 тг	28 284 тг	2 405 тг

Төмендегі кестеде айлық пен жалақы, сонымен қатар соңғы үш жылдағы зейнетақы мөлшерінің жыл сайынғы өсімін көріп отырмыз. Дегенмен қарапайым халық үшін жалақының ең төменгі мөлшері 1 ай өмір сүруге жетпейді деп айтуға болады. Сонымен қатар, азаматтардың отбасын асырауға жұмсалатын қаражаттар мен жас отбасыларға ерекше мән беруге де болады. Қорыта айтқанда, бұл олқылықтың орны толады деген үміттеміз.

Экономиканың мемлекеттік реттеу әдістері дегеніміз – бұл экономиканы мемлекеттік реттеу мақсаттарын орындау үшін, әлеуметтік – экономикалық процестерге, объектілерге ықпал жасау әдістерінің, амалдарының және құралдарының жиынтығы. Қазіргі нарықтық экономика – бұл аралас экономика. Бұл экономикада нарық берекетсіздігі, мемлекеттік реттеу, басқару органдары арқылы шектелініп, реттелеңіп экономикалық қатынастарының мақсатты ұйымдастырылған сипат алады. Аралас экономикада реттеу әдістері әкімшілік, құқықтық, экономикалық реттеу құралдарынан тұрады [6].

Мемлекеттік реттеу әдістерінің басқаша жіктелуі әлеуметтік-экономикалық процестерге әртүрлі шаралардың ықпалы шеңберінде анықталады. Бұл жағдайда мемлекет экономикаға тікелей және жанама әсер ету әдістерін (шараларын) қолданады.

Мемлекеттің экономикаға тікелей әсер ету әдістеріне келесі шаралар жиынтығын жатқызуға болады. Олар:

- Экономика дамуының стратегиялық мақсаттарын анықтау және оларды индикативтік жоспарларда, мақсатты бағдарламаларда көрсету;
- Мемлекеттік тапсырыстар және белгілі бір өнім түрлерін жеткізуге, жұмыстарды атқаруға, қызмет көрсетуге келісім-шарттар жасау:
 - Бағдарламаларға, тапсырыстарға және келісім-шарттарға мемлекеттік қолдауды жүзеге асыру;
 - Технологиялар және өнімдердің сапасы мен сертификациясына нормативтік талаптар;
 - Құқықтық және әкімшілік шектеулер және белгілі бір өнімдерді шығаруға тыйым салу және т.б.;
 - Тауарлардың экспорты және импорты бойынша операцияларды лицензиялау, яғни сыртқы сауда операцияларын қадағалау.

Экономиканы мемлекеттік реттеудің тікелей әдістері қосымша материалдық ынталандыруды немесе қаржылық шығын шығару талаптарымен байланысты емес, олар мемлекеттік биліктің беделі мен күшіне негізделеді. Ал, жанама реттеуші әдістерді қолдану сферасы рыноктық экономика дамыған сайын кеңейе береді де үдемелі ұдайы өндіріс процестеріне мемлекеттің тікелей араласуы мүмкіндіктерін шектей түсетін болады.

Тікелей және жанама әсер ету әдістері көбінесе өзара «кірігіп» қолданылатындықтан оларды пайдалану шектері де шартты сипатта болады. Өтпелі экономиканың аралас экономикаға жалғасуы жағдайында әкімшілік және экономикалық әдістердің арақатысы ғана өзгермейді, сонымен бірге нақты әдістердің міндеттері мен мазмұны да өзгерістерге ұшырайды.

Қорыта келгенде, мақаланы жазу барысында көптеген маңызды мәселелердің басын ашып, сипатына назар аудардық. Экономиканы мемлекеттік реттеудің талаптарына сәйкес, әдістері мен қажеттілігінің маңыздылығы зор екендігін дәлелдей отырып, оның ел экономикасына әсер ету әдістеріне жатқызылатын шаралардың жиынтығының бірнеше түрлерін талқыладық. Атақты экономистердің ой пікірлері мен берген анықтамаларын салыстыра зерттедік. Жалпы, нарық экономикасында мемлекеттің рөлінің алар орны ерекше екеніне толықтай көз жеткіздік. Сонымен қатар, қазіргі заманғы экономиканы синхрондық сипаттамасының маңызын аша білдік.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Төреғожина М.Б. Экономиканы мемлекеттік реттеу. – Алматы: экономика, 2008 ж. – 205 б.
2. Илиясов Қ.Қ., Құлпыбаев С. Қаржы: Оқулық. – Алматы: 2003. – 448
3. Ихданов Ж.О., Орманов Ә.О. Экономиканы мемлекеттік реттеудің өзекті мәселелері. – Алматы: экономика, 2002.
4. <http://engime.org/ekonomikani-memleketik-retteu.html?page=>
5. Ивашковский С.Н. Экономика: микро и макроанализ. Учебно-практическое пособие. – Москва: Дело, 1999. – 360 с.
6. <http://turboreferat.ru/economics/jekonomikany-memleketik-retteu/48860-254661-page2.htm>

«АСТАНА» ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАРЖЫ ОРТАЛЫҒЫ

МҰХАНБЕТЖАН Р.М.,

Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті,
Ғылыми жетекші, э.ғ.м., аға оқытушы Артакшинова В.С.

“Мен «Астана» халықаралық қаржы орталығын құру туралы Жарлыққа қол қойдым. Ол жеңілдетілген салық режимі және тәуелсіз қаржылық сотымен ағылшын құқығы қағидаттарына сәйкес құрылатын болады. Біз «Астана» қаржы орталығы Қазақстанның қаржы инфрақұрылымының ядросы, содан кейін бүкіл Орталық Азия өңірі үшін қаржылық хабқа айналатындығына сенімдіміз.”-Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев.

«Астана» халықаралық қаржы орталығы (бұдан әрі – АХҚО) ресми түрде өз қызметіне кіріскендігін және компанияларды тіркеу басталғанын хабарлайды.

Қазақстанда халықаралық қаржы орталығын құру - экономика өсімін қамтамасыз ететін басты бағыттардың бірі ретінде қарастырылады. Сарапшылар бұл ретте қаржы орталығының басымдығы ретінде Қазақстанның географиялық орналасу ерекшелігіне де назар аударады. Өйткені, мұндай заманауи қуатты қаржы институты Орталық Азия өңірінде ғана емес, тұтастай Еуразиялық экономикалық одақ аясында экономикалық-қаржылық қарым-қатынастарды арттыруға жол ашатыны айтылады.

Бүгінгі жаһандық дағдарыстың дендегеніне қарамастан, Қазақстанда «Астана халықаралық қаржы орталығын» дамытуға барлық мүмкіндіктер қалыптасқанын айтатындар баршылық. Қазірден белгілі мәселе - «Астана халықаралық қаржы орталығы» заманауи технологиялармен толық жабдықталатын «ЭКСПО-2017» халықаралық көрмесінің ғимараттарына жайғасатын болады. Яғни, халықаралық көрме өткеннен кейін қаржы орталығы бірден іске кіріседі, ондай орталықта аса білікті, кәсіби ысылған мамандар еңбек етуге тартылады.

«Астана халықаралық қаржы орталығының» негізгі жұмыс тілі ағылшын тілі болып бекітілген, осының өзі болашақта қаржы саласына маманданған жаңа буынның бәсекеге қабілеттілігі арта түседі деген сөз. Инвесторлар үшін де бірқатар жағдайлар жасалмақ, атап айтқанда шетелдік инвесторлар салық түрлерінен 50 жылға дейін босатылады, виза жағынан да оларға жеңілдіктер қарастырылады. Ағымдағы жылы өткен шетелдік инвесторлар кеңесінің пленарлық отырысында «Астана халықаралық қаржы орталығы» мәселесі талқыланған болатын. Онда Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев қаржы орталығының өте күрделі жоба екенін, сонымен қатар, Қазақстан үшін аса маңызды қадам екеніне де мән берген еді. «Болашаққа көз жібере отырып, біз «Астана халықаралық қаржы орталығын» инвестициялық капитал тартатын және қаржылық әдіс-тәсілдер саласындағы инновациялар орталығы ретінде көргіміз келеді. «Астана халықаралық қаржы орталығы» Еуразияның «қаржы қақпасына» айналуы керек. Біздің елордамыз Астана іскерлік, мәдени және ғылыми орталық ретінде дамып, жаңа әуежайды қоса алғанда, заманауи халықаралық көлік-логистика жүйесіне ие болады», - деді Н.Назарбаев. Ал «Астана халықаралық қаржы орталығы» АҚ Президенті Қайрат Келімбетовтің айтуынша, мұндай орталық экономиканы әртараптандырып, тұрақты экономиканы құру үшін қажет. Оның айтуынша, жергілікті капитал нарығын дамыту үшін әлемнің көшбасшы биржаларының стратегиялық серіктесімен бірлесіп, «Астана халықаралық қаржы орталығында» жоғары технологиялық биржа инфрақұрылымы құрылады. Ол әлемнің үздік стандарттарына сай болмақ. «Жаңа инфрақұрылым құнды қағаздар мен тауарлар сауда-саттығын жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Аталған жұмыс аясында орталық әлемнің жетекші биржаларымен келіссөздер жүргізді. Олардың қатарында Лондонның қор биржасы және металл биржасы, NASDAQ, Чикаго тауар биржасы, NASDAQ Dubai, Нью-Йорк қор биржасы бар», - дейді Қайрат Келімбетов. Тұтастай алғанда, қаржылық орталық жобасының күрделілігіне қарамастан, оның болшағына зор үміт артағындар да бар.

Нұржан Құспаев, «Астана» халықаралық қаржы орталығы әкімшілігі» АҚ Заң департаментінің директоры: – Ағылшын құқығы бүкіл әлемде таңдалған және бүкіл жасалып жатқан келісімшарттардың 70 пайыздан астамы ағылшын құқығын таңдайды. Бұдан басқа халықаралық қаржы орталықтарында да ағылшын құқы танылған. Инвесторларға таныс құқықтық орта ұсынылады. Ақша жүрген жерде дау қоса жүретіні белгілі. Сондықтан келушілерге балама тәсіл беріледі. Тәуелсіз сот жүйесі, халықаралық арбитраж орталығы мен медиация жұмыс істейді.

Қайрат Келімбетов, «Астана» халықаралық қаржы орталығының басқарушысы: – Халықаралық арбитраж орталығы – инвестициялық дау-дамайды шешудің бірегей жүйесі. Ол әсіресе Лондон мен Сингапурда дамыған. Енді осы жүйе посткеңестік кеңістікте тек бізде ғана болады. Қазір сот корпусы толық жасақталды. Дүние жүзінде зор беделге ие 9 төреші мен төрағаны Елбасының өзі тағайындады. Судьялар 5 жылға тағайындалады. Оларға қойылатын басты талаптың бірі – ағылшын құқы бойынша сот жүргізу күзіретінің болуы.

Астана қаржы орталығы экономикаға не береді?

Астана халықаралық қаржы орталығының басты мақсаты – инвестициялық климатты оңтайландырып, елге шет елдік қаржы құралдарын тарту.

Сонымен қатар жекешелендіру аясында «Самұрық-Қазына» иелік ететін отандық бірқатар ірі компанияларды тікелей және IPO мен SPO аясында халықаралық қор нарығына шығару көзделген. Осы

орайда Үкімет биыл көктемде «Астана халықаралық қаржы орталығы» туралы заң жобасын қабылдады. Аталған құжат бойынша шет елдік қаржы ұйымдары бірқатар жеңілдіктерге ие болмақ. Атап айтар болсақ, алғашқы он жылда ұжымдық және жеке бас табыс салығынан толықтай босатылу, шет елдік жұмыс күшін тартуда шектелмеу, кеңсені жалға беруде алғашқы екі жылда белгілі бір жеңілдік ұсыну мен тұрақты жұмыс істейтін тұлғаларға арнайы бес жылдық виза беру қарастырылған.

«Мәскеу халықаралық қаржы орталығын» алмастырушы

2011 жылы Ресей үкіметі «Мәскеу қаржы орталығын» өңірлік деңгейден халықаралық көлемдегі қаржы орталығы ретінде құру туралы бастама көтерді. Батыспен арадағы санкцияға дейін Ресей астанасында іскерлік-қаржы орталығы салынып, өз жұмысын бастап кеткен. Дегенмен, саяси текетірес нәтижесінде батыс қаржы ұйымдары жұмыстарын тоқтата бастады. Нәтижесінде қазіргі таңда «Мәскеу қаржы орталығы» жергілікті орта және ұсақ кәсіпорындардың кеңсесі қызметін ақтарудан әрі аса алмай отырғаны белгілі. Осы орайда «Астанада қаржы орталығын» құру идеясы орындалмай қалған «Мәскеу қаржы орталығының» орнын басушы ретінде қарауға болады. Бұл өз кезегінде «Дубай халықаралық қаржы орталығы» (ДХҚО) үлгісінде қолға алынбақ. Дубай демекші, 2004 жылы құрылған ДХҚО-ның осы уақыт аралығында әлемде алдыңғы қатарлы он қаржы орталығына айналуындағы себеп ретінде сарапшылар өңірдің жоғары экономикалық әлеуетімен қатар Араб әлемінде бұрын соңды ондай ауқымды алаңның қолға алынбауын атайды. Осы тұрғыда «Астана қаржы орталығы» халықаралық қаржы ұйымдары үшін 180 млн нарыққа ие Еуразиялық одақпен қатар ТМД елдерінің экономикасына ашылған есік болмақ.

Оффшорлық аймақ

Ресей сарапшыларының айтуынша, Астана қаржы орталығы құрылған жағдайда орыс компаниялары салықтан жалтару мақсатында Астана оффшорлық аймағына ағылуы мүмкін. Олай болған жағдайда Астана ресейлік компаниялар активтерінің іскерлік алаңына айналмақ. Дегенмен, «Еуразиялық даму банкінің» басқарма төрағасы Дмитрий Панкиннің айтуынша, мұндай қаржы орталықтарын оффшор деп айтуға болмайды. Себебі, Швецария секілді шет елдік капиталды қолында ұстаған мемлекеттер мен еркін аймақтар қазіргі таңда өзге елдердің бақылау органдарымен келісіп, тиісті ақпарат беріп жұмыс істеп отыр. Ал Астана қаржы орталығын оффшор дегеннен гөрі белгілі бір деңгейде жеңілдіктер ұсынатын алаң деп атаған орынды.

Алматы тәжірибесі

2014 жылдың мамырында Астанада Еуразиялық экономикалық одақты құру туралы келісімге қол қойылғанда үш елдің басшысы одақтың экономикалық орталығы Мәскеу беп бекітілсе, Алматы оның қаржы орталығы болатыны келісілген еді. Оған дейін де Алматы өңірлік деңгейдегі қаржы орталығы болады деп шешілген еді. 2010 жылы басталған бұл бастама Астана орталығының көлеңкесінде қалып отыр.

Нұрсұлтан Назарбаев биылғы жиын әлем экономикасы үшін күрделі кезеңде өтіп отырғанын айтты.

2. Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері.
3. Замечание общего порядка № 17 (2005 г.) «Право каждого на пользование защитой моральных и материальных интересов, возникающих в связи с научными, литературными или художественными трудами, автором которых он является (ст. 15 (1) с) Пакта» // Док. ООН. E/C.12/GC/17 от 12.01.2006.

ӘОЖ 338.48

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ: ТУРИЗМ САЛАСЫН ДАМУ БАСТАДЫ

ҚАЛШАБЕК Б.Н.,

магистрант,

М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті

Мемлекет басшысы Н.Ә. Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласы еліміздің рухани әлеміне жаңа леп әкелгендей болды. Елбасы өзінің мақаласында елдің мәдени-өркениеттік дамуындағы өз көзқарасын білдірді. Мақаладан ондағы мазмұндалған идеяларды толыққанды жүзеге асыру елімізді бүгінгіден де еңселендіре түсетінін аңғарамыз [1].

Елбасының аталған мақаласы еліміздің мәдени-рухани өмірінде және қоғамдағы рухани құндылықтарды нығайтуда үлкен маңызға ие. Онда қазақ халқы, жалпы қоғамымыз қалай ілгерілеуі керек деген күрделі мәселелердің тұщымды тұжырымы жасалған.

Рухани жаңғырудың түйіні адам жанын байыту мен қоғамды дамытуға келіп тіреледі. Әлихан Бөкейханұлы «Мәдениет өмірі – құдірет өмірі» деп ақиқатты түйіндейді. Бұл әріден түсінген адамға терең мағынаны, кең түсінікті білдіреді. Әрбір ұлттың мәдениетін сақтау әрі жетілдіру ісі – өмірлік маңызды мәселе. Рухани жетілудің өзегі – дін, тіл, тарих. Осы бір іргелі түсініктер адамды тұлғалануға жетелейді.

Тарихқа зер салсақ, Батыс елдері қаншалықты дамығанымен, ең үлкен мәселелерінің бірі – қоғамының рухани құлдырауы болып отырғанын көреміз. Осындай тарихи тәжірибеден біз материалдық дамуға ғана емес, рухани дүниеден де алыстамаудың маңызды екенін түсініп отырмыз.

Әлемде табысты жаңғырудың жан-жақты үлгісі жоқ. Дей тұрғанмен, Түркиядағы Мұстафа Кемаль Ататүрік, Сингапурдағы Ли Куан Ю және Малайзиядағы Махатхир Мохаммад сияқты ұлы көшбасшы реформашылар әлеуметтік-экономикалық ілгерілеуді рухани жаңарумен және мәдени құндылықтарды дамытумен байланыстырады. Осы елдердің жетістігінің тарихы, қазақстандық қоғамдық сана реформасының қаншалықты қажет екенін және уақытылы қолға алынып отырғанын көрсетеді.

Ли Куан Ю «*Мен сингапурлықтардың жаңа ұрпағы тәрбиеленіп жатқан атмосфераны мақтан тұтамын... Біз осының барлығына үздік түйсіктерімізді басшылыққа ала отырып, өзіміздің мәдениетімізге сүйену арқылы және ықтимал қателерге жол бермеу үшін өз жолымызды үнемі түзету арқылы қол жеткіздік*» деген екен [3, 24 б.]. Осы орайда, қоғамдық және мәдени өмірдің жаңғыртылуын жүзеге асыру осы елдерге алдыңғы қатарлы әлемдік державалардың санатында өздеріне тиесілі орындарын абыроймен иеленуге мүмкіндік бергенін атап өткен жөн.

Мәдениет саласы материалдық және рухани құндылықтардан тұратыны өздеріңізге мәлім. Өкінішке қарай, бұған дейін елімізде киелі құндылықтарға деген тұжырымды көзқарас болған жоқ. Сондықтан, ел Президентінің бастамасы бойынша қолға алынған жоба ұлттық бірегейліктің маңызды рухани тірегі болып табылады.

Елбасы мақаласында өз жеріңе, оның мәдениетіне, әдет-ғұрпы мен дәстүрлеріне ерекше қатынасты қалыптастыру және ғұрыптау қажеттілігіне айрықша мән беріліп, «Туған жер» сияқты бағдарламаны жасау міндеті жүктелген болатын. Бағдарламаның бірнеше мәні бар. Оның біріншісі білім беру саласында ауқымды өлкетану жұмыстарын жүргізуді, экологияны жақсартуға және елді мекендерді абаттандыруға баса мән беруді, жергілікті деңгейдегі тарихи ескерткіштер мен мәдени нысандарды қалпына келтіруді көздейді. Президент атап өткен жобаны жүзеге асыру үш қадамнан тұрады:

1) Білім беру, экология және абаттандыру салаларында күрделі өлкетану жұмысын ұйымдастыру, өңірдің тарихын зерделеу, мәдени-тарихи ескерткіштерді және жергілікті ауқымдағы мәдени нысандарды қалпына келтіру;

2) Орналасқан орнына қарамастан, өзінің туған өлкесіне қолдау көрсеткісі келген бизнесмендерге, шенеуніктерге, зияткерлік өкілдеріне және жастарға қол ұшын созу;

3) Отаншылдық ынтасына қарай жүйелі және ұйымдастырылған тәсілдеме, бұл жерде ол туған өлкеге көмектесетін қолдау көрсету мен әлеуметтік құрметтің әртүрлі нысандарын, соның ішінде демеушілік көмек механизмін білдіреді [2, 6 б.].

Рухани-мәдени мұраны игеру – халықтың тарихи жадының негізі, онсыз шынайы патриотизм болмайды. Әрбір ұлттың бет-бейнесі, рухани болмысы болып табылатын рухани-мәдени мұрасын меңгермеген ұрпақ шын мәніндегі мәңгірт, рухани мешуе болмағы мәлім.

Әр халықтың тарихында ерекше қадірлі, киелі жерлері, қасиетті орындары болатыны белгілі. Ол – ел өмірінің ұлы белестерін айғақтайтын, бейне бір салқар көштей ұзақ тарихтың қадау-қадау оқиғалары өткен орындар мен сол халықтың ұлы перзенттерін дүниеге келтіріп, олардың ерлігі мен ғажайып талантының ашылуына куә болған мекендер. Дархан даламызда ондай жерлер өте көп. Елбасының бағдарламалық мақалада көрсетілгендей, Қазақстанның қасиетті рухани құндылықтары немесе Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы бойынша жүргізілетін жұмыстардың ең бастысы қоғамның рухани жаңғыруына үлкен ықпал етеді.

Киелі орын, қасиетті жер деген ұғымдар сонау ерте заманнан келе жатыр. Заман өзгерген сайын, адамдардың қажеттіліктері мен сұраныстары өзгерген сайын оларға деген көзқарастар да өзгерді. XIX ғасырдан бастап киелі орындар мен қасиетті жерлерге деген жаңа көзқарастар қалыптаса бастады.

Күнделікті өмірде «киелі орын» аруақтармен немесе адам ақылына сымайтын сиқырмен сипатталады. Киелі орындар бүгінгі таңда тарихи естелік орындары ретінде көптеген ғалымдардың зерттеу объектілеріне айналып отыр. Зерттеулерге сүйенетін болсақ, «киелі жерлерді» үш категорияға бөліп қарастыруға болады: біріншісі – әртүрлі дінмен байланысты адамдармен жасалған «қасиетті орындар»; екіншісі – табиғат факторларымен пайда болған – емдік сулар, емдік балшықтар, дольмендер және тағы басқалары. Үшінші категориясы екі категорияның араласуынан пайда болған «киелі жерлер».

Киелі орынның киелі болуы – ондағы кешеннің халықтың санасында туған діни-мифологиялық таным-түсінік, ғұрыптық әрекеттердің және оның ертедегі ескерткіштермен қаншалықты байланыстылығында. Халық арасында, соның ішінде қазақтың дінге сенуінде маңызды орын алған – әулиеге табыну, исламдағы жаңа дін рухына сәйкес, жаңа пайымға әкелген көптеген құдірет күштер туралы ұғымдарды сақтаған ежелгі идеялардың ықпалымен қалыптасты.

Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстанның қасиетті жерлерінің мәдени-географиялық белдеуі – неше ғасыр өтсе де бізді кез келген рухани жұтаңдықтан сақтап, аман алып шығатын символдық қалқанымыз әрі ұлттық мақтанышымыздың қайнар бұлағы» деп жазғанындай, Ұлы даламыздың ажарын асқақтатып тұрған әр бір тау-тас, өзен-көл, арасан-бұлақ, құдық-қайнардың тылсым тарихы, үлгі аларлық шежіресі бар. Алайда қоғамдық санада бұл орындар туралы бірегей ұғым мен ортақ түсінік қалыптаспаған. Сондықтан ұлтты ұйымдастырудағы аталған стратегиялық міндетті орындауда «Қазақстанның киелі географиясы» жобасын жүзеге асырудың маңызы зор.

Сананы жаңғырту жұмысы мәдени жадқа, символикалық, киелі және мәдени-тарихи заттарға негізделуі тиіс. Киелі жерлер немесе рухани қасиетті орындар – халықтың рухани дәстүрінің тірегі. Еліміздегі мұндай орындардың кейбіреулері әлемдік деңгейдегі жауһарлар болып табылады. «Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы» жобасы ұлттық нысандарды, қазақстандық ұлттық бірегейліктің каркасын анықтауға мүмкіндік береді. Бұған қоса, «киелі белдеудің» объектілері туризм индустриясы үшін өрлеу нүктесіне айналады. Жобаны орындаған кезде төмендегі негізгі үш элемент ескерілетіндігіне баса назар аударылады: 1) Әр қазақстандықты «Қазақстанның мәдени-географиялық белдігіне» қатысты танымдық дайындау; 2) БАҚ-тың ақпараттық-үгіттеу жұмысын ілгерілету бойынша жүйелік тәсілдемесі; 3) Ішкі және сыртқы мәдени туризмнің халықтың символикалық мұрасымен шоғырлануы.

Әлемдік тәжірибе көрсеткендей, мәдени және киелі жерлер туристік саланы дамытуға айтарлықтай ықпал етеді. ЮНЕСКО-ның Дүниежүзілік мұрасының маңызды нысандарының мысалдары: Иерусалимдегі ескі қалаға жыл сайын бүкіл әлемнен 3,5 млн. құлшылық етушілер мен туристер келеді. Саграда Фамилия – Испаниядағы Қасиетті отбасы Соборын көруге жыл сайын 3 млн. астам туристер келеді. Каппадокия қаласы (Түркия) христиандық әлемнің маржаны болып табылады. Гереме ұлттық паркі мен Каппадокияның үңгіртау қоныстарына жыл сайын 1,6 млн. астам туристер мен құлшылық етушілер келеді. Әлемде мемлекет қазынасын тек осы саяхаттың арқасында толықтырып отырған мемлекеттер де кездеседі.

Киелі жерлерге зиярет ету ғылыми тұрғыда «діни туризм» немесе «сакралды туризм» деп аталады. Қазақстанның қай аймағы болмасын, тарихи-рухани орындарының көптігінің арқасында діни және сакралды туризмді дамытуға мүмкіндігі бар. Діни туризмді ілгерілетуде киелі жерлеріміздің мүмкіндігі мол.

Жалпы алғанда, республика бойынша республикалық 218 ескерткіш және жергілікті деңгейдегі 11 277 ескерткіш тарих және мәдениет ескерткіштерінің мемлекеттік тізімдері бекітілген. Бұл тізімдерде жиырма бес мыңнан астам тарих, археология, архитектура мен монументалды өнердің жылжымайтын ескерткіштері көрсетілген [3, 101 б.].

Демек, әрбір аймақта сұранысқа ие қасиетті жерлер бар, олар мәдени және географиялық белдеуді құрай алады. Ресейде мысалы, Ресейдің алтын сақинасы бар. Туристік компаниялар қомақты ақшаға екі және он күн аралығындағы нақты турларды ұсынып отыр. Ең аз тур – 3-4 қала, ең көбі 20 қаланы қамтиды. Қазақстанда мәдени туризм аймақтар бойынша бөлінген. Ол туристік қызмет көрсетулердің жалпы көлемінің 10-12%-ын ғана құрайды, бірақ 65%-на дейін бара алатын әлеуеттілікке де иеленеді. Туристік мекемелер қауымдастығының мәліметтері бойынша, Еуропа мен Азияның 14,2 миллион турист Қазақстанға туристік бағыт ретінде қызығушылық танытады. Дегенмен шетелдік қонақтардың 70%-ы іскерлік мақсатпен келген адамдар болып табылады [3, 102 б.].

Қазіргі таңда Оңтүстік Қазақстан бойынша туристік қызмет көрсететін фирмалар агенттері түрлі саяхаттар ұйымдастырады. Тарихи-археологиялық ескерткіштердің туристік-экскурсиялық сапарлардағы орны ерекше. Археологиялық ескерткіштердің кез-келген нысандары туристік-экскурсия жұмыстарында маңызды орын алады. Соның ішінде Жетісудағы Сақ қорғандары, Талхиз қалашығы, Оңтүстік Қазақстандағы Отырар, Сайрам, Батыс Қазақстандағы Сарайшық, т.б. көне қалалардың орнына туристердің қызығушылығы мол. Археологиялық-тарихи ескерткіштердің қазірге дейін жеткен нысандарының ішінде қорғандар мен мазарлардың маңызы зор. Ортағасырлық Түркістан, Отырар, Құлан, Мерке, Талхиз, Жаркент қалалары, тағыда б. елді мекендер қазіргі туристік нысандар болып отыр.

Бүкіләлемдік туристік ұйымның болжамы бойынша Қазақстан Республикасы тұрақты туризмді дамыту үшін болашағы бар елдер сапында. Барлық туристік нарықта Қазақстанның табиғатына, тарихына және ұлттық мәдениетіне үлкен қызығушылық білдіреді. Сондықтан да, Қазақстанда туристік сала елдің экономикалық дамуындағы басым сала ретінде белгіленді.

Біздің елдегі халықтардың этнографиялық мәдениеті көптеген адамдарда қызығушылық тудырады және адамдарда мәдени-тарихи орталықтарға бару арқылы өзінің тарихымен танысуға итермелейді. Туризм – мәдениет және тарихпен танысудың ең қызық тәсілі болып табылады. Тарихи орындарға туристік сапар жасаған кезде адам тек қана демалып қайтпайды, сонымен қатар әр түрлі халықтың тарихы және мәдениетімен танысады.

Елімізде ежелден аты аңызға айналған және бүгінгі күнге дейін болып келген қаншама тарихи-мәдени орындар мен киелі жерлер бар, сондай өлкелердің бірі – Оңтүстік Қазақстан. Өңірімізде 800-ден астам тарихи-мәдени ескерткіштер бар. Мұнда анағұрлым туристік қызығушылықты қалыптастыратын тізім құралған. Танымал ежелгі қалаларды, ескерткіштерді есепке алмағанда, өзімізге де бейтаныс киелі жерлер көп. Себебі, олар жөнінде бірыңғай ақпарат көзі жоқ. Елбасы мақаласы да осы мәселені реттеп, киелі жерлердің картасын қалыптастыруды міндеттейді. Сондай киелі жерлердің көбісіне барып келу оңай емес, өйткені олар даланың түп тереңінде, жолы жоқ өлкеде орналасқан (Қырық қыз, Ақбура т.б.). Дегенмен де, олар халықтың қызығушылығын жоғалтқан емес. Бізге халықтың, туристердің қызығушылығын одан әрі арттыратын

жұмыстарды қолға алу қажет. Сондай-ақ, біздің мұрамыз – күллі адамзат мәдениетінің ажырамас бір бөлігі екенін дәлелдеуіміз тиіс.

Оңтүстік Қазақстанның Киелі жерлеріне саяхаттаудың екі бағытын бөліп қарастыруға болады. Оның біріншісі, тарихи және көркемөнерлік маңызы жағынан сәулет және қала құрылысы ескерткіштері. Олардың қатарына Отырар, Сауран қалашықтары, Қожа Ахмет Ясауи, Арыстан баб, Мірәлі баб, Ибраһим ата, Әбділ-Әзіз Баб, Қарашаш ана, Қарлығаш әулие, Баба түкті Шашты Әзіз, Көз ата, Ысқақ баб кесенелері, Ақсұмбе мұнарасы, Ноғай ишан мешіті, Аппақ ишан күмбезі, «Мұңлық-Зарлық» кесенесі жатады. Ал, екіншісі, аңыз өлкелер, яғни табиғи ескерткіштер, бұлақтар. Мұндай жерлер сапында Жылаған ата үңгірі, Ақмешіт әулие үңгірі, Ақбура Әулие, Қырық қыз, Ғайып Ерен Қырық Шілтен, Ердәуіт пен Шәймерден қос әулие орындары бар.

Жалпы мұның барлығы практикалық іс-қимыл арқылы Отанға деген сүйіспеншілік пен құрмет танытуды, елімізді әлемге рухани жетік ел ретінде көрсетуді көздейді. Бұл бағытта тек туристер ғана емес, өз еліміздің жастарын, оқушылар мен студенттерді тартуға баса назар аударылуы қажет. Өйткені патриоттық сезім өзі туып өскен, алғашқы қадам басып, өмірдің әліппесін таныған жеріне деген сезімдеріне байланысты болмақ. Өзінің түп тамырын, өз халқының салт-дәстүрлерін, рухани болмысы мен мәдениетін ұмытпау, өз өлкесінің тарихын және одан кең алғанда өз елінің тарихын білу маңызды. Сонымен қатар, ұрпақтан-ұрпаққа жалғасқан мәдени-рухани мұралар, тастағы жазбалардағы өсиет, өнеге, нақыл сөздер, өлкетану мұражайларына орналасқан мұрағаттар жасұрпақтың бойында отансүйгіштік, ерлік сезімді ұялатып, олардың туған жерге, өскен елге, ұлт мәдениетіне деген сүйіспеншілік қасиеттерді қалыптастыруға игі ықпал етері сөзсіз.

Әдебиеттер:

1. Назарбаев Н. Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру // Егемен Қазақстан. – 12 сәуір 2017 жыл, №70 (29051).
2. Президент «Туған жер» бағдарламасын қолға алуды ұсынды // Егемен Қазақстан. – 12 сәуір 2017 жыл, №70 (29051).
3. Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру. Ақпараттық-түсіндіру жұмысы бойынша әдістемелік құрал. – Астана, 2017. – 106 б.

ӘОЖ 007 (574)

АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯ ЖӘНЕ АСТАНА «SMART CITY»

МАНАСОВА М.М.

философия докторы (PhD)

Қазтұтынуодағы Қарағанды экономикалық университеті

Бүгінгі таңда тұлғаның қоғамдағы әлеуметтік жүріс-тұрысы жүзеге асуы үшін ақпараттың тұрақты ағымы қажет. Қоршаған ортамен тұрақты ақпараттық байланыс арқылы адам өз қызметін әлеуметтік субъект ретінде қалыптастырады. Ақпаратқа қол жету тоқтап қалған сәтте адамдарда әртүрлі психикалық ауытқулар мен кей жағдайда психикалық аурулар пайда болады. Соған байланысты адамға тұрақты ақпаратты қатынас қана емес, ақпарат көлемі, мазмұны, саны және құрылымы жағынан әсер етеді.

Өзіне қажетті ақпаратты адам жеке қарым-қатынас арқылы, сонымен қатар әртүрлі ақпарат көздерінен алады. Алынған ақпарат ұжымдық дамудың негізіне айналады. Әлеуметтік процестердің күрделі динамикасы, индивидтің күнделікті өміріне қоғамдық өзгерістердің әсері ақпараттарға тәуелді етіп қояды. Әлеуметтік ақпараттарға қажеттілік бұқаралық ақпарат құралдары – радио, телевидение, киноның көмегі арқылы қанағаттандырылады. Бұл жағдай әсіресе саяси, экономикалық аймақтағы азаматтарға қатысты айтылып отыр. Көп зерттеушілердің байқауынша, бұқаралық ақпараттық қарым-қатынас «субъективті шынайылықты» өмірге әкеледі.

Қазіргі заманғы ақпараттық мәдениет адамға материалды (технократиялық) және әлеуметтік жағынан әсер етуде. Ақпараттық мәдениеттің материалды, өндірістік жағына ақпаратты техникалық тәсілдермен жасау, жіберу, кодтау жатады. Ақпараттық мәдениет кәсіби компетентті тұлғаның арқасында жүзеге асады. Технология ақылды қызмет құралы ретінде адамға алдына қойған мақсатты тез әрі тиімді түрде жасауға ықпал етеді. Басқа сөзбен айтқанда, кез келген технология – ғылыми ойлаудың практикалық түрі. Тұлғаның дамуы ақпараттық құралдардың адамның интеллектуалды ортасына келуімен байланысты.

Еліміздің қалалық және ауылдық аймақтарындағы тұрғындар радиоқабылдағыш, теледидар, компьютер, жарнама арқылы жіберілген ақпараттарды қабылдайды. Адам дайын интеллектуалды формаларды қабылдаған сайын ішкі толғаныс, алынған ақпаратты реформалау, сыртқы әлемге жан ашу, өздігінен өзгерту сезімі тоқырауға ұшырайды. Жеке талғам, өз ойын айту, дәлелдеу стандартты түрде ақпаратты мәдениеттің технократиялық жағының басымдылық танытуымен болады.

К. Поппер өз еңбектерінде материалды-технократиялық әдістердің адамның қоғамдық және жеке өмірінің үйлесімділікте болуындағы шектеу көрсетуін айтып өтеді [1]. Технология адам қызметіне

механикалық-рационалды сипат бере отырып, ондағы мәдени-құндылықты мәнділікті жоққа шығарады. Осындай көзқарасты В.А. Кутырев жалғастырады. Ол мәдениетті технология ғасырының алмастырғандығын жазып өтеді. Оның айтуынша, жаңа мәдени тип «екі бөлшекті», адамзат қоғамы екі қабатты, біріншісі, тұрмыс пен мәдениеттің табиғи түрін қолдайды, екіншісі – материалды және психологиялық жағынан ақпараттық технологияға тәуелді [2].

Қазақстан Республикасы 2020 жылға дейінгі даму стратегиялық бағдарламасында және 2010-2014 жылғы ҚР индустриалды-инновациялы даму бағдарламасында Қазақстан Республикасының ақпараттық және коммуникациялық технологияларын дамыту туралы ҚР Үкіметі басшылығымен жоспар жасалынды.

Берілген бағдарлама мақсаты ақпараттық қоғамға өту және инновациялы экономиканы жасау, сонымен қатар инфокоммуникациялық технологияның бәсекеге қабілетті секторын қалыптастыру болды.

Модернизациялау және инфокоммуникация инфрақұрылымын, сандық телерадио және Интернет, электронды қызмет көрсетуді дамыту мақсатында жұмыс жасалды.

Ақпараттық технологиялар - жасау, сақтау, басқару және мәліметтерді өңдеу технологияларына жатады. Соңғы кездері ақпараттық технология ретінде компьютерлік технология түсіндіріледі. Ақпараттық технология компьютерлік программалармен қамтамасыз етеді.

Қазіргі заманғы ақпараттық технологиялардың негізгі ерекшеліктері:

- Сандық айырбастаулардың стандартты құрылымы;
- Компьютерді ақпараттық тасымалдаушы ретінде кең қолдана білу;
- Ақпараттарды сандық технология арқылы алыс қашықтыққа жіберу.

Ақпараттық технологиялар жүйелер, терминалдар, қызмет көрсету орталықтары арқылы топтасады.

Ақпараттық технологиялардың дамуы және ауқымының кеңеюі бүкіл әлемде ІТ бөлімдерінің өсуіне әкеледі. Қазақстан ІТ компаниясы жылдан жылға жоғары көрсеткіш беріп отыр. 2010 жылы 31% — 114,9 млрд теңгеге дейін көтерілді. Ал Ресейде 2010 жылы 28 % болды [3].

Құрылыстық индустрияның орталық тенденциясының бірі ірі қалалардағы ішкі экономикалық қарым-қатынастың дамуымен байланысты. Бұл тенденцияны smart city концепциясы ретінде белгілеуге болады. Бұл жерде қала жобасы кешенді жобалау мәселесіндегі жоғары деңгейді көздейді.

Әлемдік зерттеу бойынша Smart city негізгі принциптері:

- Микроаудан қала тұрғызу бірлігі ретінде;
- Қаланың автономдығы;
- Экологиялық құрылыс стандартына сәйкестігі;
- Жаңа ақпараттық және коммуникациялық технологияларды пайдалану;
- Энергетика, көлік және құрылысқа инновационды технологияларды енгізу.

Қаланың өндірістік жағынан дамуы қазіргі уақытта инфрақұрылымға (физикалық капитал) ғана емес, сонымен қатар білім мен әлеуметтік инфрақұрылымның сапасына (интеллектуалды және әлеуметтік капитал) байланысты. Соңғы айтылған капитал түрі қалалық бәсекеге қабілеттілікті қалыптастыру үшін шешімі мол мағына береді. Сондықтан smart city концепциясы стратегиялық жағынан алғанда маңызды. Smart city концепциясы қазіргі заманғы қалалық өндірістің жалпы құрылымындағы ақпараттық-коммуникационды технологиялардың алға жылжуына, қалалардың әлеуметтік-экологиялық астана ретінде дамуына септігін тигізеді [4].

Smart city қалалардағы маркетинг концепциясы ретінде де қолданылады. Әлеуметтік капиталға инвестиция, көлік және қазіргі заманғы коммуникациялы инфрақұрылым, экономикалық даму, жоғары сападағы өмір сүру, табиғи ресурстарды тиімді пайдалану «smart» қаланың негізгі сипаттамасы. Қалалық мәдениетті зерттеушілер көзқарасынша ақылды қала түсінігі тиімділікті білдіреді. Яғни интеллектуалды басқару мен ақпараттық коммуникациялық технологияны интегралдау негізіндегі тиімділік, сонымен қатар азаматтардың белсенділігі. Смарт қала жобасына сәйкес мемлекеттік саясатта азаматтардың қатысуымен биліктің жаңаша түрі пайда болады.

Smart city дәстүрлі аймақтық және қала дамуындағы неоклассикалық теорияларды біріктіреді. Ақпараттық коммуникациялық құралдарды пайдалана отырып қалалардың мүмкіндіктерін, тұрмыстық деңгейін көтереді. Интеллектуалды азаматтар саны көбейіп, қоғам технологияға байланысты мәселелерде қарқынды дамиды. Интеллект кез келген мемлекеттің, қала немесе аудан болмасын ішкі сапасын қалыптастырады.

Соңғы жылдары смарт қала концепциясы урбанизация процесінде саяси аренада өзекті. Еуропа қауымдастығы қаланы, соның ішінде астаналарды интеллектуалды жағынан көтеру үшін стратегия дайындауға көп күш жұмсады.

Бүгінгі таңда елордамыз Астананың «Smart city» ретінде жоба мақсаты бүкіләлемдік жүйеге сәйкес жасалған болатын:

- Астана қаласы тұрғындарының өмір сүру сапасын көтеру;
- Астана қаласының глобалды бәсекелестік қабілетін дамыту;
- Астана қаласын басқару жүйесіндегі тиімділік.

Сонымен қатар, жоба өз міндеттерін де айқындап отыр. Жобаға сәйкес «Смарт технологиясы» мәселелерін шешу бойынша Астаналық Орталық құрылған. Сол арқылы ортақ ақпарат тасымалдаушы жүйе жасау да қолға алынды.

«Smart Astana» жобасының даму үлгісі Еуропалық «смарт» қалаларының 6 сипаттамаларына сәйкес

жасалған:

- Ақылды бағыт (Smart Governance);
- Ақылды Экономика (Smart Economy);
- Ақылды Мобильділік (Smart Mobility);
- Ақылды Қоршаған орта (Smart Environment);
- Ақылды Адамдар (Smart People);
- Ақылды Өмір сүру (Smart Living) [5].

Астана – еліміздің «парадты бейнесі». Адамның ішкі мәдениеті секілді, қала мәдениеті адамдар санасының қалыптасуына әсер етеді. Кез келген астанада мәдениет дамуы негізгі орынды алады. Еліміздің тұңғыш президенті Н.Ә.Назарбаев жаңа астанамыздың мәдени өмірінің жоғарғы деңгейде екенін атап өтті. Жаңа мұражайлардың, кітапханалардың, концерт залдары, көрмелер, конгрестер және барлық деңгейдегі фестивальдардың өткізілуі елімізге жаңа шығармашыл ұжымдар мен талантты жастардың өмірге келуіне жол ашты.

Қалалар әлемдік өркениет тарихында негіз ретінде мемлекет және мәдениетпен қатар орында тұр. Қоғамда болып жатқан жаңару (инновация) құбылыстары нақ осы қалаларда пайда болып, жергілікті жүйелерді экономикалық және әкімшілік жағынан байланыстыру арқылы түйінді тармақтарға айналып отыр.

Экологиялық тұрақтылық әлем бойынша маңызды мәселелердің бірі. Себебі көптеген қалалар өз дамуында туризм және табиғи ресурстар байлығы арқылы негізін жасады. Астана бүгін тек архитектурасымен ғана емес, экологиялық жағынан таза мегаполис, бау-бақша қаласы. Қала далалық аймақтағы жасыл алаңға айналды. Жыл сайын Қазақстан астанасына туристтердің келу саны артып отыр. Жақын арада Елордамыздың Еуразиядағы ең ірі туристік орталықтарының біріне айналатыны анық. Туристік орталық ретінде дамыту үшін ойын-сауық орталықтарын, қонақүйлер, этнотуризмнің дамуы, көлікпен қамтамасыз ету қажет.

Астананың ықтималды мүмкіндіктерін бүкіл әлемнің мойындауы «EXPO-2017» Бүкіләлемдік көрмесінің Қазақстанда өткізілуінен көрінеді. Қазақстан Президенті «Қазақстан-2050» стратегиясында: «Еліміздің жаңа астанасын тұрғыздық. Бұл қазіргі заманғы қала еліміздің символы мен мақтанышына айналып отыр. Астанамыздың ықпалдылығын пайдалана отырып, әлемге біздің еліміздің мүмкіндіктерін көрсете білдік. Міне, сондықтан да халықаралық қауымдастық Қазақстанды «EXPO-2017» Бүкіләлемдік көрмесін өткізу орны ретінде тандады. Астана болмаса, мұндай жағдай болмас еді. Осындай абырой бәріне беріле бермейді. Біздің ел постсоветтік кеңістікте ғаламшарлық көлемдегі «EXPO-2017» шарасын өткізуде бірінші» анық баяндап кетеді [6].

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Поппер К. Открытое общество и его враги: Пер. с англ. М., 1992. Т. 1 - 2.
2. Кутырев В.А. Устойчивое общество, его друзья и враги <http://philosophy.ru/library/kutyrev/12.html>
3. Научная библиотека диссертаций и авторефератов disserCat <http://www.dissercat.com/content/sotsialnye-tehnologii-kak-faktor-ratsionalnogo-i-effektivnogo-upravleniya-obshchestvom#ixzz30LNpLxy8>
4. www.raexpert.ru
5. Caragliu, A; Del Bo, C. & Nijkamp, P (2009). "Smart cities in Europe". *Serie Research Memoranda 0048* (VU University Amsterdam, Faculty of Economics, Business Administration and Econometrics).
6. Назарбаев Н.А. Стратегия «Казахстан - 2050» новый политический курс состоявшегося государства. <http://strategy2050.kz/>

ӘОЖ 37 (574)

АДАМ ЖӘНЕ АЗАМАТТАРДЫҢ МӘДЕНИ ӨМІРГЕ ҚАТЫСУ ҚҰҚЫҒЫ

САКЕНОВА И.С.

ТПП-31к тобының студенті
Ғылыми жетекші: Абзалбек М.С.
магистр, оқытушы

Қазтұтынуодағы Қарағанды экономикалық университеті

Қазақстан Республикасы мәдени саясатын дамытуда Президент Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан жолы – 2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты жолдауын іске асырудан бастау керектігін айтты. Жаңа мәдени саясаттың стратегиялық доминантасы мемлекет басшысы ұсынған, бай мәдени мұрасымен шығармашылық әулеті бар қазақстан халқын әлемнің ең дамыған 30 елдің қатарына кіру мақсатына ойдағыдай қол жеткізуге жұмылдыруға үндеп, «Рухани жаңғыру» ұлттық сананы рухани жаңғырту және жаңарту ұлттық идеясы болып табылады [1].

Бүгінгі күнгі мәдениет пен мәдени құқықты дамыту әлемнің көптеген халықтары мен мемлекеттерінің негізгі даму басымдылықтарының қатарына жатады.

Табысты мемлекеттің мәдени саясаты жасампаз құндылық бағдарларын қалыптастыру негізінде қоғамның орнықты дамуын қамтамасыз етуге бағытталады және қоғам мен мемлекеттің тыныс-тіршілігінің барлық маңызды аспектілерін дамытудың сапалы өлшемі болып табылады.

Мәдениет саласындағы жетістіктер ведомстволардың, мәдениет мекемелерінің жұмыстарымен, статистиканың сандық көрсеткіштерімен және белгілі есімдердің болуымен ғана өлшенбейді. Бүгінгі күні мәдениет - бұл тұлғаның рухани-эстетикалық дамуының, жалпыұлттық бірлікті қалыптастырудың және елді әлемдік қоғамдастыққа ықпалдастырудың қуатты құралы. Мұнда ұлттық-мәдени тамырлар, тарихи тәжірибе, үздік салт-дәстүрлер, сондай-ақ ұлттың өзінің ұлттық кодын сақтап қалу базалық тірек болып қалады.

“Мәдени мұра” мемлекеттік бағдарламасын іске асыру барысында іс-шаралар кешені жүзеге асырылып, нәтижесінде тарих пен мәдениеттің жаңа ескерткіштері ашылды, маңызды тарихи-мәдени объектілер консервацияланды, реставрацияланды және реконструкцияланды, елдің мәдени мұрасын зерделеудің тұтас жүйесі үшін база құрылды.

“Қазақтың дәстүрлі мың күйі”, “Қазақтың дәстүрлі мың әні” және “Батырлар жыры” бірегей жобаларының шеңберінде халық шығармашылығының ең үздік үлгілері жүйелендірілді.

Алайда, жалпы сала көрсеткіштері қарқынды өскенімен, мәдениет және өнер саласы қызметкерлерінің әлеуметтік мәртебесі мен беделі бұрынғысынша төмен күйінде қалып отыр. Мәдениет саласындағы жаңа жұмыс орындарын ашу серпіні саланың жұмыспен қамтудың орташа республикалық көрсеткішінен артта қалғанын көрсетіп отыр. Қазіргі заманғы қазақстандық мәдениет ұлттың генетикалық кодының қалыптасқан тарихи-мәдени негізі бар жаһандық мәдени диалогқа белсене қатысуы үшін барлық алғышарттарға ие. Ұлттың мәдени кодының негізгі құрамдас бөліктері мұра, салт-дәстүрлер, әдет-ғұрыптар, тіл, отбасы, шаруашылық жүйелер (өмір салты), мерекелер болып табылады.

Өміршең мәдениет өзінің табиғи даму жолы мен өзгерістерінен өзінің арқау-өзегін сақтай отырып өтуде. Өз мәдениеті құндылығының тартымдылығы кеміген және оны төл мәдениеттің рухани және адамгершілік құндылықтарының бастауынан алшақтатуға ықпал ететін басқасы алмастыра алатын жағдайда сәйкестік бұзылуы мүмкін.

Қазіргі заманғы Қазақстанды мәдени дамытудың маңызды бағыттарының бірі мәдени мұраны сақтап қалу, зерттеу және тарату болып табылады. Мәдени мұра - бұл қоғам мен мемлекетіміздің қарқынды дамуы мен әлеуетін нығайтудың сарқылмас күші, жат идеология ықпалынан ұлттық бірегейлік пен символиканы қорғаудың негізі болып табылады.

Мемлекеттік мәдени саясат қоғамдық сананы жаңғыртуға, рухани жаңартуға, қоғамды мәдени және жалпыұлттық шоғырландыруға, адамгершілікті қалыптастыруға, өзіндік ойы бар шығармашыл, жауапты тұлғаны қалыптастыруға бағытталуға тиіс.

Тіл мәдениеттің негізгі элементі және ұлт пен оның бірлігін қалыптастырудың міндетті шарты болып табылады. Қазақ тілін сақтау және дамыту, оны мәтіндік символдар арқылы кезең-кезеңімен латын әліпбиіне көшу арқылы жаңа моделі біздің мемлекетіміздің мәдени саясатының аса маңызды міндетін құрайды. Қазақстан мәдениетінің әлемдік қоғамдастыққа ықпалдасуы қазақ, орыс, ағылшын тілдерінің үш тұғырлығын көздейтін мемлекеттік тіл саясаты арқылы қамтамасыз етіледі.

Қоғамдық сананы жаңғыртуға, рухани жаңартуға және ұлттың мәдени кодын нығайтуға ықпал ететін дәстүрлі құндылықтарды қолдау, адамгершілік бағдарларын қалыптастыру және тілді дамыту, мәдени-тарихи құндылықтарды және дәстүрлерді сақтау, Қазақстанның киелі жерлерінің мәдени-географиялық картасын қалыптастыру, жаһандық әлемде қазақстандық заманауи мәдениетті ілгерілету, өзінің “Туған жер” кіші отанына сүйіспеншілігі мен әлеуметтік сыйластығы арқылы жүзеге асырылады.

Мәдени құқық – бұл азаматтармен, саясатпен, экономикамен өзара байланысып жатқан әмбебап, ажырамас адам құқығының жүйесі бір бөлігі. Мультимәдениет әлемнің қазіргі кездегі ахуалында мүгедектер мен қоғам арасындағы адамгершілік пен әлеуметтік қарым-қатынасты жан-жақты қолдау үшін мәдени құқықтың ролі өте маңызды. Мәдени бостандық пен құқық – адамның рухани, мәдени құндылықтар мен жетістіктерді еркін пайдалану және соны жүзеге асыруда қабілеттерін, қабілеттерін көрсете алу [2, 34].

Отандық құқықтық доктринасында іс жүзінде тек қана мәдени құқықтарға арналған зерттеулер жоқ. Бұндай жағдай отандық құқықтануда экономикалық, әлеуметтік, мәдени құқық деген дәстүрлі түсінік қалыптасып кеткен [3,121]. Мәдени бостандық пен құқықты әлеуметтік, экономикалық құқықтан теориялық және тәжірибе жүзінде жекешелендіру объективтілік қажеттілікті туғызады. Л.А.Каратаева: «мәдени құқық ерекше құқықтық реттеуді, мазмұнындағы нақтыланған параметрлерінің болуын талап етеді дей отырып, «адамның мәдени құқығы» мағынасының құқықтық доктрина және ұлттық заңнамада ұғымында анықталмағанымен аяқталуы мүмкін»-деген болатын[4, 32].

Мәдени құқыққа қатысты халықаралық-құқықтық акт пен құқықтық доктриналарды қарап, мынадай негізгі элементтерді құрайды:

-әр адамның мәдени өмірге қатысу құқығы;

-ғылыми жетістіктері мен тәжірибе жүзінде пайдалану нәтижесімен қолдану құқығы;

-әр адамның авторлар туындыларынан:ғылыми, әдеби немесе шығармашылық еңбектерге байланысты материалды және моральды қорғау құқығын пайдалану;

-шығармашылық қызмет пен ғылыми зерттеуге қажетті бостандық құқығына ие болу.

Алайда мәдени өмірдегі адамның қатысуы орталықтандырылған мәдени құқық жүйесі деген де көзқарастар кездеседі.

Алғаш рет 1948 жылы халықаралық деңгейде мәдени өмірге әр адамның қатысу құқығы Жалпыға ортақ адам құқықтарында бекітілді: «Әр адам мәдени өмір сүруге құқылы». Кейінірек халықаралық-құқықтық акте адамның мәдени өмірге қатысуға құқығы әртүрлі көзқарас бойынша туралы сөз қозғалды: мәдени өмірге қатысуға тең құқылық(1965 жылы жаппай дискриминациялаудың барлық нысандарын жою туралы халықаралық конвенция), барлық әлеуметтік және мәдени өмірге қатысу құқығы(1979 жылы Әйелдерге қатысты кемсітудің барлық нысандарын жою туралы конвенция), жан-жақты мәдени және шығармашылық өмірге қатысу құқығы(1989 жылы бала құқығы конвенциясы), мәдени өмірге қатысу мүмкіндігі құқығы(1990 жылы жұмысшы-мигранттар мен олардың отбасын қорғау туралы халықаралық конвенция), және басқалармен тең мәдени өмір сүру құқығы(2006 жылы мүгедектер құқығы туралы конвенция). Талдап отырған сұраққа қатысты 1966 жылы азаматтық және саяси құқық туралы халықаралық пактте (17, 18, 19, 21 и 22 баптар) де айтылып кеткен.

Мәдени құқықта туындаған мәселелер жекелеген немесе басқа топ мүшелер арасында құқықтық қорғауды қажет ететін жағдайлар:

-өз мәдениетін қолдану, дінін ұстану және рәсімдерін орындау, сонымен бірге туған тілін қолдану(азаматтық және саяси құқық туралы халықаралық пакттің 27 бабы);

-мәдени өмірге тиімділікпен қатысу құқығы(1992 жылы Ұлттық немесе этникалық, діни және тілдік аз топтарға тиесілі тұлғалардың құқықтары туралы декларация; 1995 жылы Ұлттық азшылықтарды қорғау туралы Шектелмелі конвенциясы);

-құқықтық институт, туған жер, табиғи ресурс және дәстүрлі білімді жүзеге асыру құқығы(Біріккен Ұлттар Ұйымының тұрғылықты халық құқықтары туралы декларациясы және 1989 жылы тәуелсіз елдегі тұрғылықты халықтар және тайпалы өмір сүретін халықтар туралы №169 конвенция);

-дамуды жүзеге асыру құқығы(1986 жылы Даму құқығы туралы декларация).

Мәдени құқықты талқылау туралы негізгі халықаралық келісім 1966 жылғы экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқық туралы халықаралық пакттың 15 бабында арнайы адамның мәдени құқығы туралы айтылып кеткен. Сонымен қатар әр адамның мәдени өмірге құқығы білім алу құқығымен тығыз байланысты. Пакттің 13-14 баптарында жекелеген тұлғалар мен қоғамдардың құндылықтары, діні, дәстүрі, тілі және мәдениеттің негіздері көрсетілген, соның арқасында мәдени құндылықтарды сыйлау мен өзара түсіністік атмосферасын айқындап беруге көмектеседі.

Мәдени өмірге адамның қатысуын қамтамасыз ету үшін мемлекетке белгілі бір әрекеттер жасауда сақ болу (мысалы, мәдени тәжірибе мен мәдени қызметтерді жүзеге асыру кезінде араласпау, мәдени өмірге қатысу үшін жағдай жасау, мәдени құндылықтарға және оны сақтауға мүмкіндік беру) керек.

Мәдени өмірге қатысуды жекеленген түрде не басқалармен бірге жүзеге асыру немесе жүзеге асырмау адамның мәдени тандауы болып табылады. Сонымен бірге тандау құқығы, сыйлау, қорғалуы, мойындалуы теңдік қағидасына сәйкес болуы керек. Әсіресе топтасып немесе жекелеген түрде барлық адами құқық пен негізгі бостандықтарды толығымен пайдалана алатын тұрғылықты халықтарға ерекше маңызға ие.

Мәдени өмірге әр адамның қатыса алу құқығын қалай түсінуге болады? Бұл жерде мәдени өмірдегі адамның жекелеген құқықтары, нақтылай айтсақ «әр адам», «мәдени өмір», сонымен бірге «қатысу» немесе «қатыса алу» ұғымдарымен түсіндірілген.

«Әр адам» термині жекелеген тұлға мен адамдар тобын да білдіреді. Басқаша айтқанда мәдени құқықтар бір тұлғаның және қоғам, топ негізінде басқа адамдармен бірлесіп жүзеге асырылатын құқық мәнісінде түсіндірілген [5].

«Мәдени өмір» мен «мәдениет» ұғымдары бір терминге келтіріп айту айтарлықтай қиындық туғызады. Халықаралық құжаттарда қарастырылған мазмұны:

-мәдениет рухани және материалды, зияткерлік және эмоционалдық сияқты қоғамдағы немесе әлеуметтік топқа сай қарастырылуы керек, кем дегенде шығармашылық пен әдебиет «бірге өмір сүру» жүйе құндылығы, дәстүрлер мен сенім сақталуы қажет(2001 ж. Мәдени әртүрлілік туралы ЮНЕСКО-ның жалпыға ортақ декларациясы 5 преамбула);

-мәдениет «табиғатынан адамдар шығармашылығы мен бір-біріне әсер етуі арқылы пайда болатын, бір жағынан өмірдің қажеттілігіне қарай білім алуы, бір-бірімен араласуы арқылы байланысып жатқан қоғамдық белгі»(1976 ж. мәдени өмірге жаппай халық болып ат салысу туралы ЮНЕСКО ұсынысы);

-мәдениет «адамның немесе адамдар тобының дамуы мен тіршілік ету арқылы өмір сүру қалпын, институттарын, дәстүрлерін, білім мен шығармашылығын, тілін, сенімін, құндылықтарын қамтиды»(2007 ж.Мәдени құқық туралы Фрибург декларациясы) [6].

Жалпы мәдениет белгілі бір топтың басқалардан ерекшелігін материалды және интеллектуалды әрекеттер мен өнімнің жиынтығы болып табылады.

«Мәдени өмір» өткенмен, бүгінгі күнмен, болашақпен өзара байланысып жатқан тарихи, динамикалық және дамушы өмір процесі ретінде түсіндірілген. Мәдениет концепциясын ерекшелендірілген немесе оқшауланған деңгей ретінде емес, жекелеген тұлға мен қоғамдық ерекшелік пен мақсатын сақтау арқылы адамдық мәдениет көрініс табады. Бұл концепцияда қоғамның ерекше мәдени көзқарасын шығармашылық және өнім туындысы және индивидтік қасиет сақталған.

Мәдениет музыка, ауызекі және көркем әдебиет, тіл, өмір салты, шығармашылықтар, тілдік емес қарым-қатынас, дін және діл жүйесі, дәстүр мен рәсім, спорт және ойындар, табиғи және табиғи емес орта, технология мен өндіріс әдістері арқылы бір немесе бірнеше адамның адамдық қасиеттерін өмір сүру

құндылығында қолданады. Мәдениет қоғамның және жеке адамның экономикалық, әлеуметтік және саяси өміріндегі құндылықтарын бір пішінге келтіріп көрсетеді.

Соңғы терминіміз - «қатысу» немесе «қатыса алу». Екі термин бір мағынаны береді және басқа да халықаралық және аймақтық құжаттарда бірдей қолданылады. Мәдени өмірге тең қатысу үш негізгі өзара байланысқан компоненттен тұрады: мәдени өмірге қатысу; мәдени өмірге қатысуға мүмкіндік; мәдени өмірге үлес қосу.

Мәдени өмірге қатысу әр адамның басқалармен тең құқықта әрекет ету, еркін өзінің идентитетін таңдау, белгілі бір қоғамға немесе бірнеше қоғаммен бірге болу, қоғамның саяси өміріне араласу, өзінің жеке мәдени саясатымен айналысу және өз таңдауы бойынша кез келген тілде қарым-қатынас жасай алады. Сонымен қоса әр адам мәдени өмірді қалыптастырып, сол білімін шыңдауға, басқа қоғамдағы адамдармен бөлісуге, өзара айырбастауға, шығармашылық қызметпен айналысуға құқылы.

Мәдени өмірге қатысуға мүмкіндік әр адамның жекелеген түрде, басқалармен бірге немесе қоғаммен бірге өз мәдениетін және басқалардың мәдениеттерін ақпараттар арқылы білу, түсіну, сапалы білім алуға құқылы. Әр адам сонымен бірге ақпараттық немесе коммуникациялық құралдардың техникалық таралу мен қолдану әдістерімен танысуға, жер, су, биоәртүрлілік, тіл немесе нақты бір институт сияқты мәдени құндылық және сондай ресурстарды лайықты түрде қолдану арқылы өмір сүру, басқа адамдардың және қоғамның шығармашылықтармен танысуға құқылы [7,81].

«Мәдени өмірге үлес қосу» термині әр адамның рухани, материалды, интеллектуалды және эмоционалды қоғамға әсер ету және қолдануға құқығына қатысты. Қоғамдағы іске асып жатқан саясаттағы шешіміне тікелей әсер етуге құқылы.

Толық мәдени өмірге құқығын жүзеге асыруда әр адам теңдік және дискриминацияға ұшырамау негізінде келесідей шарттарды сақтауы керек.

Біріншіден, мәдениет кез келген адамға ашық түрде мәдени қызмет объектісі және пәні дұрыс жүзеге асуы керек. Сонымен бірге оның мәдени құндылығы кітапхана, мұражай, театр, кинотеатр және стадиондарды қоса алғанда: әдебиет(фольклор), кез келген пішіндегі шығармашылық туындысы: ашық жалпыға ортақ қолданатын жерлер,оның ішінде саябақ, даңғыл және көшелер; табиғи байлықтар: теңіз, өзен, көл, тау, орман, қорықтар; материалды емес мәдени бағыттағы құралдар: тіл, дәстүр, рәсім, салт, сенім, білім, тарих ретінде өмір сүруі керек. Аталған мәдени пән мен объектілер жиынтығы арасында ерекше бағаланатыны – бір территорияда емін-еркін қолдана алатын қоғам және әртүрлі топтардың арасындағы мәдениаралық байланысы.

Екіншіден, мәдениет бәріне қолжетімді болуы керек. Жекелеген тұлғаның немесе қоғамның толығымен физикалық, қаржылық мүмкіндіктеріне қарамастан мәдениетті пайдалана алады. Осыған сәйкес мүгедектер, қарт кісілерге және кедей тұратындарға қолжетімділікті қамтамасыз етіледі.

Үшіншіден, мәдени құқықты жүзеге асыру мақсатында мемлекеттік қатысу кезінде заңдар, саясат, стратегия, бағдарлама және қолдану жолдарымен жекелеген тұлғалар мен қоғамға тиімді болуы керек. Осыған сәйкес жекелеген тұлғалар мен қоғам үшін қолайлы шаралар қолдану мақсатында консультациялар жүргізілуі тиіс.

Төртіншіден, нақты бір адам құқығын жүзеге асыру жекелеген тұлғалар, қоғам мен халықты қоса алғанда мәдениетті сыйлау және мәдени құқықтарға бірдей ие [6].

Мемлекет ұлттық және аймақтық, тарихи, мәдени, діни ерекшеліктерін мәдени, экономикалық және саяси жүйесіне қарамастан адамның барлық құқықтары мен бостандықтарын қорғау тиіс.

Осылайша адам құқықтарына мәдени әртүрлілікке сілтемелеп халықаралық құқықпен кепілденген адам құқықтарына зиян келтіруге, шектеуге болмайды.

Мәдени өмірге қатысу үшін кез келген адамның құқығын шектеуді қолдау белгілі бір жағдайларға байланысты, әсіресе басқа адамдар құқығына зиян келтіретін негативті тәжірибеге қатысты қолданылуы мүмкін. Бұндай шектеулер заң жүзінде демократиялық қоғамдағы бейбітшілікті сақтау мақсаты көзделген экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқық туралы Пактке сәйкес болуы керек.

Мәдени өмірге кез келген адамның қатысу құқығын жүзеге асыру кезіндегі тындайтын маңызды сұрақ дискриминацияға жол бермеу болып табылады. Экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқық туралы Пактте кез келген мәдени өмірге кез келген адамның қатысу жолында нәсіл, жынысы, тілі, ділі, діні, саяси не өзге де көзқарасына, ұлтына, әлеуметтік немесе басқа да жағдайына қарамастан құқықтарының қандай да болмасын дискриминациялануына жол берілмейді.

Мәдениеттің рөлін ұғынуға деген заманауи көзқарас жаңа әлеуметтік-мәдени ортаны қалыптастыру қажеттілігін негіздейді, оның маңызды бағыттары бәсекеге қабілеттілік, прагматизм, ұлттық бірегейлікті сақтау, білімнің салтанат құруы, сананың ашықтығы және мемлекеттің эволюциялық даму жолы болып табылады. Қазіргі жағдайларда мәдени саясаттың маңызды артықшылығы тұлғаның, бизнестің және тұтастай мемлекеттің маңызды жетістігінің аспектілері ретінде қоғамның шығармашылық белсенділікке және өз бәсекелестік артықшылығын арттыруға деген қарым-қатынасының өзгеруі болуға тиіс. Бұл, ең алдымен, Қазақстан Республикасының әлемнің ең дамыған 30 мемлекетінің қатарына жедел кіруіне ықпал ететін қазіргі заманғы, әлемдік стандарттарға негізделген мәдени инфрақұрылымды және саланы ұйымдастыру мен басқарудың тиімді моделін құруды талап етеді.

Мәдени саясат тұжырымдамасы Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы елдерінің озық тәжірибесі ескеріле отырып әзірленді, атап айтқанда, жұмыспен қамту және кірістер деңгейінің көрсеткіштері

бойынша мәдениет және өнер саласын күшейтуге бағытталған. Мұндай жағдайларда мәдениет саласы экономика ресурстарының біріне, бизнес-бастамалар үшін тартымды инвестициялық салаға айналып келеді, бұл атап айтқанда: кино индустриясы, анимация, цирк өнері, музей, концерт пен театр қызметтері және тағы басқалары сияқты өнердің жекелеген түрлері мен мәдениет ұйымдарын экономикалық тұрғыдан табысты (рентабельді) деңгейге шығаруға мүмкіндік береді.

Әдебиеттер тізімі:

1. Нұрсұлтан Назарбаев: «Қазақстан жолы-2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ». <http://www.inform.kz/kz/elbasy-nursultan-nazarbaev-kazakstan-zholy-2050>.
2. Марченко М.Н. Теория государства и права. — М.: изд. Зерцало, - 2004. - 640 с.
3. Путило Н.В. Социальные права граждан: история и современность. — М., 2007. - М.: ИД "Юриспруденция", 2007. - 320 с.
4. Каратаева Л.А. Культурные права и свободы человека и гражданина — самостоятельная группа прав и свобод // Административное и муниципальное право. — 2009. — № 3. — С.32-36.
5. Замечание общего порядка № 17 (2005 г.) «Право каждого на пользование защитой моральных и материальных интересов, возникающих в связи с научными, литературными или художественными трудами, автором которых он является (ст. 15 (1) с) Пакта» // Док. ООН. E/C.12/GC/17 от 12.01.2006.
6. Фрибургская декларация о культурных правах 2007 г. URL: <http://www.unifr.ch/iiedh/assets/files/declarations/eng-declaration.pdf>.
7. Абашидзе А.Х., Миловидов О.Д., Солнцев А.М. Бог велел делиться. Международно-правовые проблемы доступа к генетическим ресурсам и совместного использования выгод // Обозреватель. — 2008. — № 8 (222). — С. 81-87.

УДК 378(574)

ПОЛИТИЧЕСКОЕ ЛИДЕРСТВО КАК ИНСТИТУТ ВЛАСТИ: СУЩНОСТЬ, ФУНКЦИИ, ТИПОЛОГИЯ

ТОЛЕУТАЕВА А.Н., ТАКИРОВА Г. А.

Карагандинский экономический университет Казпотребсоюза

Политическое лидерство, — это «власть, осуществляемая одним или несколькими индивидами с тем, чтобы побудить членов нации к действиям». Оно воздействует на большие массы людей, которые ставят перед собой масштабные цели и испытывают к тому же постоянное противодействие со стороны оппозиционных сил. Политическими лидерами являются наиболее влиятельные лица, которые способны мобилизовать общество, или его значительную часть для достижения социально-значимых целей.

Лидер – это личность, способная оказывать постоянное и решающее влияние на государство, общество, организацию, большую или малую группу.

Политический лидер — это и центр власти, и «мозг», и «визитная карточка» тех сил, которые его выдвигают на лидирующие позиции и обеспечивают ему постоянную, длительную поддержку. Он - политический менеджер, управляющий, руководитель своих последователей и сторонников.

Также, политическое лидерство – это приоритетное постоянное влияние одного или нескольких лиц, занимающих властные позиции, на группу, организацию, общество в целом. [1]

Характеристика политического лидерства должна исходить, прежде всего, из понимания того, что лидерство, как таковое, является универсальным и неотъемлемым механизмом функционирования любой человеческой общности. Благодаря ему, сообщество людей получает дополнительные возможности для усиления внутренней интеграции, повышения степени целостности и, как следствие, укрепления своей жизнестойкости.

Лидерство является способом внутреннего структурирования социальной группы, выделения тех основополагающих элементов, которые способствуют реализации ими своих общих интересов. В этом смысле лидерство характеризует не только персональные качества осуществляющего эти функции лица (группы лиц), но главным образом их отношения с основной частью населения. Лидер – это элемент поддержания отношений «верхов» и «низов», их институционализации в целях самосохранения общности и осуществления ею своих интересов. По сути дела, лидер – это институт, связанный отношением ответственности перед населением. Учитывая социальную природу таких отношений, лидер наряду со своими статусными характеристиками отражает и наличие особых нравственно-этических отношений с населением, которые могут свидетельствовать о том или ином уровне авторитетности правления.

Лидерство представляет собой исторически сложившуюся потребность людей в организации своей деятельности.

Формы лидерства

Существует 2 формы лидерства:

- формальное (формально-должностной статус, связанный с обладанием властью);

- неформальное (субъективная деятельность по выполнению возложенной социальной роли).

Первый аспект имеет ключевое значение для оценки личности как политического лидера.

Второй аспект - личностные качества и реальное поведение на занимаемом посту - определяет главным образом лишь получение и сохранение властной должности, а также служит для оценки лидера как результативного или нерезультативного, «хорошего» или «плохого» руководителя.

Характерные черты лидера:

1. Наличие ясной политической программы;
2. Популярность, умение нравиться людям. Харизма;
3. Политическая воля;
4. Ум и политическая интуиция;
5. Организаторский талант;
6. Знание ожиданий и состояния различных политических и социальных групп;
7. Ораторские способности;
8. Физические данные.

Выделяют следующие функции, которые выполняет лидер в политическом процессе:

1. интегративная – интеграция групп или общества в целом;
2. инструментальная – функция принятия решений;
3. коммуникативная – передача информации и поддержание связи между народом и властью;
4. мобилизационная – мобилизация масс на реализацию задач, стоящих перед группой или обществом;
5. функции социального арбитража и патронажа – разрешение споров между группами и отдельными индивидами, а также защита интересов своих сторонников;
6. функции легитимации политической системы и отдельных институтов.

• Функции политического лидерства варьируются в зависимости от его типологических особенностей и от существенных характеристик политических режимов, в которых оно реализуется. [2]

Простой и широко распространенной классификацией лидерства в организации является выделение его трех типов (иногда их называют ролями лидера):

1. Деловое лидерство. Такой стиль лидерства встречается в случаях, когда члены команды соглашаются подчиняться определенному лидеру только для выполнения какого-то определенного задания. Такие «сделки» обычно происходят тогда, когда организация платит своей команде за ее усилия и качественную работу. Но лидер также имеет право «наказать» членов команды, если их работа не будет соответствовать заявленному стандарту.

Может показаться странным, но у делового лидерства также есть свои преимущества. Например, при таком стиле лидерства все роли и обязанности predetermined. Кроме того, амбициозные работники, мотивированные какими-либо наградами, будут всегда успешными и финансово благополучными.

Недостатком такого стиля является то, что членам команды может не нравиться такой контроль. Они могут чувствовать себя ущемленными, что может привести к текучести кадров.

Деловое лидерство иногда рассматривается больше как тип управления, нежели стиль лидерства, потому что оно предполагает кратковременное взаимодействие лидера и команды. Оно также не подходит для ситуаций, когда приветствуются креативность и специфические знания. Однако, такой стиль лидерства довольно успешно применяется в других ситуациях.

2. Эмоциональное лидерство. Эмоциональное лидерство – явление редкое, однако ему можно научиться. В первую очередь следует понять различия между управленцем и лидером.

Основной инструмент, который должен освоить эмоциональный лидер – это свои собственные эмоции. Они заразительны, поэтому истинному лидеру следует научиться сдерживать вызывающие упадок отрицательные настроения, а культивировать зажигательные, оптимистические эмоции, порождающие нужный настрой. Помимо этого, эмоциональному лидеру следует совершенствовать свой самоконтроль, волевые и адаптационные качества, инициативность, оптимизм, уверенность в себе, умение работать в команде и разрешать конфликты.

3. Ситуативное лидерство. Это стиль управления людьми, предполагающий использование одного из четырех стилей управления в зависимости от ситуации и уровня развития сотрудников по отношению к задаче. [9]

Digital-оффлайн. Digital реклама уже вышла за рамки онлайн-мира. 3D-проекции вот еще одна тенденция в digital рекламе, которую активно используют крупные корпорации, такие как Adidas, LG, Audi, Nissan и др. К примеру, Nissan Canada запустила в разных городах мира проекцию отображающейся на воде нового Nissan Altima. Компания была приурочена ко Дню Канады. Для отображения 3D-проекции специальным насосом выпускалось 3300 литров воды в минуту, стоящей стеной на 36,5 метров, что представляло собой идеальный экран для десятков тысяч зрителей. Это реклама перешедшая в шоу. Точно также компания Microsoft для рекламы нового интерфейса Live Tiles (“живые тайлы”) Windows Phone 8, представляющим интересную альтернативу обычным ярлыкам, решила перенести ничего не подозревающих прохожих на настоящий рок-концерт. К участию в необычной инсталляции была приглашена популярная норвежская электро-рок группа Datarock. Для нее была специально смонтирована сцена на одной из улиц в Осло, скрытая за макетом стены. Напротив такого импровизированного клуба на дороге был размещен интерактивный «живой тайл». Привести в действие тайл с музыкой можно было, наступив на него. И тут происходило самое интересное: фальшивая стена падала и прохожие оказывались в центре настоящего рок-концерта, окруженные массой фанатов.

Для усиления рекламного эффекта лучше, чтобы оффлайновые инсталляции были наиболее интерактивными, а высшим классом станет их интеграция с мобильными устройствами. Например, компания Adidas установила набирающие популярность digital витрины, сделав их максимально интерактивными. Покупатели могут не только пролистать каталог, но и поиграть с моделью, заставив ее примерить любые предметы одежды. Еще одна особенность состоит в том, что к инсталляции можно подключить смартфон и перекинуть все интересующие предметы в корзину для последующей покупки. И для этого даже не нужно дополнительно устанавливать никакое приложение [3].

Таким образом, отметим, что Digital технологии меняют рекламные рынки по всему миру. Предполагается, что с 2018 года digital станет основным медиа, впервые обогнав ТВ по объему рекламных инвестиций. Ожидается, что доля digital достигнет 37,6% (34,8% в 2017 г.), что эквивалентно \$215,8 млрд. Доля ТВ составит 35,9% (37,1% в 2017 г.). Контекстная реклама в 2018 г. опередит традиционные печатные СМИ (газеты и журналы).

Что касается казахстанского сегмента, то Digital –реклама, следуя глобальным тенденциям, переживает бум. И происходит он как в количественном, так и в качественном плане. В количественном плане это выражается в росте объема интернет-рекламы. К примеру, в 2016 году, по данным TNS Gallup, объем рекламы в Интернете составил 4–4,3 млрд тенге, а к концу 2018 года он прогнозируется на уровне 6,5 млрд тенге, то есть примерный рост составит 46%.

По данным Select Communication Group, в 2016 году в Казахстане объем интернет-рекламы распределился следующим образом: 1,5 млрд тенге составил объем контекстной рекламы, 1,9 млрд тенге — баннерная реклама, 0,5 млрд тенге — онлайн видео, а на SMM (маркетинг в социальных сетях) пришлось 0,2 млрд тенге.

Бурный рост цифровой рекламы происходит на фоне спада объема наружной рекламы (ожидается снижение объемов с 6 млрд до 5,8 млрд тенге на конец 2017 года) и рекламы в прессе (прогнозируется снижение объема с 3,2 млрд до 3 млрд тенге).

В качественном плане изменения, происходящие на рынке, выражаются в том, что увеличилось число мероприятий, конференций, связанных с диджитал маркетингом (Marcon, Astana Digital Forum, Top Digital Forum, MobiEvent и др.), растет профессиональная квалификация казахстанских специалистов, на рынок начали заходить крупные игроки.

Корпорация Google решила усилить свои позиции в сфере онлайн видео рекламы, а компания Яндекс открыла офис и начала интенсивно развивать онлайн рекламу и свою рекламную сеть в Казахстане. На рынок также зашли игроки перформанс маркетинга (компания Linkprofit объявила о своих намерениях развивать CPA сети в Казахстане в августе этого года).

Учитывая то, что казахстанцы ежедневно проводят в интернете в среднем 2,5 часа в онлайн рекламе Казахстан прослеживаются 3 тенденции по изменениям объема рынка:

1. Баннерная реклама будет терять в объемах.
2. Контекстная реклама будет расти с приходом «Яндекс Директ».
3. Будут расти объемы онлайн видео.

Баннерная реклама в Казахстане в последние годы была одной из самых дорогих и менее эффективных видов Интернет-рекламы. Частичный отказ от баннерной рекламы наблюдается уже давно, и эта тенденция еще больше усилится в 2018 г.

Объем контекстной рекламы в последние годы рос стабильными темпами, испытав настоящий бум в 2016 г. С приходом Яндекс этот процесс только усилится. Яндекс нацелен не только на то, чтобы развивать онлайн рекламу и свою рекламную сеть в Казахстане, а именно увеличивать объем контекстной рекламы.

Рынок онлайн видео сделал скачок в 2016 году, рос стремительными темпами в 2017 и 2018 годах. Google с этого года начала активно развивать Youtube, и видеоблогинг является прямым свидетельством этому.

Частичный отказ от баннерной рекламы и переход на контекстную рекламу свидетельствует о том, что в Казахстане все больше приближается к мировым тенденциям развития рекламной деятельности. Можно прогнозировать, что в 2018 г. мы будем наблюдать динамические изменения в сфере онлайн рекламы, Digital-маркетинга в Казахстане, и 2017 год закладывает для этого основы [4].

На сегодняшний день digital является единственным способом маркетинга, который дает возможность достаточно точно, даже можно сказать – конкретизировано, выбирать целевую аудиторию, что, само собой, повышает эффективность рекламирования. Причем, digital-реклама может даже не отличаться впечатляющей креативностью, главное, чтобы ее разработчики сумели воспользоваться теми техническими возможностями, которые предоставляет цифровая платформа.

Список литературы:

1. <http://www.sostav.ru>
2. <https://kapital.kz/business>
3. Маркетинг инноваций и инновационный маркетинг: учеб. пособие для студ. экон. спец. вузов / Ю.И. Осик, З.Н. Борбасова, О.В. Прокопенко, В.З. Валеева. - Караганда: Изд-во КарГУ, 2016.- 155 с.
4. www.imagecms.net

ӘОЖ 379.851

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҚОҒАМДЫҚ ТАМАҚТАНДЫРУ САЛАСЫНДАҒЫ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРДІ ТАЛДАУ

АБЗАЛБЕК Ж.С.,

ТПП-42к

Ғылыми жетекші – Аешова Н.Т.

аға оқытушы

Қазтұтынуодағы Қарағанды экономикалық университеті

Қазіргі заман ағысына ілесу-уақыт талабы. Сол орайда еліміздің әр саласын жетілдіріп, дамытуда түрлі шаралар қолға алынып жатыр. Ол қоғамдық тамақтандыру бизнесін де айналып өтпек емес. Әлемнің барлық елдерінде үйге қыдыра келген бейтаныс немесе туыс кісілерге ерекше назар аударылып, аса зор құрмет көрсетіледі, сондықтан қоғамдық тамақтандыру саласын үнемі жетілдіріп отыру қазіргі таңда өзекті мәселеге айналып отыр.

Қоғамдық тамақтандыру кәсіпорындары мемлекеттік сауда ұйымдарына немесе жекеменшік орындарға кіреді. Ежелгі заманнан өкімет қоғамдық тамақтандыру дамуына үлкен назар аударған. Совет үкіметі кезінде көптеген мейрамханалар мен трактирлер жұмысшылар мен олардың жанұя мүшелері тамақтанатын қоғамдық асханаларға қайта өңделген. Сол кездің көсемі В.И. Ленин жұмыстың үлгі аларлықтай қойылымында қоғамдық тамақтандыру орындары адамның жанды еңбегі мен шикізат өнімдерін үнемдейтінін, тұтынушыларға қолайлы жағдайлар тудыратыны туралы ашық айтқан. Қоғамдық тамақтандыру орындарының жалпылама дамуы жоғары автоматтандырылған кәсіпорындардың құрылуы арқылы саланың өңделуіне, олардың мамандырылған кәсіпорындарда немесе өндірістің сәйкес саласында жасалған жартылай фабрикалармен, дайын тағамдармен, консервіленген және мұздатылған дайын өнімдермен қамтамасыз етілуіне өтуге негізделеді.

Тауар айналымының және қоғамдық тамақтандыру өнімін өндірудің өсуі екі бағыттан іске асырылады: қоғамдық тамақтандыру жүйесімен қызмет көрсетілетін халықтың аумағының кеңею сызығы бойынша және осы саланың қызметтерін қолданатын әрбір тұтынушының жалпы қоғамдық тамақтандыру көлеміндегі қоғамдық тамақтандыру өнімдерін тұтынудың тиесілі салмағының өсуі.

Туризм елдің тұтас өңірлерінің экономикасына белсенді ықпал етеді. Туризм саласында шаруашылық жүргізуші субъектілердің құрылуы мен жұмыс істеуі жол көлігінің, қоғамдық тамақтандыру саласы, халыққа сауда, мәдени, дәрігерлік қызмет көрсетудің дамуымен тығыз байланысты. Қазақстанның тәуелсіздік алуы туристік қызметті реттеу мен халықтың тарихи және мәдени мұрасын жаңғырту үшін негіз болып қаланды.

Өркениетті нарықтық қатынастардың дамуы, әлемдік тәжірибе көрсетіп отырғандай, бақылайтын, кешенді және тұрақты негізде мемлекеттің реттеуінсіз мүмкін емес. Ең алдымен бұл- туристік индустрияны жоспарлау мен дамыту бойынша ғылыми негізделген нақты мемлекеттік бағдарлама. Оның жүзеге асырылуы туристік қызмет саласына капитал салымының тиімділігін арттырып, еліміздегі туристік ресурстарды мейлінше тиімді пайдалануға мүмкіндік береді.

Өркениетті нарықтық қатынастардың дамуы, әлемдік тәжірибеге негізделгендей, бақылайтын, кешенді және тұрақты негізде мемлекеттің реттеуінсіз мүмкін емес. Кері құбылыстарды дереу артта қалдыру, қарапайым шындықты түсінуге байланысты-мемлекет пен Қазақстандағы туристік саладағы бизнестің

ынтымағынсыз әлемдік туристік нарыққа ену қиына түседі. Осы бағытта салыстырмалы өзіндік бағдарламаларды жүзеге асыруға баса назар аудару қажет. Оның жүзеге асырылуы туристік қызмет саласына салынған капитал салымының тиімділігін арттырып, еліміздегі туристік маршруттарды мейлінше тиімді пайдалануға мүмкіндік береді.

Туристік қызмет индустриясының дамуын жоспарлау барлық деңгейлерде, яғни халықаралық, ұлттық, өңірлі, аудандармен объектілерге қатысты жүргізілуі қажет. Сонымен қоса, ол дамуды үнемі бақылап, тиімді басқаруға негіз болып, туристік қызмет секторының ұзақ мерзімді табысты қызметін қамтамасыз етеді. Жоспарлауға деген жүйелі қадам ғана экономика, экология және әлеуметтік, мәдени орталардың бірлігі қамтамасыз етіліп, туристік қызмет индустриясының тұрақты дамуына септігін тигізіп, елімізге және жеке өңірлерге айтарлықтай экономикалық тиімділік әкеле алады.

Қазақстан-жүзден астам ұлты бар, қонақжай халқы бар республика. Қоғамдық тамақтандыру орындарының тарихы ежелден өзінің тамырларымен қонақты қабылдау әдеті мен салт-дәстүрінен басталады. Қонаққа әрдайым ерекше көңіл бөлінетін, ол төрде отағасының оң жағында отыратын. Мейрамханалық бизнес орындарының қарқынды дамуы Ұлы Жібек жолының пайда болуынан басталды. Ежелден және орта ғасырларда Жерортадан Қытайға дейін Еуразияны қиылысқан керуен жолдарының жүйесі халықтың сауда және мәдени байланыстарының пайда болып, дамуының қайнар көзі болып саналды.

Бұл жерлерде ірі сауда орталықтары тұрғызылған болатын, сондықтан да әр түрлі елдерден саяхатшылар келетін. Барлық саяхатшыларды киіз үйге сыйғызу мүмкін емес болды, сол себептен тұрақты аулалар, мейрамханалар пайда бола бастады. Аулаларда ең қажетті қызметтер: орналастыру, тамақтандыру, су беру қызметтері көрсетілген. Сауда жолдарында керуен-сарайлар салынып, түйе мен жылқылар үшін арнайы жайғастыру пункттері болған.

Саяси жағдай дипломаттар мен саудагерлерге жол жүру кестесін таңдауды анықтап берді. Бұның өзі туризм мен қоғамдық тамақтандыру бизнесінің пайда болуына себеп болды. Қалалар өздерінің базарларымен көріне бастады. Минералды сулары бар жерлерде-санаторийлер тұрғызылды. Емдік туризмінің Қазақстанда дамуымен байланысты таулы туризмнің рөлі зор, яғни маңызды болып туристерге арналған түнеу объектілері салына бастады [1].

Республикамыздың қоғамдық тамақтандыру бизнесіндегі көптеген көркем жерлерінде туристік базалар салынды. Жыл сайын қоғамдық тамақтандыру орындар санына қарағанда, қызмет көрсетудің орналастыру құралдарының қосымша түрлеріндегі орындар саны тез өсе бастады. Әуелі, қоғамдық тамақтандыру бизнесіндегі орналастыру құралдарының негізгі және қосымша түрлерін шектеу мүмкін емес болды, қоғамдық тамақтандыру орындары сияқты, жалға берілетін жеке пәтерлерде де сондай қызметтер көрсетіледі. Жаңа туризм мен қоғамдық тамақтандыру орындарының Қазақстанда пайда болуы ХХ ғасырдан бастау алады.

Соңғы кездері туризм бизнесіндегі қоғамдық тамақтандыру бизнесі әлемде пайдалы бизнестің біріне айналды. Ол өзімен қоса туризмді дамытады. Ал туризм болса, әлеуметтік тұрмыстық инфрақұрылымның салааралық кешені ретінде әлемдік экономикада басты рөлді алады, әлемдік ұлттық өнімнің 1/10 бөлігін қамтамасыз етеді. Сондықтан да алдағы кезеңде оның ең маңызды факторына айналмақ.

Қоғамдық тамақтандыру бизнесі туризм индустриясының құрамды бөлігі болып табылады. Туризм индустриясында қызмет көрсету маркетингінің қоғамдық тамақтандыру құралдары маңызды орынға ие болған. Қоғамдық тамақтандыру бизнесі дамыған бәсекелестік фирмалардың пайдалылығын төмендетеді деген пікір тараған, өйткені көбінесе қосымша бірқатар шығындарды талап ететін жаңа қызметтерді әзірлеуге, жарнамаға жұмсалатын шығындарды көбейтуге тура келеді, ал бұл іс-шаралар қомақты қаржыны талап етеді. Дегенмен, бәсекелестік артықшылық барлық уақытта пайданың қысқаруымен қатар жүрмейді. Ең маңызды бәсекелестік артықшылық фирманың экстенсивті дамуының есебінен жүзеге асырылмайды, ал оның қолданудағы құралдарының тиімді пайдаланылуын жоғарылатымен жүреді, яғни шығындарды төмендетумен, қызметкерлердің кәсіптілігін жоғарылату жолымен менеджментті жақсартумен және т.б.

Қоғамдық тамақтандыру дамыған орындарында ұзақ жолда әр баланың көңіл-күйіне, қоғамдық тамақтандыру жағдайына көңілді демалысына бар ықыластарын аударып, қамқорлық етуі, мейірімді, жылы жүзді қарым-қатынастары, ұстаздарға деген құрметі, өздерінің атқарып жүрген жұмыстарының білімді, білікті, білгір мамандары екенін танытты. Еліміздің экономикалық өсуі және халықтың әл-ауқатының жоғарылауы жағдайында мейрамхана бизнесі нарығы жеткілікті тартымды болып тұр. Бүгінгі таңда мейрамхана бизнесі экономикамыздың дамуының әлеуетті және болашағы зор салаларының бірі болып танылып отыр. Мейрамхана бизнесі-қонақтармен қарым-қатынаста қоғамдық тамақтандыру принциптеріне сүйенетін ықылас пен мейманшылдық таныту сияқты қызмет көрсету түрлерінен тұратын кәсіпкерлік түрі. Мейрамханалық бизнес еліміздің сырттан келушілерді тарту арқылы пайда көздерін ұлғайтуда алатын орны ерекше. Бұл нарықты дер кезінде зерттеу, тапсырыскерлердің қажетсінуін айқын анықтау және бәсекелестердің қызметін тұрақты талдау өзінің мүмкіндіктерін дұрыс бағалауға және дұрыс стратегиялық шешім қабылдауға мүмкіндік беретінімен байланысты.

Мейрамханалық бизнес-өндірумен, өңдеумен, өткізумен және тамақ өнімдерін тұтынуды ұйымдастырумен байланысты кәсіпкерлік қызмет [2].

Қазіргі уақытта Қазақстанның мейрамханалық бизнесінде көптеген мейрамханалар әрекет етеді және де олардың негізгі бөлігі Алматы қаласында шоғырланған. Сондықтанда олардың арасындағы бәсекелестікте осы жерде жоғарылайды. Осы күреске төтеп беру үшін, мейрамханалар көрсететін қызмет сапасын жоғарылатуы, бәсекелестік қабілетті бағаны ұстауы және басқа әдістермен әлеуетті тапсырыскерлерді өзіне тартуы керек.

Бұл саладағы зерттеулермен маркетинг айналысады.

Бүгінгі күнде мейрамханалық бизнестегі менеджмент тақырыбы өте көкейтесті болып табылады.

Қазақстандық фирмалар менеджмент саласында бірінші тәжірибелерін алуда.

Мейрамханалық бизнесте басқарудың алатын орны ерекше. Бұл нарықты дер кезінде зерттеу тапсырыскерлердің қажетсінуін айқын анықтау және бәсекелестердің қызметін тұрақты талдау өзінің мүмкіндіктерін дұрыс бағалауға және дұрыс стратегиялық шешім қабылдауға мүмкіндік беретінімен байланысты. Мейрамхана бизнесі мейрамханалық бизнесіндегі және туризм индустриясының құрамды бөлігі болып табылады. Туризм индустриясында қызмет көрсету маркетингінің орналастыру құралдары маңызды орынға ие болған.

Сарапшылардың айтуы бойынша, ҚР-да 1 адамға шаққанда мейрамханалық қызметке жұмсалатын орташа шығыстар басқа елдердің осындай көрсеткіштеріне қарағанда айтарлықтай төмен келеді. Мысалы, 2009 ж. ҚР-да үй сыртында қоғамдық тамақтандыруға жұмсалған шығындардың есебі ортамен 1 адамға шаққанда жылына 15 мың теңгедей құрапты. Бұл көрсеткіш басқа елдерге қарағанда айтарлықтай аз, мысалы, АҚШ-та-190 мың тг, Францияда-125 мың тг және Германияда-60 мың тг. Қазақстан көрсеткіштерінің мұндай қалып кетуі мейрамханалық нарықтың жоғары әлеуеті туралы және оның жеткіліксіз қамтылуы туралы куәландырады.

Мемлекеттік стандарттармен белгіленген бойынша дәстүрлі жіктемеде мейрамханалар үш сыныпқа бөлінеді: люкс, жоғары және бірінші, оның әрқайсысына белгіленген талаптар сәйкес келеді. Бірақ қазіргі кезде басқа бөлініс көп байқалады: элиталық, орта сыныпқа арналған мейрамханалар және дүңгіршектер. Соңғы жылдары қоғамдық тамақтандыру бизнесі түрлі басқа бизнес салаларының инвесторларын көптеп қызықтырып жүр. Еліміздің экономикалық өсуі және халықтың әл-ауқатының жоғарылауы жағдайында қоғамдық тамақтандыру бизнесі нарығы жеткілікті тартымды болады. Қоғамдық тамақтандыру кәсіпорындары клиенттерін үнемі ағылып келуін қамтамасыз ететін маңызды зор кейбір ұғымдар бар. Сондықтан мейрамханалардың көбісі орталық аудандарда орналасқан. Мұны қала тұрғындары мен қонақтардың уақыт өткізу үшін қала орталықтары қызықтыратындығымен түсіндіруге болады.

Мемлекеттік стандарттармен белгіленген бойынша дәстүрлі жіктемеде мейрамханалар үш сыныпқа бөлінеді: люкс, жоғары және бірінші, оның әрқайсысына белгіленген талаптар сәйкес келеді. Бірақ қазіргі кезде басқа бөлініс көп байқалады: элиталық, орта сыныпқа арналған мейрамханалар және дүңгіршектер. Соңғы жылдары қоғамдық тамақтандыру бизнесі түрлі басқа бизнес салаларының инвесторларын көптеп қызықтырып жүр. Еліміздің экономикалық өсуі және халықтың әл-ауқатының жоғарылауы жағдайында қоғамдық тамақтандыру бизнесі нарығы жеткілікті тартымды болады. Қоғамдық тамақтандыру кәсіпорындары клиенттерін үнемі ағылып келуін қамтамасыз ететін маңызды зор кейбір ұғымдар бар. Сондықтан мейрамханалардың көбісі орталық аудандарда орналасқан. Мұны қала тұрғындары мен қонақтардың уақыт өткізу үшін қала орталықтары қызықтыратындығымен түсіндіруге болады.

Мейрамханалық бизнесіндегі дамыған бәсекелестік фирмалардың пайдалылығын төмендетеді деген пікір тараған, өйткені көбінесе қосымша бірқатар шығындарды талап ететін жаңа қызметтерді әзірлеуге, жарнамаға жұмсалатын шығындарды көбейтуге тура келеді. Дегенмен бәсекелестік артықшылық барлық уақытта пайдалылықтың қысқаруымен қатар жүрмейді. Ең маңызды бәсекелестік артықшылық фирманың экстенсивті дамуының есебінен жүзеге асырылмайды, ал оның қолданудағы құралдарының тиімді пайдаланылуын жоғарылатымен жүреді, яғни шығындарды төмендетумен, қызметкерлердің кәсіптілігін жоғарылату жолымен менеджментті жақсартумен және т.б. [4].

Қоғамдық тамақтандыру нарығының құрылымы оның дамуының түрлі кезеңдерінде өзгеріп отырды. 1990 жылдардың бірінші жартысында нарықтың сөзсіз көшбасшы болып қымбат мейрамханалар мен асханалар, дүңгіршектер болды. Және де бұл жағдай қалталы және төмен тұратын қоғам мүшелерінің құрылымына сай келетін. Бұдан кейінгі ұзаққа жалғасқан экономикалық өсу бұрынғы жіберіп алғанның орнын белсенді толтыра бастаған орта сыныптың өмірлік деңгейі мен қал-жағдайын жоғарылатты, нәтижесінде, соңғы жылдары және әлемдік қаржылық кризистің басталуына таяу нарықтың дамуына негізгі қаржыны демократиялық сегменттегі кәсіпорындар салды: кафетерийлер, жолдағы, базарлардағы тез тамақтанып шығу орындары, шұғыл дәм әзірлеу бутиктері т.б. Бұлардың ішінде жеңіл-желпі тез тағам дайындайтын орындардың бөлігі арта түсті, олардың жылдық өсімі 25–30 % құрылып отырды. Өз кезегінде элиталық мейрамханалардың сегменті өсу қарқынын төмендетті.

Солай ҚР-да мейрамханалық салада салмақты нарықтық тәжірибе және көп жылдық дәстүрлер жоқ. Сонымен қатар бизнесті жүргізуге көмек беретін тәжірибеден өткізілген әдіснамалық база жоқ. Бизнестің басқа салаларынан мейрамханалық нарыққа келген инвесторлардың тағы бір қателігі (көптен кездесетін)-біліп және түсінетін дәстүрлі асханаға мөлшерлемелерін қояды. Бірақ бұл жеткіліксіз. Мейрамхана кіріс түсіре бастау үшін мақсатты аудиторияны тарту және ұстап қалу үшін мақсатталған сауатты маркетингтік саясатты құру қажет. Сондықтан кәсіпорындардың ашылуы туралы халықты алдын ала ақпараттандырып қою қажет, содан соң бұрынғыларды ұстап қалумен қатар жаңа тұтынушыларды тарта отырып, кәсіпорындарға ағымдық қызығушылықты ұстап қалу қажет.

Бірақ қазіргі дағдарыс жылдарға байланысты үйден тыс жерде мейрамхана сұранысты бірінші кезекте тұрады деу қиын, сондықтан кризистің кесірінен халық үйінен тыс жерде тамақтандырудан үнемдей бастады. Оның үстіне әжептәуір тағамдар мен жоғары деңгейдегі қызмет көрсетуді, жаңадан ашылған мейрамханалардың бірқатары ұсынады. Осыған қарамастан, олар туралы сәтті жобалар деп айту әзірше

ертерек. Олардың әуелгі көтерген межеден төмендемеуіне, әрине, сенгіміз келеді, бірақ тәжірибенің көрсетуінше, бұл толық мүмкін. Оңтүстік астананың мейрамхана бизнесі нарығында келесідей тұжырымдама бұрыннан белгіленген: кәсіпорын ашылады, өзінің дәмді тағамдары мен керемет интерьерлері туралы бар дауыспен жариялайды, ал біраз уақыт өткеннен соң, осы қызмет көрсетуде, дәмді астар дайындауда толығымен бұзылады. Тұрақтылық жоқ [5].

Мейрамхана бизнесі-кәсіпқой еместер бизнесі. Әрине, мейрамхана бизнесімен айналысуға бел буған адамдардың кездесетін қиындықтарын түсінуге болады. Кадрлардың жетіспеушілігі, қазіргі аспазшылық мектебінің болмауы, бәрінен бұрын кеңестік общепиттен қазіргі мейрамханалық іске көшу жай нәрсе емес және біліктілікті тәсілдемені талап етеді. Еуропалық рестораторларға, олардың қоғамдық тамақтандыру бизнесі ісіндегі көп жылдық дәстүрлі тәжірибелерімен, әрине, қиындықты өтпелі кезеңде мейрамхана бизнесі нарығын игеріп отырған отандық кәсіпкерлерге қарағанда, оңай.

Дағдарыс жағдайындағы мейрамхана желілерінің басшылары шешетін негізгі мәселелер келесілер: персонал жетіспеушілігі, өнімдердің бағасының өсуі және ҚР-дағы франчайзингтің әлсіз дамуы. Бірақ нарықтың басты мәселесі-қажет параметрлерге жауап беретін және жоғары өтімділігі бар жерде орналасқан орын ғимарат табу. Осынысымен мейрамхана саладағы басшылардың сауда орталықтарына қызығушылығы түсіндіріледі-онда аландар және келушілердің жоғары ағымы бар. Жеке ғимараттарда мекеме ашуға жылжымайтын мүлікке деген жоғары бағалар кедергі болды. Бұл жағдайдан қоғамдық тамақтандыру кәсіпорындардың қызметіне бағаның көтерілу есебінен өсу қарқыны және қоғамдық тамақтандыру айналымының өсуі туралы айтуға болады.

Жоғарыда аталған бірқатар мәселелерге мемлекет тарапынан қолдау көрсетіліп, мейрамханалармен айналысатын кәсіпкерлер стратегиялық жоспармен жұмыс жасаса, бұл сала біздің елде өркендеп үлкен пайданың қайнар көзіне айналар еді.

Қазақстанда туризмнің даму жолындағы мейрамхана бизнесінің алдағы жылдары жетістікке жетуге жоғары мүмкіндігі бар.

Әдебиеттер тізімі

1. Дайырбеков О.Д., Алтынбеков Б.Е., Торғауытов Б.К., Кенесариев У.И., Хайдарова Т.С. Қоғамдық тамақтандыру орындарындағы аурудың алдын алу және сақтандыру бойынша терминологиялық сөздік.- Шымкент: Ғасыр-Ш,

2. Райс В. Контроль издержек в ресторанном бизнесе.-М.: Креатив Холдинг, 2006.-С. 6,

3. Пикалев А., Маевская А. Как увеличить доход ресторана, бара, кафе.-СПб.: Бизнес-пресса,-С. 18-32.

4. А.Б. Молдашев, Г.А. Никиина, Л.И. Луецкий, Г.Я. Гусева. Концептуальные основы продовольственной безопасности Казахстана. –Алматы, 2009ж. 28б

5. А.М. Мырзахметова. ВТО и внешняя торговля Казахстана. – Алматы: Қазақ университеті. 2009

ӘОЖ 338.46

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ТЕЗ ТАМАҚТАНУ МЕЙРАМХАНАЛАРЫНЫҢ ҚАЗІРГІ ДАМУ ТЕНДЕНЦИЯСЫ

ҚҰРМАНҒАЛИ Ә.Б.

Студентка,

Ғылыми жетекші: Аешова Н.Т.

Туризм және мейрамхана ісі кафедрасы, аға оқытушы
Карагандинский экономический университет Казпотребсоюза

XX ғасырда өнеркәсіп революциясы кезеңінде адамдардың көшуі, саяхаттауы жиілей түсті де, орта класты ауқаттылар тобы пайда болды. Осыдан бастап, мейрамхана бизнесінің қазіргі кезеңінің құрылымы іске асады. Қазіргі таңда Англия өзінің француз, итальян, асханаларымен қоса, тай, қытай, мексикан, испан, орыс, американ асханаларымен белгілі. Лондонда Тауэр атты көне түрме ғимаратын француз Конран сорпа асханасы ретінде ашып, қазіргі таңда атакты мейрамханалар желісіне айналдырған. Әлем бойынша тамақты тез дайындайтын мейрамханалар танымалдыққа ие. Олардың ішіндегі ең белгілілері – гамбургерлер мен қуырылған картопқа мамандандырылған McDonald's, пиццаға мамандандырылған Pizza Hut, Domino, Little Ceasar, бифштекс дайындайтын Sizzler, теңіз өнімдерінен тамақ дайындайтын Red Lobster және т.б.

Англияда жоғары класты мейрамханаларында үстел үстінде міндетті түрде клиенттер қолын шаю үшін лимон немесе шабдалы салынған ароматты сұйықтық қояды. Еуропада арзан жерде тамақтану үшін қытай және үнді асханаларына, ал орташа, жоғары класты тамақтануға ұлттық стильдегі, француз, итальян, т.б. мейрамханаларға барады. Арнайы мейрамхана критиктері жүйесі қалыптасқан, рестораторлар ассоциациясы жұмыс атқарады [1].

Қазіргі кездегі мейрамхана бизнесінің даму тенденциялары мынадай:

- Мейрамхана және қонақ үй ұсыныстарының тереңдетіліп мамандануы;

- Халықаралық қонақ үй және мейрамхана желілерінің пайда болуы;

- Шағын мекемелер жүйесінің дамуы;

Қонақжай индустриясына жаңа компьютерлік технологияларды енгізу.

Қазіргі кезде Қазақстанды да «Pepsi», «Reebok», «Happy Lon», «Mimioriki», «Subway», «KFC», «Burger King», «McDonalds» және басқа да фирмалардың танымал тауар таңбаларымен белгіленген тауарлар және қызметтермен ешкімді таңдандыра алмайсың. Бұл таңбалар туралы тұтынушының ойында біржақты жоғары абыройы бар белгілі - бір өндірушімен байланыстырылады және тауарлар мен қызметтердің жоғары сапасы бар екенін қосымша көрсетеді. Осы тауарлардың ел ішінде және барлық әлем бойынша таратылуының ең бір тиімді ағымы - біздегі аз танымал франчайзинг.

«Франчайзинг» термині француздық «franchise» - жеңілдік, артықшылық, сонымен қатар салық пен жарналардан босату сөзінен пайда болған. Франчайзингтік қатынастар желі қатысушыларына бірқатар артықшылықтар ұсынуымен тартымды: біріншіден, жаңа кәсіпкерлерге - табысы тұрақты бизнестің көмегімен өзіндік кәсібін ұйымдастыруға мүмкіндік береді, екіншіден, танымал компаниялардың нарықтағы қызметін кеңейту және нығайту жолы, үшіншіден, мемлекеттің кәсіпкерлікті қолдаудағы тиімді тетігі болып табылады [2].

Дегенмен бұл бизнес технологиясы біздің өмірімізге және әр адамның ауқаттылығына нақты кіргенін белгілеу қажет. Экономиканың көптеген сфералары мен салалары едәуір дәрежеде франчайзингпен төмендетіледі және оған тәуелді. Қазақстандық тұтынушылардың талғамдарына сәйкес біздің елдің менталитеті көбіне үй тағамдарын тұтынуға бейім. Алайда, қазіргі нарықтық жағдай, елдің бас қалаларындағы халықтың сұранысы жылдам тамақтандыру орталықтарына артып отыр. Тамақты үйде дұрыстап дайындауға мүмкіндігіміз болмағанда, біз оны қолайлы, тиімді тамақ ретінде тұтынамыз. Сонымен қатар фастфуд сататын дүкендер өздеріне әдемі жарнамаларымен, төмен бағаларымен, жылдам әзірленуімен тұтынушылардың назарын аудартады [3].

Қарағанды қаласының 40 жасқа дейінгі тұрғыны кем дегенде жылына бір рет фаст фуд өнімдерін тұтынады. Ал, гамбургер өнімін тұрғындардың 54% - ы кем дегенде айына бір рет тұтынады. Ал 1/3-і кем дегенде аптасына бір рет тұтынады. Бұл статистикадан көретініміз, жылдам тамақтандыру орынына деген сұраныс жыл сайын артып келеді. Тағамдардың зияндығына қарамастан, жылдам тамақтандыру орталықтарының тиімді жүргізілген стратегиясы мен қолданылған тактикалары, маркетингтік іс - шаралары, маркетингтік коммуникациялық технологиялар осы саланың дамуына бірден-бір себеп.

Қаламыздың жылдам тамақтандыру өнімі- гамбургердің басты бәсекелесі - донер. Ал, әлеуетті бәсекелесі - пиццалар. Сондықтан нарықтағы бәсекелестіктің күшті болуы, нарыққа жаңа тауарлардың шығуын қамтамасыз етіп отыр.

Қарағанды қаласының тұрғындарының психологиялық факторына сай, олардың көпшілігінің пікірінше фаст- фуд өнімдері - негізгі түскі және кешкі ас арасындағы, қосымша тағамдар қатарына жатады. Осы жағдай фаст- фуд өнімдерінің зияндығына қарамастан сатып алушылардың әлі де болса адал тұтынушы болуын қамтамасыз етіп отыр.

Қарағанды қаласының экологиялық жағдайлары мен басқа да факторларына сәйкес, қалада жылдам тамақтандыру орталығын салудың негізгі критерийлеріне мыналарды жатқызуға болады. Яғни, тазалық 88%, қолжетімді баға 69%, бос орындардың болуы 63%. Жоғарыда атап өтілген осы және өзге де жағдайлар қаланың жылдам тамақтандыру нарығына айқын сипаттамалар береді.

Қарағанды қаласында қазіргі уақытта жұмыс істеп тұрған “KFC - Ростикс” (Kentucky Fried Chicken немесе KFC - (ағыл. Kentucky Fried Chicken - Кентуккиден әкелінген қуырылған тауық еті) - фаст - фудтың америкалық мейрамхана желісі, тауық етінен жасалған фирмалық тағамдар - майға қуырылған тауық аяқтарын әзірлейді) фаст- фудтар желісінің төменде келтірілген бөлімшелері бар.

1. KFC CityMall сауда, ойын-сауық орталығында, Бухар-Жырау проспекті, 59/2;
2. KFC Флаг проспекті Республикасы, 34/2.

Кесте 1 - Ростикс KFC тағамдарының калориялығы [3]

Тағам атаулары	Тағам массасы, г	Белок	Май	Көмірсу
Тауық	159	18,5	12,8	14,1
Тауық қанаттары	216	16,6	20,7	15,4
Тауықтан дайындалған стрипстер	140	22,3	10,3	15,8
Сэндвичтер	253	9	17,6	21,3
Бургерлер	258	12,8	11	22,6
Фри картобы	240	22,3	11,8	15,9
Чикен попкорн	100	3,8	15,5	30,1

Адамның денсаулығы үшін тиімді тамақтану білу өте маңызды. Тиімді тамақтану дегеніміз- құрамында түрлі қоректік заттардың толық мөлшері бар тамақпен ағзаны дұрыс, уақытылы қамтамасыз ету. Жақында американдық ғалымдар зерттеулер жүргізіп, өте жоғары температурада дайындалатын тағамдардың құрамынан адамның денсаулығына өте зиянды «акриламид» деген затты тапқан. Шаурма, донер- кебабтарға қоса гамбургер, хот дог, гриль, поп- корн, чипсы, картоптан жасалынатын фри, қақталған шұжық секілді тағамдар өте жоғары температурада дайындалады (кесте 1-де). Дәл осы тағамдарды ұзақ күнделікті пайдалану

салдарынан асқазан жарасы, созылмалы гастрит, өттің толуы, ұйқы безінің қабынуы, жүрек-қан тамыр аурулары, семіздіктің пайда болатыны, әсіресе ас қорыту жолдарына өте зиян екені анықталған.

Әдебиеттер тізімі:

1. Богушева В.И. Организация производства обслуживания на предприятиях общественного питания. Ростов-на-Дону: Феникс, 2008.
2. ҚР Президенті Н.Назарбаевтың "Қазақстан халқының әл - ауқатын арттыру - мемлекеттік саясаттың басты мақсаты" Қазақстан халқына Жолдауы // Егеменді Қазақстан. - 2008. 8 ақпан.
3. <https://abai.kz/post/15152>.

ӘОЖ 338.46

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ ЕМДІК-САУЫҚТЫРУ ТУРИЗМІ

ЖУМАДИЛ А.

Тур-13с/к тобының студенті,

ЖОЛАМАНОВА М.К.

"Туризм және мейрамхана ісі"

кафедрасының оқытушысы, магистр

Қазтұтынуодағы Қарағанды экономикалық университеті

Әлемдік экономикадағы аса жылдам дамитын салалардың бірі туризм екені сөзсіз. БҰҰ-ның дүниежүзілік туристік ұйымы және Халықаралық валюта қорының мәліметтері бойынша, туризмнің табысы жылына 3,5 трлн. АҚШ долларын құрайтын көрінеді. Бұл әлемдік ЖІӨ-нің 10,9 пайызына, әлемдік инвестициялардың 7 пайызына парапар сома. Әлем елдерінің саяхаттау және туризм секторының бәсекелестігі жөніндегі рейтингінде Қазақстан 8-ші орынға ие.

Елдегі туризмді дамыту үшін ҚР Дүниежүзілік туристік ұйымға мүшелігі де маңызды. Қазақстан ЮНВТО-ға 1993 жылы БҰҰ Дүниежүзілік туристік ұйымының толық мүшесі ретінде кірді, оның құрамына 153 ел кіреді. 2007 жылдан бастап Қазақстан Республикасы Атқарушы Кеңестің — осы беделді халықаралық ұйымның басқарушы органының мүшесі болып табылады, әлемдік туристік саясатты әзірлеуге, саланың жаһандық мәселелері бойынша шешуші шешімдер қабылдауға белсенді қатысады. Қазақстанда демалыс түрлері өте көп. Олар:

Белсенді туризм-мұнда уақытты тиімді өткізу үшін экстремалды және спорттық тәсілдер енгізілген, қонақтарда тау және су туризмі, сондай-ақ жаяу жорықтар танымал.

Жағажай туризмі-еліміздің түкпір-түкпірінде демалып, шомылуға болады, бірақ ең дамыған сервис Қапшағай, Балқаш және Каспий жағалауы курорттарын ұсынады.

Ауыл және экологиялық туризм-оның танымалдығы сарқылмайтын табиғи байлықтарға және әдемі пейзаждарға негізделген, мұнда тауларды, далаларды, теңіздерді, сарқырамаларды, тіпті шөлдерді, ал солтүстікте Сібірдегідей қатал қысты көруге болады[1].

Емдеу-сауықтыру туризмі – оның дамуы Қазақстандағы емдік климатпен, бальнеологиялық құрамдастың болуымен, танымал курорттар-Сарыағаш, Бурабай, Рахман қайнарлары, Алакөл және т.б.

Мәдени-тарихи демалыс-көрнекті орындарды қарау, мұражайларға бару, этнографиялық туризм, Қазақстан халықтарының тарихын зерттеу кіреді.

Бұл елде отбасылық демалыс пен балалар-жасөспірімдер туризмі танымал, мысалы, құрдастары – оқушылар немесе студенттер топтары. Спорттық іс-шаралар, театрларға, мәдениет нысандарына бару, жаяу серуендеу және көлікті пайдалану арқылы экскурсиялар қажет.

Емдік сауықтыру туризмі туристік классификация ішінде өзіндік орны бар. Соған орай елімізде емдік сауықтыру рекреациялық ресурстарын зерттеу талдау мәселелері қолға алынуда. Адамдардың рекреациялық қызметі бірнеше аспектілерден тұрады: медико-биологиялық, әлеуметтік-мәдени, экономикалық болып. Рекреациялық қызметінің ең негізгі аспектісі медико-биологиялық болып табылады. Оның құрамында - денсаулықты жақсарту, курортологиялық емдеу қажет ететін адамдарға көмек көрсету және аурудың алдын алу. Қазақстан халқының материалдық және мәдени өмірінің деңгейінің өсуі, өнеркәсіптің дамуы, Маңғышылақ түбегінің мұнай мен газ байлықтарының меңгерілуі, тың жерлерді игеріп, жаңа шаруашылықтардың құрылуы, сонымен қатар ауыл шаруашылықтың басқа салаларының дамуы, қайта құру кезеңіне дейін Қазақстан халқының санының ұдайы өсуіне әкеп соқты. Бірақ ол тек табиғи өсімнен ғана шектелмеді, Қазақстандағы басқа жерлерден халық қоныс аударды. Осының нәтижесінде курорттық-санаториялық емдеудің қажеттілігі өсті. Бірақ, егер біз емдеуге қажетті ғимараттардың салынуының және халықтың тұрмыс жағдайы қажет ететін ғимараттарды салудың нәтижесін Осы үстінде атап өткен елдегі туризм түрлерінің ішіндегі емдік-сауықтыру туризміне ерекше тоқталып өтсек. Өйткені "Сауықтыру туризмі бүгінгі таңда туристік салада маңызды орын алады. Біз маусымаралық турда туристерді алуға не айтамыз? Бүгін біздің азаматтарымыз демалу, сауығу үшін Еуропаның шипажайларын немесе арықтату үшін мыңдаған

шақырымға шетелдік курорттарға барады. Бізде ол үшін ең үлкен алғышарттар бар: минералды көздер бізде де бар, емдік балшықтар да бар, яғни біздің жеріміз осы тұрғыдан бай ", - деп атап кеткен елбасымыздың сөздері емдік-сауықтыру еліміз үшін өте керекті және өзекті екенін айтқан болатын [2].

Ғылыми әдебиетте алғаш рет рекреация термині ХІХ ғасырдың 90-шы жылдарының соңында АҚШ-та пайда болды. АҚШ Ұлттық туризм саясатын зерттеу орталығының мамандары берген рекреацияның бірнеше ерекше анықтамасы бар. Демалыс деп бос уақытты құру және дербес пайдаланумен айналысатын адамдардың қызметі түсініледі. Рекреация тиісінше, бұл денені қалпына келтіру, емделу-сауықтыру және осы қызмет түрлерін пайдалану. Рекреация латын тілінен аударғанда демалыс, қалпына келтіру дегенді білдіреді.

Қазақстанда шипалы су шығатын әрі емдік балшығы бар табиғаты ғажап әдемі жерлер көп. Мұндай шипалы су, емдік балшығы бар, табиғаты көрікті жерлерде емдеу-сауықтыру, демалыс үйлері салынған.

Қазақстанда демалуға және денсаулықты түзетуге болатын көптеген шипажайлар мен емдеу орындары бар. Қазақстан санаторийлерінде емдеу табиғи емдік көздерді пайдалана отырып жүргізіледі, тиімділікке жету үшін ең заманауи жабдықтар да пайдаланылады[3].

Білікті медициналық көмек ала отырып, демалуға және бір уақытта денсаулығын түзеуге арзан – ұсыныс өте алдамшы. Бірақ бұл бүгінгі күні Қазақстанда іс жүзінде жүзеге асуда ма? Көбіне осы сұраққа ауап беруге қиналып қалулары мүмкін. Қазақстанда көптеген шипажайлардың болуы арқасында-мұның бәрі қолжетімді. Бізде Қазақстанда барлығы бар! Емдік балшықты ванналар, ыстық родонды көздер, емдік минералды сулар, пантымен емдеу, тұзды шахталар және т.б.

Кейбір шипажайлар бұрыннан жұмыс істеп келеді және қазақстандықтар арасында өте танымал, мысалы: "Сарыағаш", "Мойылды", "Рахман қайнарлары", "Жосалы" және т. б. шипажайлар бар. Қазақстан шипажайлары-басқа елдердегі қымбат емнің тамаша баламасы. Оның дамуы үшін елімізде бүгінде көп жұмыстар атқарылуда. Қазақстан тұрғындары мен қонақтарының қызметтеріне – ең жақсы шипажайлар мен емдеу орындары, пансионаттар және инфрақұрылымы дамыған заманауи курорттық-сауықтыру кешендері. Жоғарыда айтып өткен шипажайлардың халық және келушілер арасындағы танымал түрлеріне тоқталсақ.

"Жосалы" шипажайы өзінің химиялық құрамы бойынша бірегей минералды суларымен танымал. Бұл жерде балшық ванналарын, минералды суландыруды, физикалық және озонкеритті емшараларды қолдану арқылы созылмалы гинекологиялық ауруларды емдеуге көмектеседі.

"Рахман қайнары" шипажайы теңіз деңгейінен 1760 м биіктікте – тауларда, ұлттық парктің қорық аумағында және ботаникалық-минералогиялық қаумалда, Өскемен қаласынан 450 км қашықтықта орналасқан. Жергілікті көздердің емдік сулары жүйке жүйесін қалпына келтіреді, регенерация процесін тездетеді, зат алмасуын жақсартады. Минералды радонды сулармен емдеу жүрек және қан тамырлары, тірек-қимыл, тыныс алу, эндокриндік жүйе, несеп-жыныс жүйесі, АІЖ, тері, урология және гинекология ауруларында ұсынылады.

"Сарыағаш" емдеу-Оңалту кешені теңіз деңгейінен 450 м биіктікте - Шымкент қаласынан 130 км қашықтықта және Ташкент қаласынан 18 км қашықтықта орналасқан. Бұл Қазақстандағы ең көне емдеу орындарының бірі. Емдеудің негізгі құралы-асқазан, ішекте қабыну процестерін жоятын минералды су, асқазан, ішек жараларының тыртықтануына ықпал етеді, қандағы холестерин деңгейін төмендетеді, зат алмасуын жақсартады, қандағы қант деңгейін қалыпқа келтіреді, асқазан әсерінің қышқылдығын реттейтін күшті, несеп айдайтын, өт айдайтын қасиеттерге ие. Жүйке жүйесі мен ішкі секреция бездерінің функционалдық жағдайына қолайлы әсер етеді, иммунитеттің қалпына келуіне ықпал етеді, зат алмасуды жақсартады.

Аталып өтілген шипажайлар еліміздегі барлық шипажай емдік орталықтарының аз ғана түрі. Еліміздегі шипажайлардың халыққа және келушілерге қызмет көрсетуі өте жоғары деңгейде[4].

Қазақстанның химиялық құрамы әр алуан минералды бұлақ көздері, шипалы балшығы бар көлдері, тынығуға әдемі көрікті жерлері курорт-санаторий жүйелерін дамытуға өте қолайлы. Қазір Республикамызда 120-дан астам курорт, санаторий, демалыс үйлері бар.

Минералды сумен емдейтін санаторийлерге Түркісіб, Сарыағаш, Алма-Арасан, Барлық-Арасанды жатқызуға болады. Шипалы балшықпен емдейтін санаторийлерге Шортанды, Мойылды, Атырау, Жанақорған санаторийлері жатады. Қазақстанның санаторий-курорттарында климатпен емдеудің бірнеше түрлері: гелиотерапия - күн сәулесімен емдеу, азототерапия - ауамен емдеу, мезгіл-мезгіл таза ауада болу (терренкур), жаяу туризмге шығу т.б. емдеу әдістері қолданылады.

Шет елдердегі емдік-сауықтыру орталықтарымен бірдей деңгейге жету үшін мемлекет жағынан болсын, жеке кәсіпкерлік болса да өз үлестерімізді қосу басты міндетіміз. Жалпы біздің елдегі туризмнің қандай түрі болмасын даму қарқының сәл ақсап тұрғандығының әлсіз тұстарының болғандығында. Елдің табиғи, мәдени, әлеуметтік және экономикалық сипаттамалары:

Халық тығыздығының төмендігі – ішкі туризмнің дамуына, оның ішінде ел ішіндегі туристік өнімдерге деген сұраныстың төмен деңгейі арқылы кері әсерін тигізуі мүмкін.

Тарихи және мәдени ескерткіштерді туристік маршруттарға енгізудің жеткіліксіз деңгейі – мәдени, патриоттық тәрбиелеу, сондай-ақ жекелей алынған өңір экономикасын дамыту үшін олардың едәуір әлеуетін толық көлемде пайдаланбау, оның ішінде елдегі ірі тарихи және мәдени ескерткіштерге түсетін едәуір туристік жүктеме, аз танымал мәдени ескерткіштерді әлсіз ілгерілету.

Туризм саласындағы білікті кадрлардың жетіспеушілігі – оның ішінде білімнің академиялық сипаты, білім беру бағдарламаларының еңбек нарығының талаптарынан, өндіріс қажеттіліктерінен, жұмыс берушілер күтулерінен және т.б. біршама алшақ болуы.

Сыртқы қаржыландырудың жеткіліксіздігі: туризм саласына сыртқы (мемлекеттік, сол сияқты жеке) инвестициялардың жеткіліксіз саны.

Одан әрі жетілдіруді қажет ететін мемлекеттік қолдау құралдары, оның ішінде салықтық қолдау шараларын енгізу, кіру шарттылықтарын (визалық, көші-қон режимі) оңайлату, жер пайдалану режимін жетілдіру және т.б. арқылы саланың дамуын ынталандыру.

Туристік бизнестің дамуына ықтимал кедергілер, оның ішінде әкімшілік кедергілердің болуы, одан әрі жетілдіруді қажет ететін мемлекеттік қолдау құралдарының болуы.

Инфрақұрылымның (көлік, коммуналдық желілер, Мемлекеттік шекарадан өткізу пункттері, жолдардың жай-күйі, елді мекендер арасындағы едәуір арақашықтық және т.б. жеткіліксіз дамуы, оның ішінде туристік индустрияның көптеген объектілерінің елеулі физикалық және моральдық тозуы, туристік сыныптағы қонақ үйлердің жетіспеушілігі, туризм орындарында инженерлік, көліктік және әлеуметтік инфрақұрылымның жеткіліксіз дамуы, туристік объектілерге қол жеткізудің қиындығы, туристер демалатын орындардағы қызмет көрсету деңгейінің төмендігі, жол маңындағы инфрақұрылым объектілерінің жеткіліксіз саны және сервис сапасының төмендігі.

Әуебилеттеріне жоғары бағалар, ұлттық аз бюджетті әуе тасымалдаушыларының жоқтығы, туристердің әлеуетті ағынын қамтамасыз ететін елдерден жаңа кіру әуе маршруттары, сондай-ақ Қазақстан Республикасында туризмді дамытудың кластерлік үлгісінде болып айқындалған басты туристік дестинациялар бағытындағы ішкі әуеаршруттар санының аздығы.

Туризмнің жұмыс істеуі, қызметтер көрсету мен даму:

Орналастыру орындарын айқындаудың, сондай-ақ белгілі бір орналастыру орындары түрлеріне қолданылатын стандарттардың болмауы бөлігінде, туризм индустриясын және қонақ үй бизнесін нормативтік реттеудің жеткіліксіз деңгейі, заңнамада қызметкерлер мен жұмыс берушілерге қатысты қолданылатын әлеуметтік туризмді реттеу қағидаларының болмауы (туристік ваучерлер/сертификаттар жүйелерінің болмауы), туристік саланы салықтық ынталандыру шаралары.

Туристік жобаларды дамытуға, сондай-ақ туристік дестинацияларды ілгерілету бөлігінде өңірлік және жергілікті билік тарапынан туризмді дамытуды қолдау жеткіліксіз.

Халықаралық нарықта Қазақстанның туристік әлеуеті туралы ақпараттың болмауы.

Туризм индустриясын және әріптестікті дамытуға мүдделі тұлғалар:

Мүдделі тұлғаларға қолжетімділіктің жеткіліксіздігі, дәлірек айтқанда мүдделі тұлғалардың ақпаратына шектеулі қолжетімділік.

Жұмылдырылған тараптардың, оның ішінде сабақтас салалар мемлекеттік органдарының, сондай-ақ туристік сала жеке секторының сектораралық ынтымақтастығының төмен деңгейі.

Халықаралық туризм нарығында қолданылатын тәжірибе мен практикалық білімдердің жеткіліксіздігі, туристік жобаларды дамытудағы ноу-хаудың болмауы.

Ынтымақтастық саласындағы төмен өнімділік.

Туристік инвестициялық жобаларды әзірлеу мен іске асыру процесінде кәсіпкерлердің төмен белсенділігі. «Қазақстан-2050» стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты.

Бірақ бұларға қарамастан қазірде туристік жағдай қарқынды алға жылжып келе жатқандығын байқаймыз.[5]

Қорытындылай келетін болсақ, еліміз табиғат байлықтарына өте бай. Азия мен Еуропаның алтын көпірі болып отырған мемлекетіміз өзінің терең тарихы мен салт-дәстүрімен, керемет сұлу табиғатымен, қонақжай халқымен қазірде көптеген шетелдіктердің қызығушылығына ие болуда. Көз тартатын көркем табиғатымыздың тек қана сұлулығын қызықтап келмеген қонақтарымыз демалыпта, сауығыпта үлгереді. Шетел демалыс сауықтыру орындарынан кемде кем емес еліміздегі сауықтыру орындары ел игілігіне және елімізге келген қонақтарға жұмыс атқаруда. Елбасымыздың кемел саясатының арқасында қазірде алға көптеген жоспарлар мен тапсырмалар жасалынып жатыр. Дамыған 50 елдің қатарына кіру, экономикалық даму, елдегі азаматтар мен шет ел қонақтарына сапалы қызмет көрсету, жұмыс орындарының ашылуы, бұның барлығы еліміздің болашағы үшін ары қарай дамуы үшін өте үлкен факторлардың бірі. Туризм тек қана қызмет көрсету саласы ғана емес түгелімен елдің тарихын, табиғат байлықтарын айқын көрсететін елдің бет бейнесі ретінде қалыптасу қажет. Қазіргі замандағы табиғи өнімдердің аздығы, халықтың көпшілігі мегаполистерде тұруы, үнемі жұмыс басты болуы, рухани да моральді түрде де ем алып таза ауада тынығу керектігін дәлелдеуде. Курорттық орындар, шипажалар дененің қалпына келуіне өзін табиғаттың бір бөлшегі ретінде сезінуніе ықпал етеін бірден бір мүмкіндік. Басқа туризм турлеріне қарағанда осы емдік-сауықтыру туризм адамға беретін көмегі өте мол. Емделесің де, демаласы да, сауығып қалпыңа келіп жаңа белестерді бағындыруға дайын боласың. Қай сала болмасын ел игілігі үшін қызмет атқарады. Келешекте алдыңғы қатарлы елдердің қатарында болуға біздің мүмкіншіліктеріміз өте көп және соларды дұрыс пайдаланып елімізді бай қуатты мемлекеттер арасынан көреміз деген үлкен мақсатымыз бар.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Айдын С. Туризм саласының дамуындағы кездесетін мәселелері және оларды шешу жолдары// I түркі әлемі туризм құрылтай. –Түркістан, 2005. –129-133 б.
2. Курорты, санатории и лечебные местности Казахстана -Алматы.: Академия наук Казахской ССР,
3. <http://kk.wikipedia.org/wiki>
4. <http://shopomania.kz>
5. Ердаулетов С.Р. Туризм географиясы: Тарихы теориясы қолдану әдісі практикасы – А.: «Атамұра», 2000.- 336б.

УДК: 339.9(574)

СОТРУДНИЧЕСТВО КАЗАХСТАНА И РОССИИ В СФЕРЕ ТУРИЗМА

КИРСАНОВА К.

студентка группы Тур-22

Научный руководитель: Жуспекова А.К.

к.э.н., доцент кафедры «Туризм и ресторанное дело»

Карагандинский экономический университет Казпотребсоюза

Новые возможности развития туризма между Республикой Казахстан и Российской Федерацией обсудили сегодня в Астане. В рамках XIII-ого Форума межрегионального сотрудничества между Республикой Казахстан и Российской Федерацией состоялась панельная сессия на эту тему. В ходе нее представители казахстанских и российских госорганов, туроператоров, ассоциаций обменялись идеями и достижениями в сфере развития туристского рынка, обсудили потенциал и возможности дальнейшего взаимодействия двух стран в этой области в условиях развития интеграционных процессов на евразийском пространстве. Открывая работу сессии, модератор - заместитель Председателя Правления Национальной палаты предпринимателей Республики Казахстан «Атамекен» Юлия Якупова отметила высокий потенциал для развития казахстанского туризма и сотрудничества в этой сфере Республики Казахстан и Российской Федерации.

«Наша целевая группа проблем - дороги и транспортная доступность, качество услуг в гостиницах, особенно в регионах, информационное сопровождение достопримечательностей. Эти проблемы, думаю, остро стоят для обеих наших стран. С другой стороны, и потенциал нашего сотрудничества в туристской сфере очень мощный. Мы готовы делать трансграничные маршруты, повышать транспортную доступность путем запуска чартерных и расширения географии регулярных авиарейсов и железнодорожного сообщения», - отметил Юлия Якупова.

Она подчеркнула, что сейчас одна из важнейших задач, которая стоит перед Национальной палатой предпринимателей Казахстана, консолидация совместных усилий туркомпаний, гостиниц, объектов питания, авиаперевозчиков, транспортных компаний для повышения качества предоставляемого турпродукта и расширения ассортимента туристских предложений. Вице-министр по инвестициям и развитию Республики Казахстан Тимур Токтабаев подчеркнул ежегодно увеличивающийся поток туристов из России в Казахстан.

«В 2015 году республика заняла 4-е место по популярности для выездного туризма российских граждан. Казахстан посетили 3 млн россиян. Наибольшей популярностью у соседей пользуются Щучинско-Боровская курортная зона, Баянаульский национальный парк в Павлодарской области, озера Балхаш и Алаколь, горнолыжный курорт «Чимбулак», - отметил он. [1]

Руководитель Федерального агентства по туризму Министерства культуры Российской Федерации Олег Сафонов отметил, что Ростуризм активно использует интеграционные инструменты для расширения сферы и возможностей российско-казахстанского взаимодействия. По линии Совета по туризму государств-участников СНГ продолжается работа по созданию общего туристского пространства СНГ, в которой активное участие принимает и Казахстан.

Проведение в рамках форума панельной сессии «Новые возможности развития туризма между Казахстаном и Россией» - убедительное свидетельство того, насколько конструктивна роль индустрии туризма в формировании структуры социально-экономических отношений наших стран, реализации культурно-познавательных и оздоровительных программ для населения», - сказал Олег Сафонов.

Заместитель Председателя Правления АО «НК «Астана ЭКСПО-2017» Ербол Шорманов, рассказывая о подготовке к проведению Международной специализированной выставки в Казахстане, сообщил, что свое участие в этом мероприятии подтвердили 103 страны и 17 международных организаций, включая Россию. Российский павильон является одним из самых крупных по площади и занимает более тысячи квадратных метров.

Министр физической культуры, спорта и туризма Оренбургской области Олег Пивунов отметил роль возрождения Великого Шелкового пути в развитии малого и среднего бизнеса, сервисной индустрии, туризма Казахстана и России.

